

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 888 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 888 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*

Жоба

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 16-17, 642-құжат; № 23, 929-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 7-құжат; № 4, 25-құжат; № 11, 56-құжат; № 14, 103-құжат; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 3-4, 16-құжат; № 5, 25-құжат; № 6, 42-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 3, 21-құжат; № 4, 28-құжат; № 5-6, 37-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2 -3, 16-құжат; № 9-10, 48-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50, 53-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 14, 15-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 85-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4 -5, 24-құжат; № 11, 61, 69-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 8, 42, 45-құжаттар; № 13, 68-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 19-II, 102-құжат; № 20-VII, 117, 119-құжаттар; № 22-I, 143-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; 2016 ж., № 7-I, 49-құжат; № 7-II, 53-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 12, 87-

құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 13, 45-құжат; № 21, 98-құжат; 2018 ж., № 11, 37-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 47, 50-құжаттар; № 19, 62-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 7, 37-құжат; № 15-16, 67-құжат; № 19-20, 86-құжат; № 23, 103-құжат; № 24-I, 118-құжат; 2020 жылғы 3 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 940-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Зиян: кәмелетке толмағандарға – он сегіз жасқа толғанға дейін; он сегіздегі және одан да ересек жастағы оқушыларға – күндізгі оқыту нысанындағы оқу орындарындағы оқуы аяқталғанға дейін, бірақ әрі кеткенде жиырма үш жасқа дейін; Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған адамдарға – өмір бойы; мүгедектігі бар адамдарға – мүгедектік мерзіміне; ата-аналарының біреуіне, жұбайына не қайтыс болған адамның асырауында болған балаларын, немерелерін, аға-інілері мен апа-сіңлілерін, қарындастарын күтумен айналысатын отбасының басқа да мүшесіне – олар он төрт жасқа толғанға дейін не денсаулық жағдайы өзгергенге дейін өтеледі.";

2) 1052-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ауруханаларда, санаторийлерде, өзге де емдеу-алдын алу мекемелерінде емделіп жатқан, сондай-ақ қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған үйлерде тұратын азаматтардың осы ауруханалардың, санаторийлердің, өзге де емдеу-алдын алу мекемелерінің бас дәрігерлері және кезекші дәрігерлері, сондай-ақ қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған үйлердің директорлары, бас дәрігерлері куәландырған өсиеттері;"

2. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 125-құжат; № 16, 129-құжат; № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 16-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 36, 41-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 94-құжат; № 18-19, 119-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 6-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63, 69-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 128, 131-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 11, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 19-II, 106-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21

-I, 121, 124-құжаттар; № 21-II, 130, 132-құжаттар; № 22-I, 140, 143-құжаттар; № 22-II, 144-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 7-II, 53-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 23, 119-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 6, 11-құжат; № 9, 18-құжат; № 10, 23-құжат; № 13, 45-құжат; № 14, 51-құжат; № 15, 55-құжат; № 20, 96-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 1, 2-құжат; № 7-8, 22-құжат; № 9, 31-құжат; № 10, 32-құжат; № 12, 39-құжат; № 14, 42-құжат; № 15, 47, 50-құжаттар; № 16, 55-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82, 83-құжаттар; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; № 5-6, 27-құжат; № 7, 37, 39-құжат; № 8, 45-құжат; № 15-16, 67-құжат; № 19-20, 86-құжат; № 23, 99, 106-құжаттар; № 24-I, 118, 119-құжаттар; 2020 жылғы 7 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 26 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 10 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй бағдарламалары операторларының санын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 8 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 51-баптың 1-тармағы 8) тармақшасының алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының аумағында жасалған жеңіл автомобильдерге (мүгедектігі бар адамдарға арнайы арналған қолмен басқарылатын немесе қолмен басқаруға бейімделген автомобильдерден басқа);";

2) 52-баптың 1-тармағы 8) тармақшасының алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының аумағында жасалған жеңіл автомобильдерге ( мүгедектігі бар адамдарға арнайы арналған қолмен басқарылатын немесе қолмен басқаруға бейімделген автомобильдерден басқа);";

3) 53-баптың 6) тармақшасының тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын :

"мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы;"

4) 54-баптың 1-тармағы 5) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын әлеуметтік көмек түрлерін қоспағанда, мүгедектігі бар балаларды қоса алғанда, қарттарды және мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қамсыздандыру;"

5) 55-баптың 1-тармағы 5) тармақшасының алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мүгедектігі бар балаларды қоса алғанда, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қамсыздандыру;"

6) 56-бапта:

1-тармақтың 4) тармақшасының үшінші және төртінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедектігі бар балаларды материалдық қамтамасыз ету;

жеке оңалту және абилитация бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекші, құлағы естімейтін мүгедектігі бар адамдар үшін – ымдау тілінің мамандарын ұсыну;"

5-тармақтың 7) және 9) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"7) мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерімен бірлесе отырып, мәдени-бұқаралық және ағарту іс-шараларын ұйымдастыру;"

"9) дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті органмен және мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерімен бірлесе отырып, мүгедектігі бар адамдар арасында сауықтыру және спорттық іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру;"

3. 2011 жылғы 26 желтоқсандағы "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 22, 174-құжат; 2012 ж., № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 13-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 6, 28-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 122-құжат; № 22, 128-құжат; 2015 ж., № 10, 50-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 8-II, 67-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 16, 56-

құжат; 2018 ж., № 14, 42-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 7, 36-құжат; № 21-22, 90-құжат; № 24-II, 120-құжат; 2020 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 8 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 147-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) ортақ, мүгедектігі бар баланы он сегіз жасқа толғанға дейін бағып-күтуді жүзеге асырып отырған, сондай-ақ он сегіз жасқа толған соң ортақ, мүгедектігі бар балаға I-II топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда көмекке мұқтаж жұбайының алимент төлеуді сот тәртібімен талап етуге құқығы бар.";

2) 148-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) ортақ, мүгедектігі бар баланы он сегіз жасқа толғанға дейін бағып-күтуді жүзеге асырып отырған, сондай-ақ он сегіз жасқа толған соң ортақ, мүгедектігі бар балаға I-II топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда көмекке мұқтаж бұрынғы жұбайының;"

3) 169-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Кодекстің 139-бабына сәйкес кәмелетке толмаған балаларға төленетін алимент бойынша берешектің мөлшерін алимент төлеуге міндетті адамның алимент өндіріп алынбаған кезеңдегі жалақысы мен өзге де кірісін негізге ала отырып, сот орындаушысы айқындайды. Егер алимент төлеуге міндетті адам осы кезеңде жұмыс істемеген болса немесе оның жалақысы мен өзге де кірісін растайтын құжаттар ұсынылмаса, ай сайынғы төлемдер және (немесе) алимент бойынша берешек сол берешекті өндіріп алу кезіндегі Қазақстан Республикасындағы орташа айлық жалақының мөлшері негізге алына отырып айқындалады.

Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдар үшін, егер борышкер осы кезеңде жұмыс істемеген болса, алимент бойынша берешек бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айқындалады.

Мүгедектігі бар адам болып табылатын борышкерлер үшін ай сайынғы төлем немесе алимент бойынша берешек – олардың ай сайынғы жалақысынан және өзге де кірісінен, ал егер олар жұмыс істемейтін жағдайда бюджет қаражатынан және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін ай сайынғы жәрдемақылардан және (немесе) әлеуметтік төлемдерден айқындалады.";

4) 222-баптың 3-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) жүріп-тұруы қиын, мүгедектігі бар адамдарды дәрігерлік-консультативтік комиссияның төрағасы куәландыруы мүмкін."

4. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 13-I, 13-II, 83-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 16, 79-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат.; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 67-құжат; № 12, 87-құжат.; № 23, 118-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 9, 21-құжат; № 14, 50-құжат; № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат.; № 23-III, 111-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 1, 2-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 46-құжат; № 16, 56-құжат; № 23, 88, 91-құжаттар; № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 7, 36-құжат; № 8, 45-құжат; № 15-16, 67-құжат; № 19-20, 86-құжат; № 23, 108-құжат; № 24-I, 118-құжат; № 24-II, 120-құжат; 2020 жылғы 5 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 26 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 26 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" 2020 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 8 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 43-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

" 3. Қоғамдық жұмыстарға тарту жүкті әйелдерге, үш жасқа дейінгі жас балалары бар әйелдерге, үш жасқа дейінгі жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға, әскери қызметшілерге тағайындалмайды. ";

2) 44-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бас бостандығын шектеу сотталған адамға алты айдан жеті жылға дейінгі мерзімге пробациялық бақылау белгілеуден және оны жазаны өтеудің бүкіл мерзімі ішінде жыл сайын бір жүз сағаттан мәжбүрлі еңбекке тартудан тұрады. Бас бостандығын шектеу сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша қоғамнан оқшауланбай өтеледі. Мәжбүрлі еңбекті жергілікті атқарушы органдар қоғамдық орындарда ұйымдастырады және күніне төрт сағаттан асырылмай өтеледі. Тұрақты жұмыс орны бар немесе оқып жүрген сотталғандар, кәмелетке толмағандар, жүкті

әйелдер, үш жасқа дейінгі жас балалары бар әйелдер, үш жасқа дейінгі жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ жазасы алты айдан аз мерзімге бас бостандығын шектеуге ауыстырылған сотталғандар мәжбүрлі еңбекке тартылмайды.";

3) 45-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қамаққа алу кәмелетке толмағандарға, жүкті әйелдерге, жас балалары бар әйелдерге, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға тағайындалмайды.";

4) 72-бапта:

төртінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жүкті әйелдерге, жас балалары бар әйелдерге, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату:";

жетінші бөліктің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) қылмысты абайсызда жасаса, сол сияқты жүкті әйел, жас балалары бар әйел, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркек, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйел, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркек, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар қылмыстық теріс қылық, қасақана онша ауыр емес қылмыс жасаған жағдайларда, жаңа қылмыс үшін жаза тағайындау кезінде шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жою не оны күшінде қалдыру туралы мәселені сот шешеді. Егер сот шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жойса, жаза үкімдердің жиынтығымен жаза тағайындау қағидалары бойынша тағайындалады;";

5) 152-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Әйел адаммен еңбек шартын жасасудан негізсіз бас тарту немесе оның жүктілігіне байланысты еңбек шартын негізсіз тоқтату немесе үш жасқа дейінгі балалары бар әйелмен осы себептер бойынша еңбек шартын жасасудан негізсіз бас тарту немесе еңбек шартын негізсіз тоқтату, сол сияқты мүгедектігі бар адаммен оның мүгедектігі себебі бойынша не кәмелетке толмаған адаммен оның кәмелетке толмағандығы себебі бойынша еңбек шартын жасасудан негізсіз бас тарту немесе еңбек шартын негізсіз тоқтату – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бір жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады."

5. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 15-I, 15-II, 88

-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 20-VII, 115-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 67-құжат; 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 126, 129-құжаттар; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 8, 16-құжат; № 14, 50, 53-құжаттар; № 16, 56-құжат; № 21, 98, 102-құжаттар; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 1, 2-құжат; № 10, 32-құжат; № 16, 53, 56-құжаттар; № 23, 91-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 7, 36-құжат; № 19-20, 86-құжат; № 23, 103-құжат; № 24-I, 118, 119-құжаттар; № 24-II, 120-құжат; 2020 жылғы 5 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 26 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 8 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 145-баптың үшінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) асырауында кәмелетке толмаған балалары, қарт ата-анасы, мүгедектігі бар туыстары бар, сондай-ақ қорғаншы және қамқоршы болып табылатын адамдарға";

2) 640-баптың екінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мүгедектігі бар адам болып табылатын басқа да адамдардың сот отырысына толыққанды қатысуын қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық не техникалық мүмкіндіктері болмаған кезде, оларды процеске қатысушылармен талқыламастан, алқаби міндеттерін атқарудан босатады."

6. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 17, 91-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; 2015 ж., № 7, 33-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 8-II, 67-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 126, 129, 131-құжаттар; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 14, 50-құжат; № 16, 56-құжат; 2018 ж., № 1, 2-құжат; № 16, 56-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 23, 106-құжат; № 24-II, 120-құжат; 2020 жылғы 8 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 10-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:



"3. Сөйлеу не есту, не көру кемістігі бар мүгедектігі бар сотталғандардың дактильді-ымдау тілін немесе Брайль әліпбиін меңгерген мамандар көрсететін қызметтерді пайдалануға құқығы бар.";

2) 52-баптың тоғызыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

" 9. Сотталған адамды бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адам деп анықтаған кезде пробация қызметі сотқа оны жазасын одан әрі өтеуден босату туралы ұсыну енгізеді.";

3) 57-баптың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Сотталғанды бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адам деп анықтаған кезде пробация қызметі сотқа оны жазасын одан әрі өтеуден босату туралы ұсыну енгізеді.";

4) 69-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сотталған адамды бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адам деп анықтаған кезде пробация қызметі сотқа оны мәжбүрлі еңбектен босату туралы ұсыну, ал сотталған адам жүкті болған жағдайда – жазасын өтеуін кейінге қалдыру туралы ұсыну жібереді.";

5) 86-баптың екінші бөлігінің 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) айына бір рет бірінші кезекте қажетті заттар мен маусым бойынша киім салынған сауқаттар, сәлемдемелер, бандерольдер алуға құқығы бар.

Науқас сотталғандар, мүгедектігі бар адамдар медициналық қорытындыда саны мен ассортименті айқындалған дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар салынған сауқаттар мен сәлемдемелер алуға құқылы;"

6) 96-баптың 3-1) бөлігінің үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сотталған жүкті әйелдерге және жанында жас балалары бар сотталған әйелдерге, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдар болып табылатын сотталғандарға қатысты мекеме түрін толық қауіпсіз мекемеге өзгертуге жол берілмейді.";

7) 105-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жүкті әйелдер, балалары бар әйелдер, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдар мен емдеу-профилактикалық мекемелерде ұсталатын сотталғандар тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қаражаты есебінен шектеусіз сатып алуға құқылы.";

8) 113-бапта:

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мекемеден тыс жерде кәмелетке толмаған мүгедектігі бар балалары бар сотталған әйелдердің олармен кездесу үшін жылына бір рет қысқа мерзімге шығуына құқығы бар."

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар болып табылатын және денсаулық жағдайына байланысты үнемі күтімді қажет ететін сотталғандарға,

сондай-ақ кәмелетке толмаған сотталғандарға мекеме шегінен тыс жерге шығуға жұбайының (зайыбының), туысының немесе өзге еріп жүруші адамның бірге жүруімен рұқсат етіледі.";

9) 115-баптың бесінші және алтыншы бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жүкті әйелдерге, бала емізетін аналарға, кәмелетке толмағандарға, сондай-ақ науқастар мен мүгедектігі бар адамдарға жақсартылған тұрғынжай-тұрмыстық жағдайлар жасалады және тамақтанудың жоғарылатылған нормалары белгіленеді.

6. Мүгедектігі бар адамдар болып табылатын сотталғандар ұсталатын үй-жайлар арнаулы техникалық құралдармен және құрылғылармен жабдықталады.";

10) 127-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Отыз жастан асқан сотталғандар мен мүгедектігі бар адамдар бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімді өздерінің қалауы бойынша алады.";

11) 134-баптың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мүгедектігі бар адамдар болып табылатын сотталғандарды ұстауға арналған тәртіптік изоляторлардағы камералар мен жалғыз адамдық камералар арнаулы техникалық құралдармен жабдықталады.";

12) 144-баптың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Сотталған жүкті әйелдер мен жанында жас балалары бар сотталған әйелдер, сондай-ақ мүгедектігі бар сотталғандар қатаң жағдайларда ұсталмайды.";

13) 162-баптың жетінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Қоғамдық жұмыстарға тарту, түзеу жұмыстары немесе бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға сотталған адамды бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адам деп анықтаған жағдайда, жазаны орындайтын орган сотқа оны жазасын өтеуден мерзімінен бұрын босату туралы ұсыну енгізеді.";

14) 166-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды, сондай-ақ алпыс үш жастан асқан ерлер мен елу сегіз жастан асқан әйелдерді олардың жазбаша өтініші және мекеменің ұсынуы бойынша әлеуметтік қорғау органдары мүгедектігі бар адамдарға және қарттарға арналған интернат-үйлерге жібереді.";

15) 167-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды, жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдерді, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден босату кезінде мекеме әкімшілігі олардың жұбайын (зайыбын), туыстарын не сотталған адамның өтінішінде көрсетілген өзге де адамдарды, сондай-ақ сотталған адамның таңдаған тұрғылықты жері бойынша пробация қызметін алты ай бұрын хабардар етеді.";

16) қосымшаның 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) мүгедектігі бар адамдардың жүріп-тұруына арнап жасалған көлік құралдары, мүгедектігі бар адамдардың техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдары мен арнайы жүріп-тұру құралдары;"

7. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-II, 20-III, 112-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-II, 55-құжат; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 72-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126-құжаттар; 2017 ж., № 9, 21-құжат; № 14, 50, 51-құжаттар; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 37-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 46, 49, 50-құжаттар; № 19, 62-құжат; № 22, 82, 83-құжаттар; № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 5-6, 27-құжат; № 7, 37, 39-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 15-16, 67-құжат; № 19-20, 86-құжат; № 21-22, 90, 91-құжаттар; № 23, 108-құжат; № 24-I, 118-құжат; № 24-II, 123, 124-құжаттар; 2020 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 26 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 8 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 138-бапта:

47) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"47) мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласында;"

8. 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-V, 20-VI, 114-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 7-құжат; № 8, 16-құжат; № 16, 56-құжат; № 21, 98-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 16, 53-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 7, 36, 37-құжаттар; № 15-16, 67-құжат; № 23, 103-құжат; № 24-I, 118, 119-құжаттар; 2020

жылғы 7 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік камсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 11 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 8 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 112-баптың бірінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Ұлы Отан соғысына қатысушылар, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдар, сондай-ақ басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, I және II топтардағы мүгедектігі бар адамдар, жасына байланысты зейнеткерлер болып табылатын кәсіпкерлік қызметке байланысты емес даулар бойынша талап қоюшылар мен жауапкерлерді;"

9. 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 22-IV, 151-құжат; 2016 ж., № 7-I, 49-құжат; 2017 ж., № 11, 29-құжат; № 12, 34-құжат; № 13, 45-құжат; № 20, 96-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 7-8, 22-құжат; № 10, 32-құжат; № 14, 42-құжат; № 15, 47, 48-құжаттар; 2019 ж., № 15-16, 67-құжат; № 21-22, 91-құжат; 2020 жылғы 5 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 11 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне соғыс жағдайы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 8 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда"

газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 28-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

" 2. Мүгедектігі бар адаммен жасалатын еңбек шартында жұмыс орындарын олардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып жабдықтау жөніндегі талаптар қамтылуға тиіс.";

2) 54-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жұмыс берушіге жүктілік туралы анықтаманы ұсынған жүкті әйелдермен, үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдермен, он төрт жасқа дейінгі баланы (он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар баланы) тәрбиелеп отырған жалғыздікті аналармен, аталған балалар санатын анасыз тәрбиелеп отырған өзге де адамдармен осы Кодекстің 52-бабы 1-тармағының 2) және

3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын бұзуға жол берілмейді.";

3) 69-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар жұмыскерлерге аптасына 36 сағаттан аспайтын жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленеді.";

4) 75-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Бірінші топтағы мүгедектігі бар жұмыскерлерге жұмыс уақытының жиынтық есебін қолдануға жол берілмейді.

Егер екінші және үшінші топтардағы мүгедектігі бар жұмыскерлерге сараптамалық кәсіптік-патологиялық комиссияның қорытындысы негізінде жұмыс уақытының жиынтық есебі белгіленетін режимге тыйым салынған болса, оларға мұндай есеп белгіленбейді.";

5) 76-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мүгедектігі бар жұмыскерлерді түнгі уақытта жұмысқа тартуға, оларға мұндай жұмысқа медициналық қорытындыға сәйкес денсаулық жағдайына байланысты тыйым салынбаған жағдайда, олардың жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

4. Жұмыс беруші:

1) жеті жасқа дейінгі балалары бар әйелдерді және жеті жасқа дейінгі балаларды анасыз тәрбиелеп отырған басқа да адамдарды;

2) он алты жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған жұмыскерлерді жазбаша келісімінсіз түнгі уақыттағы жұмысқа тартуға құқылы емес.";

6) 77-баптың 3-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мүгедектігі бар адамдар жіберілмейді.";

7) 89-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

2) бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдарға ұзақтығы кемінде күнтізбелік алты күн болатын жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалыстары беріледі.";

8) 127-баптың 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлер, жүкті әйелдер, сондай-ақ мүгедектігі бар жұмыскерлер үшін мұндай жұмысқа медициналық көрсетілімдер бойынша тыйым салынбаған болса, оларды іссапарға жіберуге жол беріледі. Бұл ретте, аталған жұмыскерлер іссапарға барудан бас тартуға құқылы.

5. Үш жасқа дейінгі балалары бар жұмыскерлер, егер медициналық қорытынды негізінде мүгедектігі бар балалар не отбасының науқас мүшелері тұрақты күтімді жүзеге асыруға мұқтаж болса, отбасының науқас мүшелерін күтуді жүзеге асыратын не мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған жұмыскерлер іссапарға барудан бас тартуға құқылы.";

9) 135-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Вахталық әдіспен орындалатын жұмыстарға он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлер, жүктілігі туралы анықтама берген, он екі және одан көп апта жүктілік мерзіміндегі жүкті әйелдер, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар медициналық қорытындыны ұсынған күннен бастап жіберілмейді. Өзге жұмыскерлер, егер медициналық қорытындылар негізінде мұндай жұмыстардың оларға қарсы көрсетілімі болмаса, вахталық әдіспен орындалатын жұмыстарға тартылуы мүмкін."

10. 2020 жылғы 7 шілдедегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне (2020 жылғы 8 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған):

1) 1-баптың 1-тармағында:

159) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"159) медициналық-әлеуметтік оңалту – жұмысқа араластыруға, отбасылық және қоғамдық өмірге қатыстыруға арналған медициналық, әлеуметтік және еңбек іс-шараларын пайдалана отырып, науқастар мен мүгедектігі бар адамдардың денсаулығын қалпына келтіру жөніндегі шаралар кешені;"

191) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"191) мейіргерлік күтім – денсаулықты насихаттауды, аурулардың профилактикасын және науқастардың, мүгедектігі бар адамдар мен хал үстіндегі адамдардың күтімін қамтитын, барлық жастағы, топтар мен қоғамдастықтардың адамдарына, науқастарға немесе сау адамдарға мейіргерлер және кеңейтілген практиканың мейіргерлері көрсететін медициналық қызметтер кешені;"

2) 65-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) халықтың барлық топтары үшін көрсетілетін медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін жақсарту, оның ішінде мүгедектігі бар адамдар мен халықтың

мүмкіндіктері шектеулі басқа да топтары үшін медициналық мақсаттағы объектілерді бейімдеу;"

3) 122-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Дәрігерге дейінгі медициналық көмек – орта медицина қызметкерлері дербес немесе денсаулықты насихаттауды, пациенттің жай-күйін бағалауды, дәрігерге дейін диагноз қоюды, дәрігерге дейінгі араласу жоспарын тағайындауды, дәрігерге дейінгі манипуляциялар мен емшараларды орындауды және науқастарға, мүгедектігі бар адамдар мен хал үстіндегі адамдарға күтімді қамтитын мультипәндік команда құрамында көрсететін медициналық көмек.";

4) 125-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Медициналық абилитация – мүгедектігі бар балалардың қалыптаспаған функциялар мен дағдыларды меңгеруіне немесе алмастыруға және оларды қоғамға интеграциялауға бағытталған медициналық оңалту процесі. Медициналық абилитация туа біткен функционалдық шектеулері бар балаларға олар үш жасқа толғанға дейін жүргізіледі.";

5) 165-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) еңбек терапиясына, жаңа кәсіптерге оқытуға арналған емдік- өндірістік объектілер мен құрылымдық бөлімшелер, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарды қоса алғанда, психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарды осы ұйымдарда жұмысқа орналастыру үшін еңбек жағдайлары жеңілдетілген арнайы өндірістер, цехтар немесе учаскелер құрады;"

11. "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 13-14, 348-құжат; 1994 ж., № 8, 140-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; № 21, 274-құжат; 1998 ж., № 24, 432-құжат; 1999 ж., № 8, 247-құжат; № 23, 924-құжат; 2004 ж., № 24, 150-құжат; 2007 ж., № 20, 152-құжат; 2011 ж., № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2018 ж., № 24, 93-құжат):

1) 13-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Экологиялық қасірет аймағында тұратын зейнеткерлер мен мүгедектігі бар адамдарға қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған интернат-үйлерде орындармен қамтамасыз етуде артықшылық алуға құқық беріледі.";

2) 17-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Экологиялық қасірет салдарынан I және II топтағы мүгедектігі бар адамдардың Қазақстан Республикасының облыс орталықтарын, республикалық маңызы бар қалаларын және астанасын қоспағанда, жаңа тұратын жері бойынша бірінші кезекте тұрғын үй алуға құқығы бар."

12. "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 23, 560-құжат; 1994 ж., № 8, 140-құжат; № 20, 252-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 24, 432-құжат; 1999 ж., № 8, 247-құжат; № 23, 923-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 6, 28-құжат; 2018 жылғы 3 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

10-баптың бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"осы баптың екінші және үшінші абзацтарында аталған адамдардың мүгедектігі бар адам деп танылған немесе аурулары бар балалары, олардың денсаулық жағдайы мен Заңда аталған аймақтарда ата-аналарының бірінің болу фактісі арасындағы себепті байланыстар анықталған кезде."

13. "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" 1993 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., № 10, 242-құжат; 1994 ж., № 8, 140-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; № 17-18, 220-құжат; 1998 ж., № 24, 432-құжат; 1999 ж., № 8, 247-құжат; 2000 ж., № 20, 380-құжат; 2001 ж., № 2, 14-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; 2018 жылғы 3 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

24-баптың бірінші бөлігінің жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған интернат-үйлерге бірінші кезекте орналасуға, оларда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттің толық қамсыздандыруында тұруға;"

14. "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 15, 201-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 186-құжат; 1998 ж., № 24, 447-құжат; 2001 ж., № 23, 309, 321-құжаттар; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 18, 110-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 15, 63-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 14, 89-құжат; № 24, 148-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 17-18, 114-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 21-



құжат; № 14, 92, 96-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 123-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 19-I, 100, 101-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 8-I, 60-құжат; 2017 ж., № 9, 17, 22-құжаттар; № 11, 29-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; 2019 ж., № 8, 45-құжат; № 21-22, 91-құжат):

1) 6-баптың екінші бөлігінің жетінші және сегізінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қоса алғанда, жаңа технологияларды, мүгедектігі бар адамдар үшін бейімделген құрылғылар мен технологиялардың ұтқырлығын жеңілдететін құралдарды пайдалану;

жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыратын көлік жұмыскерлерін мүгедектігі бар адамдармен қарым-қатынас жасау және оларға қызмет көрсету дағдыларына үйрету, оның ішінде ымдау тіліне үйрету;"

2) 11-баптың бірінші бөлігінің он екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мүгедектігі бар адамдарға жолаушылар тасымалының, тасымалдаушылар көрсететін қызметтердің, қызмет көрсету жөніндегі ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етуге, оларға тасымалдау бойынша қызметтер көрсету кезінде қажетті қолайлық пен жағдайлар жасауға міндетті.";

3) 18-баптың оныншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тасымалдаушы рейстер он және одан да көп сағатқа кідірген жағдайда жолаушыларға, оның ішінде мүгедектігі бар адамдардың мұқтажыдығын ескере отырып, өз есебінен қонақұйден орындар беруге және оларды тамақтандыруға міндетті.";

4) 25-баптың екінші бөлігінің 1-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1) мүгедектігі бар адамдарға жолаушылар тасымалының, тасымалдаушылар көрсететін қызметтердің, қызмет көрсету жөніндегі ақпараттың қолжетімділігінің қамтамасыз етілуін, оларға тасымалдау бойынша қызметтер көрсету кезінде қажетті қолайлылық пен жағдайлар жасалуын бақылауды;"

15. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 15, 281-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 5, 58-құжат; № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 9, 86-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 5, 31-құжат; № 10, 51-құжат; № 11, 56, 67-құжаттар; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 15, 86-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-

құжат; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18, 21-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 13, 68-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140, 143-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 55-құжат; № 8-I, 65-құжат; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 21-құжат; № 13, 45-құжат; № 21, 98-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 47-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 7, 37-құжат; № 15-16, 67-құжат; № 21-22, 90-құжат; № 23, 103-құжат; № 24-I, 119-құжат; 2020 жылғы 7 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 6 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне шетел валютасындағы ипотекалық қарыздар, көрсетілетін төлем қызметтері нарығының субъектілерін реттеуді жетілдіру, жалпыға бірдей декларациялау және экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

74-2-баптың 3-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) бесінші кезекте тек қайырымдылықпен айналысатын коммерциялық емес ұйымдармен, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ұйымдарымен, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлердің ұйымдарымен және басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдары ардагерлерінің ұйымдарымен, Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдардың ерікті қоғамымен, Қазақ зағиптар қоғамымен, Қазақ саңыраулар қоғамымен және осы заңды тұлғалардың меншігі болып

табылатын және олардың қаражаты есебінен құрылған өндірістік ұйымдармен, басқа да мүгедектігі бар адамдар ұйымдарымен олардың банктік шоттардағы және депозитке орналастырылған қаражаты бойынша есеп айырысулар жүзеге асырылады;"

16. "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" 1996 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 8-9, 237-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 75-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 25-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 37-құжат; 2020 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

9-2-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мүгедектігі бар адамдарға, сондай-ақ бала кезінен мүгедектігі бар адамның ата-анасының біреуіне;"

17. "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 8, 84-құжат; 1999 ж., № 13, 431-құжат; № 23, 921-құжат; 2001 ж., № 15-16, 228-құжат; 2002 ж., № 6, 71-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2004 ж., № 14, 82-құжат; № 17, 101-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 16, 103-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 15, 106, 108-құжаттар; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 11-12, 54-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 52-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 10, 86-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 77-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 144-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-V, 154, 158-құжаттар; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 8-I, 65-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 11, 29-құжат; № 21, 98-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 16, 56-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 7, 39-құжат; № 9-10, 52-құжат; № 21-22, 90-құжат; № 23, 103-құжат; № 24-I, 119-құжат; № 24-II, 122-құжат; 2020 жылғы 7 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 6 мамырда Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 14 мамырдағы "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 30 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 4-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімділікті қамтамасыз етуге тиіс.";

2) 13-баптың 8-тармағының 2), 5) және 10) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) I және II топтағы мүгедектігі бар адамдар;"

"5) бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа кезеңдерде орындау кезінде немесе майданда болуға байланысты ауруға шалдығу салдарынан, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметін өткеру кезінде алынған жаралану, контузия алу, мертігу салдарынан мүгедектігі бар адам деп танылған әскери қызметшілер;"

"10) ішкі істер органдарының күнтізбелік есеппен жиырма және одан да көп еңбек сіңірген жылдары бар қызметкерлері және теріс себептер бойынша қызметтен шығарылғандарды қоспағанда, қызметтен шығарылған және күнтізбелік есеппен жиырма және одан да көп еңбек сіңірген жылдары бар қызметкерлер, сондай-ақ күнтізбелік есеппен он және одан да көп еңбек сіңірген жылдары бар және мүгедектігі бар балаларды асырап-бағып отырған қызметкерлер құқылы. Ішкі істер органдарының берілген қызметтік тұрғын үйді жекешелендіруге құқығы бар зейнеткері қайтыс болған жағдайда, жекешелендіру құқығы қайтыс болған (қаза тапқан) адамның отбасы мүшелеріне өтеді.";

3) 40-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген өзгерістер мүгедектігі бар адамдардың тұрғынжайға кіруін қамтамасыз етуге байланысты болған жағдайда, пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің жазбаша келісімі талап етілмейді.";

4) 67-баптың 1-тармағы екінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы Заңның 68-бабының 1-1) – 5), 7), 8), 10) және 11) тармақшаларында аталған, тұрғын үй беру туралы өтініш жасаудың алдында соңғы он екі ай ішінде жиынтық орташа айлық табысы отбасының әрбір мүшесіне республикалық бюджет туралы заңда

тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 3,1 еселенген мөлшерінен төмен болатын, халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына жататын Қазақстан Республикасы азаматтарының пайдалануына беріледі.

Ең төменгі күнкөріс деңгейінің 3,1 еселенген мөлшеріндегі коэффициент мүгедектігі бар балаларға қолданылмайды.";

5) 68-баптың 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) I және II топтағы мүгедектігі бар адамдар;

3) мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары;"

6) 73-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Егер отбасы осы Заңның 68-бабының 3) тармақшасында көзделген негіз бойынша есепте тұрған, он сегіз жасқа толған мүгедектігі бар балаға I және II топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй беру кезегі оны алғанға дейін оның атында сақталады.";

7) 76-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мүгедектігі бар адамдарға, қарттарға, жүрек-қан тамырлары және басқа да асқынған аурулармен ауыратын адамдарға мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжай немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжай – олардың тілегі ескеріліп, төменгі қабаттардан немесе лифтілері бар тұрғын үйлерден, ал тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар адамдарға екіншіден жоғары емес қабаттан беріледі.

Мүгедектігі бар адамдарға ғимараттың үлгісі, жайлылық дәрежесі және тұруға қажетті басқа да жағдайларды ескере отырып, тұрғын үй-жайды тандау құқығы беріледі.";

8) 101-10-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) ерлі-зайыптылардың ортақ немесе біреуінің он сегіз жасқа толғанға дейін мүгедектік белгіленген он сегіз жастан асқан баласы (балалары) жатады.";

9) 118-баптың 1-тармағының 4), 10) және 12) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"4) I және II топтағы мүгедектігі бар адамдарға (өздері жасаған қылмыс салдарынан мүгедектік белгіленген адамдарды қоспағанда);";

"10) мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеуші адамдарға;"

"12) III топтағы мүгедектігі бар адамдарға, жасына байланысты демалысқа шыққан зейнеткерлерге, жалғызбасты аналарға (некеге тұрмаған бала тәрбиелеуші әйелдерге), егіз бала тапқан отбасыларына, егер азаматтардың бұл санаты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен анықталатын ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыс алатын болса;"

10) 120-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мүгедектігі бар адамдарды (өздері жасаған қылмыс салдарынан мүгедектік белгіленген адамдарды қоспағанда);".

18. "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 11, 154-құжат; 1999 ж., № 8, 239-құжат; № 23, 925-құжат; 2002 ж., № 6, 71-құжат; 2003 ж., № 1-2, 13-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 157-құжат; 2005 ж., № 23, 98-құжат; 2006 ж., № 12, 69-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 6, 28-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 6, 27-құжат; № 8, 45-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-II, 106-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 7-I, 49-құжат; 2017 ж., № 12, 36-құжат; 2018 ж., № 14, 42-құжат; № 22, 83-құжат; 2019 ж., № 21-22, 90-құжат; 2020 жылғы 30 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл норма мүгедектігі бар балаларға және бала кезінен мүгедектігі бар адамдарға қолданылмайды.";

2) 6-баптың 1-2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-2. Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) стационар жағдайында тұратын және мемлекеттің толық қамсыздандыруындағы, тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар балаларға мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар толық көлемде төленеді.";

3) 8-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Зейнетақы төлемдерін алуға құқық беретін жасқа жеткен мүгедектігі бар адамдарды қайта куәландыру олардың өтініші бойынша ғана жүргізіледі.";

4) 10-бапта:

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қайта куәландырылушы мүгедектік мерзімі өткенге дейін еңбекке қабілетті деп танылған жағдайда, жәрдемақы оны еңбекке қабілетті деп танылған айды қоса алғанда төленеді.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Егер мүгедектігі бар адам қайта куәландыруға осы үшін белгіленген мерзімде МӘС бөлімшесіне келмесе, онда оған жәрдемақы төлеу тоқтатыла тұрады, ал ол

мүгедектігі бар адам деп қайта танылған жағдайда, егер МӘС бөлімшесі оны осы кезеңде мүгедектігі бар адам деп таныса, ол тоқтатыла тұрған күннен бастап, бірақ бір айдан аспайтын уақыт үшін қайта басталады.

Қайта куәландыру мерзімін дәлелді себеппен өткізіп алған жағдайда, жәрдемақы төлеу, егер МӘС бөлімшесі оны осы кезеңде мүгедектігі бар адам деп таныса, төлем тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта куәландыру күніне дейін, бірақ үш жылдан аспайтын уақыт үшін жүргізіледі. Бұл ретте, егер қайта куәландыру кезінде мүгедектігі бар адам мүгедектіктің басқа (неғұрлым жоғары немесе неғұрлым төмен) тобына ауыстырылса, онда көрсетілген уақыт үшін жәрдемақы бұрынғы топ бойынша төленеді .";

5) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Мүгедектігі бойынша жәрдемақыға құқығы бар мүгедектігі бар адамдардың санаттары

Мүгедектігі бойынша жәрдемақыға құқығы бар мүгедектігі бар адамдарға:

1) жалпы аурулардан, еңбекте мертігуден, кәсіби аурулардан мүгедектігі бар адамдар, жеті жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар;

2) бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, жетіден он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтардағы мүгедектігі бар балалар;

3) әскери қызметтен өту кезінде алған жарақаттың, контузияның, мертігудің, ауырудың салдарынан мүгедек болған мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер қатарынан шыққан мүгедектігі бар адамдар, азаматтық немесе әскери мақсаттағы ядролық объектілердегі авариялардың зардаптарын жою кезінде не ядролық объектілердегі авариялық жағдайлар нәтижесінде мүгедек болған мүгедектігі бар адамдар;

4) әскери қызмет міндеттерін, арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметін (қызмет міндеттерін) атқаруға байланысты емес жазатайым жағдайдың салдарынан болған мертігу не әскери және қызметтік борышын орындауға байланысты емес ауру салдарынан мүгедек болған кезде әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері, ішкі істер органдары мен Қазақстан Республикасының бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінің басшы және қатардағы құрамының адамдары арасынан шыққан мүгедектігі бар адамдар;

5) әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметті өткеру кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі, ауыруы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері, қызметтік міндеттерін атқару кезінде ішкі істер органдары мен Қазақстан Республикасының бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері арасынан шыққан мүгедектігі бар адамдар;

б) себеп-салдарлық байланысы анықталған жағдайда төтенше экологиялық жағдайлар, соның ішінде ядролық жарылыстар мен сынақтар кезіндегі радиациялық әсер етудің салдарынан және/немесе олардың зардаптарынан болған мүгедектігі бар адамдар жатады.";

б) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Мүгедектігі бойынша жәрдемақылардың мөлшері

1. Осы Заңның 11-бабының 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген мүгедектігі бар адамдарға мүгедектігі бойынша айлық жәрдемақы:

1) 2014 жылғы 1 сәуірден бастап:

бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленетін ең төмен күнкөріс деңгейінің (бұдан әрі – ең төмен күнкөріс деңгейі) 1,42 мөлшерінде;

екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,11;

үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 0,78;

он алты жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,05

;

бала кезінен бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,42;

бала кезінен екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,16;

бала кезінен үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 0,91;

он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші топтағы мүгедектігі бар балаларға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,42;

он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі екінші топтағы мүгедектігі бар балаларға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,16;

он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі үшінші топтағы мүгедектігі бар балаларға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 0,91 мөлшерінде;

2) 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап:

бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,92;

екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,53;

үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,04;

он алты жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,40

;

бала кезінен бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,92;

бала кезінен екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,59;



бала кезінен үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,20;

он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші топтағы мүгедектігі бар балаларға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,92;

он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі екінші топтағы мүгедектігі бар балаларға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,59;

он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі үшінші топтағы мүгедектігі бар балаларға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,20 мөлшерінде;

3) 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап:

жеті жасқа дейін мүгедектігі бар балаларға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,40;

жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі бірінші топтағы мүгедектігі бар балаларға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,92;

жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі екінші топтағы мүгедектігі бар балаларға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,59;

жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі үшінші топтағы мүгедектігі бар балаларға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,40 мөлшерінде тағайындалады.

2. Осы Заңның 11-бабының 3) және 6) тармақшаларында көрсетілген мүгедектігі бар адамдарға мүгедектігі бойынша айлық жәрдемақылар:

1) 2014 жылғы 1 сәуірден бастап:

бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,69;

екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,36;

үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,05 мөлшерінде;

2) 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап:

бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 2,81;

екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 2,40;

үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 2,01 мөлшерінде тағайындалады.

3. Осы Заңның 11-бабының 5) тармақшасында көрсетілген мүгедектігі бар адамдарға мүгедектігі бойынша айлық жәрдемақы:

1) 2014 жылғы 1 сәуірден бастап:

бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 2,19;

екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,56;

үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,05 мөлшерінде;

2) 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап:

бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 3,44;

екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 2,65;

үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – ең төмен күнкөріс деңгейінің 2,01 мөлшерінде тағайындалады.

4. Жұмыс істейтін жәрдемақы алушыларға мүгедектігі бойынша айлық жәрдемақы толық мөлшерде төленеді.

5. Егер жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері мүгедектігі бар адамдардың тиісті санаттары үшін белгіленген мүгедектігі бойынша айлық жәрдемақының мөлшерінен аз болса, мүгедектігі бойынша айлық жәрдемақы төлеу жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдеріне мүгедектігі бар адамдардың осы санаты үшін белгіленген мүгедектігі бойынша айлық жәрдемақы мөлшеріне дейінгі тиісті қосымша ақылар түрінде жүргізіледі.";

7) 13-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Отбасының еңбекке жарамсыз мүшелері болып:

1) егер он сегіз жасқа толғанға дейін мүгедектік белгіленсе, он сегіз жасқа толмаған және осы жастан асқан балалары (оның ішінде асырап алған балалары, өгей ұлдары мен өгей қыздары), аға-інілері, апа-сіңлілері, қарындастары және немерелері есептеледі, бұл ретте аға-інілері, апа-сіңлілері, қарындастары және немерелері – егер олардың еңбекке жарамды ата-аналары болмаса, өгей ұлдары мен қыздары – егер олар ата-аналарынан алимент алмаса есептеледі.

Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақы алуға құқығы бар кәмелетке толмағандар бұл құқықты өздерін асырап алған кезде де сақтайды;"

19. "Нотариат туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 206-құжат; 1998 ж., № 22, 307-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 15-16, 236-құжат; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 48-құжат; № 12, 86-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 21, 172-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 84-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 16, 79-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 16, 53-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" гезеттерінде 2020 жылғы 6 шілдеде жарияланған " Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне шетел валютасындағы ипотекалық қарыздар, көрсетілетін төлем қызметтері нарығының субъектілерін реттеуді жетілдіру, жалпыға бірдей декларациялау және экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 30-1-баптың 2-тармағының 3) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3) қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде тұратын қарттар мен мүгедектігі бар адамдар;"

"5) 1 және 2-топтағы мүгедектігі бар адамдар;"

2) 37-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ауруханаларда, санаторийлерде, өзге де емдеу-алдын алу мекемелерінде емделіп жатқан, сондай-ақ қарттар мен мүгедектігі бар адамдар үйлерінде тұрып жатқан азаматтардың, осы ауруханалардың, санаторийлердің, өзге де емдеу-алдын алу мекемелерінің бас және кезекші дәрігерлері, сондай-ақ қарттар мен мүгедектер үйлерінің директорлары, бас дәрігерлері куәландырған өсиеттері;"

20. "Сот приставтары туралы" 1997 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 201-кұжат; 2003 ж., № 10, 49-кұжат; 2004 ж., № 23, 142-кұжат; 2006 ж., № 11, 55-кұжат; 2007 ж., № 8, 52-кұжат; № 20, 152-кұжат; 2010 ж., № 5, 23-кұжат; № 7, 28-кұжат; № 24, 144-кұжат; 2011 ж., № 1, 3-кұжат; 2014 ж., № 1, 9-кұжат; № 16, 90-кұжат; № 19-I, 19-II, 96-кұжат; 2019 ж., № 21-22, 91-кұжат; 2020 жылғы 30 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

10-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Сот приставына қызмет міндеттерін атқару үстінде алған жарақаты, жаралану (контузия), мертігу, сырқат салдарынан болған мүгедектікті белгілеу кезінде оған мынадай мөлшерде біржолғы өтемақылар:

1) бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға – бес жылдық жалақысы;

2) екінші топтағы мүгедектігі бар адамға – үш жылдық жалақысы;

3) үшінші топтағы мүгедектігі бар адамға – жылдық жалақысы төленеді."

21. "Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы" 1999 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 6, 190-кұжат; 2001 ж., № 17-18, 245-кұжат; 2002 ж., № 15, 147-кұжат; 2004 ж., № 23, 142-кұжат; № 24, 154-кұжат; 2007 ж., № 9, 67-кұжат; 2008 ж., № 15-16, 63-кұжат; 2009 ж., № 24, 128, 130-кұжаттар; 2010 ж., № 24, 152-кұжат; 2011 ж., № 19, 145-кұжат; 2012 ж., № 3, 26-кұжат; № 4, 32-кұжат; 2013 ж., № 13, 62-кұжат; № 14, 72-кұжат; 2014 ж., № 14, 84-кұжат; № 16, 90-кұжат; № 21, 122-кұжат; № 22, 131-кұжат; 2015 ж., № 1, 2-кұжат; 2016 ж., № 24, 126-кұжат; 2017 ж., № 8, 16-кұжат; № 16, 56-кұжат; 2018 ж., № 16, 53, 56-кұжаттар; 2019 ж., № 24-II, 120-кұжат; 2020 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде

жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

16-баптың 2-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1. Сөйлеу не есту, не көру кемістігі бар мүгедектігі бар адамдар болып табылатын күдіктілер мен айыпталушылардың дактильді-ымдау тілін немесе Брайль әліпбиін меңгерген мамандар көрсететін қызметтерді пайдалануға құқығы бар."

22. "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" 1999 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 8, 238-құжат; № 23, 925-құжат; 2000 ж., № 23, 411-құжат; 2001 ж., № 2, 14-құжат; 2002 ж., № 6, 71-құжат; 2004 ж., № 24, 157-құжат; 2005 ж., № 23, 98-құжат; 2006 ж., № 12, 69-құжат; 2007 ж., № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 23, 111-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; 2014 ж., № 6, 28-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 6, 27-құжат; № 19-II, 106-құжат; № 22-II, 145-құжат; 2016 ж., № 7-I, 49-құжат; 2018 ж., № 14, 42-құжат; № 22, 83-құжат; 2019 ж., № 21-22, 90-құжат; № 23, 106-құжат; 2020 жылғы 7 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 26 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 25 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 3-бапта:

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Туыстық қатынастарына қарамастан, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтімді тікелей жүзеге асыратын жеке тұлғалардың бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтімді жүзеге асыратын адамға (бұдан әрі – күтімді жүзеге асыратын адам) берілетін жәрдемақыға құқығы бар.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бір уақытта бірнеше негіздемелер бойынша жәрдемақы алуға құқығы бар адамдарға жәрдемақы, күтімді жүзеге асыратын адамдарға берілетін жәрдемақы алу құқығын қоспағанда, олардың қалауы бойынша тек бір негіздеме бойынша төленеді.";

2) 4-бапта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған жеңілдіктер тізбесі негізге алына отырып, арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алуға құқығы бар азаматтарға:";

1-3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1-3) мәртебесі "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 2) тармақшасында айқындалған, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының салдарынан мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген адамдар;"

3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Ауғанстандағы немесе соғыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі соғыс қимылдары кезінде қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе жаралану, контузия алу, мертігу, ауыру салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасылары; бейбіт уақытта әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасылары, қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасылары; Чернобыль АЭС-тағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарын жою кезінде қаза тапқандардың отбасылары; сәуле аурулары салдарынан қайтыс болғандардың немесе мүгедектігі бар қайтыс болған адамдардың, сондай-ақ қайтыс болуы Чернобыль АЭС-тағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың әсеріне белгіленген тәртіппен байланысты болған азаматтардың отбасылары;

4) Ұлы Отан соғысының салдарынан мүгедектігі бар қайтыс болған адамның немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының мүгедектігі бар адамдарына теңестірілген адамның екінші рет некеге тұрмаған зайыбы (жұбайы), сондай-ақ Ұлы Отан соғысының қайтыс болған қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, " Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығу, еңбек үстінде мертігу және басқа да себептер салдарынан мүгедектігі бар адам деп танылған азаматтың (құқыққа қайшы келетіндерді қоспағанда) зайыбы (жұбайы);";

7), 8) және 8-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"7) "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 5-тармағында көзделген жасына байланысты берілетін зейнетақы төлемдеріне мүгедектігі бойынша төленетін айлық жәрдемақы мөлшеріне дейін қосымша төлем алушыларды қоспағанда, жасына байланысты берілетін зейнетақы төлемдері немесе еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін зейнетақы төлемдері тағайындалған бірінші, екінші және үшінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бойынша зейнетақы алған жағдайда Байқоңыр қаласында тұратын бірінші, екінші және үшінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар;

8) Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бойынша зейнетақы алатын жағдайда Байқоңыр қаласында тұратын жеті жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар;

8-1) Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бойынша зейнетақы алатын жағдайда Байқоңыр қаласында тұратын жетіден он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтардағы мүгедектігі бар балалар;"

мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Күтімді жүзеге асыратын адамдардың арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алуға құқығы бар.";

3) 5-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-3 және 2-4-тармақтармен толықтырылсын:

"2-3. Күтімді жүзеге асыратын адамға жәрдемақы бірінші топтағы мүгедектігі бар адам немесе оның заңды өкілі жүгінген күннен бастап тағайындалады және бірінші топтағы мүгедектік тағайындалған барлық кезеңге төленеді.

2-4. Жеке өзі келіп жүгінуге мүмкіндігі болмаған жағдайда өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен берілген сенімхат негізінде жәрдемақы тағайындау туралы өтінішпен жүгінуге басқа адамдарға өкілеттік беруге құқылы.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. "Халық қаһарманы" атағына ие болған адамдарға, "Қазақстанның Еңбек Ері" атағына ие болған адамдарға, күтімді жүзеге асыратын адамдарға жәрдемақы тағайындау туралы өтінішті беру "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес проактивті көрсетілетін қызмет арқылы жәрдемақы тағайындалған кезде талап етілмейді.";

мынадай мазмұндағы 8-1 және 8-2-тармақтармен толықтырылсын:

"8-1. Бірінші топтағы мүгедектігі бар адам немесе оның заңды өкілі "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы күтімді жүзеге асыратын адамға жәрдемақы тағайындауға жүгінуге құқылы.

Адам мүгедектік алғаш рет белгіленген кезде мүгедектігі бойынша жәрдемақы тағайындауға медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесіне жүгінуге құқылы.

Бірінші топтағы мүгедектік алғаш рет белгіленген кезде өтініш беруші күтімді жүзеге асыратын адамға жәрдемақыны тағайындау үшін тұрғылықты жері бойынша медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесіне жүгінуге құқылы.

8-2. Мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдар өтініш беруші немесе күтімді жүзеге асыратын адам туралы сұратылған мәліметтер ақпараттық жүйелерде жоқ екенін растайтын электрондық құжаттарды ұсынған кезде, сұрау салуды жүзеге асырған Мемлекеттік корпорация өтініш берушіні ақпараттандыру саласындағы

уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және мерзімдерде өтініш беруші немесе күтімді жүзеге асыратын адам туралы мәліметтерді ақпараттық жүйелерде сәйкестендіру үшін құжаттардың түпнұсқаларын ұсыну қажеттігі туралы хабардар етеді.

Ақпараттық жүйелер белгіленген тәртіппен өтініш беруші немесе күтімді жүзеге асыратын адам туралы бұрын болмаған мәліметтердің бар екенін растаған кезде өтініш берушінің Мемлекеттік корпорацияға тиісті жәрдемақыны тағайындауға жүгіну күні күтімді жүзеге асыратын адамға жәрдемақы тағайындау күні болып есептеледі.";

4) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Жәрдемақы төлеу тәртібі

1. Жәрдемақы төлеу тәртібін орталық атқарушы орган бекітеді.

2. Жәрдемақы төлеу ағымдағы ай үшін және оны алу құқығы туындаған күннен бастап жәрдемақы тағайындалған жағдайлар сақталған кезеңге жүргізіледі. Жәрдемақы алушы қайтыс болған жағдайда, жәрдемақы қайтыс болған айына қоса, ал жәрдемақы алушы Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен жағдайда кеткен айына қоса төленеді.

Бірінші топтағы мүгедектігі бар адам қайтыс болған жағдайда, күтімді жүзеге асыратын адамға жәрдемақы қайтыс болған айына қоса, ал бірінші топтағы мүгедектігі бар адам Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен жағдайда кеткен айына қоса төленеді.

3. Мүгедектік тобы өзгерген жағдайда жәрдемақы төлеу жана мөлшерде жәрдемақы алуға құқық пайда болған кезден бастап, заңдарда мүгедектіктің тиісті тобы үшін белгіленген мөлшерде жүзеге асырылады.

4. Егер мүгедектігі бар адам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде қайта куәландыруға МӘС бөлімшесіне келмесе, онда оны қайта мүгедектігі бар адам деп таныған кезге дейін оған жәрдемақы төлеу тоқтатыла тұрады.

Қайта куәландыру мерзімін дәлелді себеппен өткізіп алған жағдайда, жәрдемақы төлеу, егер МӘС бөлімшесі оны осы кезеңде мүгедектігі бар адам деп таныса, төлем тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта куәландыру күніне дейін, бірақ алты айдан аспайтын уақыт үшін жүргізіледі. Бұл ретте, егер қайта куәландыру кезінде мүгедектігі бар адам мүгедектіктің басқа (неғұрлым жоғары немесе неғұрлым төмен) тобына ауыстырылса, онда көрсетілген уақыт үшін жәрдемақы бұрынғы топ бойынша төленеді.

5. Жәрдемақы алуға құқығы бар екі және одан да көп адам бірге тұрған кезде жәрдемақы олардың әрқайсысына тағайындалады және төленеді.

6. Отбасында екі және одан көп бірінші топтағы мүгедектігі бар адам тұрып жатқан жағдайда күтімді жүзеге асыратын адамдарға берілетін жәрдемақы олардың әрқайсысына тағайындалады және төленеді.

7. Бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтімді бірнеше адам жүзеге асырған жағдайда күтімді жүзеге асыратын адамға берілетін жәрдемақы осы адамдардың біреуіне тағайындалады және төленеді.

8. Бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім көрсету:

1) күтімді жүзеге асыратын адам мен бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның бір елді мекенде бірге тұруын;

2) оларды қанағаттандыру қажеттігі тәулігіне бір және бір реттен көп туындайтын бір немесе бірнеше реттелмейтін зәру қажеттілікті орындау үшін (жеке гигиенаны сақтауда, киіну, тамақ ішу, физиологиялық қажеттерін орындау, тұратын жерінен межелі пунктке дейін және қайтар жолда алып жүру және басқалар кезінде) бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға көмекті көздейді.";

5) 7-бапта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Жәрдемақы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленетін айлық есептік көрсеткіш немесе ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінің өзгеруі ескеріле отырып төленеді.";

үшінші бөліктің 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының салдарынан мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген адамдарға – 7,55 айлық есептік көрсеткіш;"

6) және 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"6) Ауғанстандағы немесе соғыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттердегі соғыс қимылдары кезінде қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе жаралану, контузия алу, мертігу, ауыру салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасыларына; бейбіт уақытта әскери қызметті, арнаулы мемлекеттік органдарда қызметті өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасыларына; қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасыларына; Чернобыль АЭС-тағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарын жою кезінде қаза тапқандардың отбасыларына; сәуле ауруы салдарынан қайтыс болғандардың немесе мүгедектігі бар қайтыс болған адамдардың, сондай-ақ қайтыс болуы Чернобыль АЭС-тағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың әсеріне белгіленген тәртіппен байланысты болған азаматтардың отбасыларына – 4,59 айлық есептік көрсеткіш;

7) Ұлы Отан соғысының салдарынан мүгедектігі бар қайтыс болған адамының немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының мүгедектігі бар адамдарына теңестірілген адамның екінші рет некеге тұрмаған зайыбы (жұбайы), сондай-ақ Ұлы Отан соғысының қайтыс болған қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет



етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығу, еңбек үстінде мертiғу салдарынан және басқа да себептерден (құқыққа қайшы келетiндердi қоспағанда) мүгедектiгi бар адам деп танылған азаматтың екiншi рет некеге тұрмаған зайыбы ( жұбайы) – 2,56 айлық есептiк көрсеткiш;"

13), 14), 15) және 16) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"13) "Қазақстан Республикасында мүгедектiгi бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берiлетiн мемлекеттiк әлеуметтiк жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 5-тармағында көзделген жасына байланысты берiлетiн зейнетақы төлемдерiне мүгедектiгi бойынша төленетiн айлық жәрдемақы мөлшерiне дейiн қосымша төлем алушыларды қоспағанда, жасына байланысты берiлетiн зейнетақы төлемдерi немесе еңбек сiңiрген жылдары үшiн төленетiн зейнетақы төлемдерi тағайындалған бiрiншi және екiншi топтардағы мүгедектiгi бар адамдарға, сондай-ақ Байқоңыр қаласында тұратын бiрiншi және екiншi топтардағы мүгедектiгi бар адамдарға, Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектiгi бойынша зейнетақы алатын жағдайда – 1,49 айлық есептiк көрсеткiш;

14) "Қазақстан Республикасында мүгедектiгi бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берiлетiн мемлекеттiк әлеуметтiк жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 5-тармағында көзделген жасына байланысты берiлетiн зейнетақы төлемдерiне мүгедектiгi бойынша төленетiн айлық жәрдемақы мөлшерiне дейiн қосымша төлем алушыларды қоспағанда, жасына байланысты берiлетiн зейнетақы төлемдерi немесе еңбек сiңiрген жылдары үшiн төленетiн зейнетақы төлемдерi тағайындалған үшiншi топтағы мүгедектiгi бар адамдарға, сондай-ақ Байқоңыр қаласында тұратын үшiншi топтағы мүгедектiгi бар адамдарға, Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектiгi бойынша зейнетақы алатын жағдайда – 0,64 айлық есептiк көрсеткiш;

15) Байқоңыр қаласында тұратын жетi жасқа дейiнгi мүгедектiгi бар балаларға, Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектiгi бойынша зейнетақы алатын жағдайда – 0,96 айлық есептiк көрсеткiш;

16) Байқоңыр қаласында тұратын жетi жастан он сегiз жасқа дейiнгi мүгедектiгi бар балаларға, Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектiгi бойынша зейнетақы алатын жағдайда:

бiрiншi және екiншi топтағыларға – 1,49 айлық есептiк көрсеткiш;

үшiншi топтағыларға – 0,96 айлық есептiк көрсеткiш;"

мынадай редакциядағы 21) тармақшамен толықтырылсын:

"21) күтiмдi жүзеге асыратын адамдарға – 1,4 ең төменгi күнкөрiс деңгейi.";

б) 8-бап мынадай мазмұндағы 5, 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

"5. Күтiмдi жүзеге асыратын адамға берiлетiн жәрдемақы:

1) кәмелетке толмағандарға;

2) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танығандарға;  
3) психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте тұратындарға;  
4) бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға олар мемлекеттің толық қамтамасыз етуінде болған жағдайда тағайындалмайды.

6. Күтімді жүзеге асыратын адамға берілетін жәрдемақының төленуін тоқтату үшін:

1) бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның немесе оның заңды өкілінің немесе күтімді жүзеге асыратын адамның өтініші;

2) бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның қайтыс болуы;

3) бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның немесе күтімді жүзеге асыратын адамның басқа елді мекенге немесе Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кетуі;

4) мүгедектігі бар адамның мүгедектік тобының өзгеруі;

5) Заңның осы бабының 5-тармағында көзделген фактілердің анықталуы негіз болып табылады.

7. Бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтімді жүзеге асыратын адамды ауыстыру бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның немесе оның заңды өкілінің өтініші негізінде күнтізбелік бір жыл ішінде екі реттен асырмай жүргізіледі. Күтімді жүзеге асыратын адамды ауыстыру туралы өтініш Мемлекеттік корпорацияға осы Заңның 5-бабына сәйкес беріледі.";

23. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 17-құжат; № 9, 86-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 103-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 144-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 13, 86, 87-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 99-құжат; № 18, 113-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 17, 139-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114, 124-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 2, 28-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 3, 21-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 81-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 3, 21-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 49-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 67-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 118, 122-құжаттар; № 22, 131-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 103-құжат; № 21-I, 121, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130, 132-құжаттар; № 22-I, 140-құжат; № 22-V, 154, 156, 158-құжаттар; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-I, 47, 49-құжаттар; № 8-II, 72-құжат; № 23, 118-құжат; 2017 ж., № 3, 6-құжат; № 8, 16-құжат; № 13, 45-

құжат; № 15, 55-құжат; № 16, 56-құжат; 2018 ж., № 12, 39-құжат; № 16, 56-құжат; № 21, 72-құжат; № 22, 83-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37, 39-құжаттар; № 19-20, 86-құжат; № 21-22, 91-құжат; № 23, 103, 108-құжаттар; № 24-I, 119-құжат; 2020 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 8 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 35-баптың 1-тармағының 12-2), 12-4) – 12-6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"12-2) мүгедектігі бар адамдарға көмек көрсетуді ұйымдастырады;"

"12-4) дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті органмен және мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп, мүгедектігі бар адамдар арасында сауықтыру және спорттық іс-шаралар өткізуді ұйымдастырады;

12-5) мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп, мәдени-бұқаралық және ағартушылық іс-шараларды ұйымдастырады;

12-6) мүгедектігі бар адамдарға қайырымдылық және әлеуметтік көмек көрсетуді үйлестіреді;"

24. "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" 2001 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 13-14, 175-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; 2003 ж., № 23, 168-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 17, 139-құжат; 2008 ж., № 13-14, 57-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-I, 143-құжат; № 22-II, 144-құжат; 2016 ж., № 23, 118-құжат; 2017 ж., № 12, 34-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 19, 62-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 7, 37-құжат; 2020 жылғы 3 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда"

газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) әлеуметтік туризм – жұмыс берушінің және (немесе) өзге де үшінші тұлғалардың қаражаты есебінен толық немесе ішінара жүзеге асырылатын, мүгедектігі бар адамдарға, халықтың күнкөрісі төмен топтарына туристік көрсетілетін қызметтердің қолжетімді болуын қамтамасыз ететін туризм түрі;"

2) 9-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) балалардың, жасөспірімдердің, жастардың, мүгедектігі бар адамдар мен халықтың күнкөрісі төмен топтарының арасында туристік және экскурсиялық жұмысты ұйымдастыру үшін жеңілдікті жағдайлар енгізу;"

25. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 243-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 6, 10-құжат; № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 144-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 21, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 6-құжаттар; № 2, 10, 12-құжаттар; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 86-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-I, 99, 101-құжаттар; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 53-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 14, 51-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 7, 37, 39-құжат; № 8, 45-құжат; № 19-20, 86-құжат; № 23, 103, 108-құжаттар; № 24-I, 119-құжат; 2020 жылғы 1 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аймақтар мен тыйым салынған аудандар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 29 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 30 маусымдағы "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-баптың 61-3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"61-3) халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары – өз бетімен жүріп-тұру, көрсетілетін қызметтер, ақпарат алу немесе кеңістікте бағдарлану кезінде қиындық көріп жүрген, оның ішінде балаларға арналған арбаларды пайдаланатын адамдар, қарттар, мүгедектігі бар адамдар;"

2) 6-баптың 4-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) мүгедектігі бар адамдардың тұруына, келіп-кетуіне және жұмыс істеуіне арналған үй-жайлар мен ғимараттар жатады.";

3) 7-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мемлекеттік қала құрылысы саясатының өндіргіш күштерді қоныстандыру мен орналастыру бөлігіне, аумақтарды аймақтарға бөлуге қойылатын қала құрылысы талаптарына, экологиялық және санитариялық-гигиеналық қауіпсіздік нормаларына және аталған жергілікті жердің инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейіне сәйкес елді мекеннің (қоныстың) аумағы шегінде осы мекенге қатысты мекендеу мен тіршілік етуге қолайлы, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарға және халықтың жүріп-тұруы шектеулі басқа да топтарына қолжетімді ортаға;"

4) 11-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Елді мекендер қоныстану үлгісіне және сол жердің жағдайына сәйкес халықтың барлық санаттары үшін (мүгедектігі бар адамдар мен жүріп-тұруы шектеулі басқа да топтарды қоса алғанда) жұмыс орындарына, жалпыға ортақ пайдаланылатын орындарға, әлеуметтік, рекреациялық, инженерлік және көлік инфрақұрылымы объектілеріне (ғимараттарына, коммуникацияларына) қол жеткізуін оңтайлы жағдайлармен және құралдармен қамтамасыз етілуге тиіс.

3. Елді мекендерге арналған қала құрылысы құжаттамаларында мүгедектігі бар адамдардың және халықтың жүріп-тұруы шектеулі басқа топтарының әлеуметтік және рекреациялық инфрақұрылым объектілеріне қажеттерін қамтамасыз етуге жағдай жасау жөніндегі бөлімдер қамтылуға тиіс.";

5) 17-баптың 1-тармағының 9) және 12) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"9) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы, сондай-ақ объектіні жобалау, салу және кейіннен пайдалану процесінде еңбек қорғау, өрт және жарылыс қауіпсіздігі, санитариялық және экологиялық қауіпсіздік, мүгедектігі бар адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін әлеуметтік, көліктік және рекреациялық инфрақұрылым объектілеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік нормативтерді сақтамау;"

"12) мекендеу және тіршілік ету ортасы жай-күйінің нашарлауына, азаматтар, оның ішінде мүгедектігі бар адамдар мен тұтас алғанда қоғамның құқықтарына және заңды

мүдделеріне нұқсан келтіруге, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғатын мемлекеттік мүдделерге зиян келтіруге себеп болатын өзге де әрекеттер.";

6) 25-баптың 1-тармағының 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"13) мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімділікті қамтамасыз етуді міндетті түрде ескере отырып, объектілерді пайдалануға қабылдау актілерін, сондай-ақ пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) есепке алуды жүргізу;"

7) 30-баптың 3-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Құрылыс салуды ұйымдастыру және құрылыс саласында рұқсат беру рәсімдерінен ету қағидаларында мүгедектігі бар адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптар ескерілуге тиіс.";

8) 31-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) мүгедектігі бар адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін әлеуметтік, көліктік және рекреациялық инфрақұрылым объектілеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету бөлігінде – халықты әлеуметтік қорғау уәкілетті органын тарта отырып жүзеге асырылады.";

9) 48-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Тұрғын үй, қоғамдық (қоғамдық-іскерлік) рекреациялық аймақтардың аумағы, инженерлік және көлік инфрақұрылымының аймақтары бөлінген шекараларда болуға және мүгедектігі бар адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарының қолжетімділігі ескеріле отырып, жайластырылуға тиіс.";

10) 79-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"79-бап. Салынған объектілерді пайдалануға беруге және қабылдауға қатысушылардың жауапкершілігі

Тапсырыс берушілерді (инвесторларды, құрылыс салушыларды), техникалық және авторлық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғаларды, іздену, жобалау, құрылыс-монтаждау жұмыстарына мердігерліктің жауапты орындаушыларын, құрылыс материалдарын, бұйымдарын, конструкцияларын және жабдықтарын дайындаушылар мен берушілерді қоса алғанда, салынған объектілерді пайдалануға тапсыруға және қабылдауға қатысушылар, сондай-ақ құрылыстың және жабдықтарды монтаждаудың барысын жедел қадағалау қызметтері және басқа да қатысушылар жіберілген бұзушылықтар не міндетті нормативтік талаптардан (шарттардан, шектеулерден) ауытқушылықтар салдарынан азаматтардың өміріне немесе денсаулығына қауіп төнгені үшін, сондай-ақ мемлекеттік, қоғамдық немесе жеке мүдделерге нұқсан (зиян) келтірілгені үшін, оның ішінде мүгедектігі бар адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі басқа да топтары үшін объектілердің қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады."

26. "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 247-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 1, 4-құжат; № 23, 117-құжат; 2011 ж., № 10, 86-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 8, 64-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 6, 27-құжат; № 10, 50-құжат; № 19-II, 106-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-V, 158-құжат; 2016 ж., № 7-I, 49-құжат; 2017 ж., № 12, 36-құжат; 2018 ж., № 7-8, 22-құжат; № 14, 42-құжат, № 22, 83-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 7, 39-құжат; № 23, 106-құжат; 2020 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 30 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 1-4) тармақшамен толықтырылсын:

"1-4) Әлеуметтік қызметтер порталы – осы Заңға және "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықтың жекелеген санаттарына жергілікті атқарушы органдардың олардың құнын өтеу шарттарында тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу мүмкіндігін беретін автоматтандырылған ақпараттық жүйе;"

2) 2-бапта:

4-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) құрамында еңбекке қабілетті адамдары жоқ немесе жалғыз еңбекке қабілетті мүшесі үш жасқа дейінгі балаға, мүгедектігі бар балаға, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамға, бөгденің күтіміне және көмегіне мұқтаж қарттарға күтімді жүзеге асыратын табысы аз отбасыларға көрсетіледі.";

6-тармақтың екінші бөлігінде;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдарға;"

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) үш жасқа дейінгі баланы немесе отбасындағы үш жастан жеті жасқа дейінгі екі және одан да көп баланы күтуді жүзеге асыратын ата-ананың біріне, мүгедектігі бар баланы, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдарды, сексен жастан асқан, бөгде адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж қарттарды күтуді жүзеге асыратын адамдарға міндетті шарт болып табылмайды.

Осы баптың 6-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген адамдарды бағып-күтумен айналысатындарға отбасының еңбекке қабілетті бір мүшесі ғана жатқызылуы мүмкін;"

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Кепілдік берілген әлеуметтік топтама шартсыз немесе шартты ақшалай көмек алатындар қатарындағы:

бір жастан алты жасқа дейінгі балалары, оның ішінде алты жасқа толған, орта білім беру ұйымдарында оқуға кіріспеген балалары барларға;

тиісті оқу жылы ішінде орта білім беру ұйымдарында білім алатын, алты жастан он сегіз жасқа дейінгі балалары бар, табысы аз отбасыларға беріледі.

Жалған мәліметтер және (немесе) атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін дәйексіз құжаттар ұсыну жағдайларын қоспағанда, шартсыз немесе шартты ақшалай көмектің төленуін тоқтату осы тармақтың бірінші бөлігінің үшінші абзацында көрсетілген отбасыларға кепілдік берілген әлеуметтік топтама беруді тоқтатуға негіз болып табылмайды.

Кепілдік берілген әлеуметтік топтама Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша әлеуметтік қызметтер порталы арқылы ұсынылады.";

3) 4-бапта:

1-тармақтың 3) тармақшасында:

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегілерден басқа, интернат ұйымдарында білім алатын, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балаларға талап етілмейді.";

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Отбасының тұрғылықты жері бойынша осындай деңгейдегі білім беру ұйымының болмауына байланысты отбасында тұратын және орта білім беру ұйымдарында оқу орны бойынша басқа елді мекенде тіркелген балалар осы Заңның мақсаттары үшін отбасы құрамына енгізіледі.";

4-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабында айқындалған мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік оңалту шараларын қамтитын әлеуметтік бейімдеу шаралары, "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес



өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдарға көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен көрсетілетін өзге де мемлекеттік қолдау шаралары айқындалады";

4) мынадай мазмұндағы 4-1 және 4-2-баптармен толықтырылсын:

"4-1-бап. Кепілдік берілген әлеуметтік топтама құнын өтеу

1. Табысы аз отбасы әлеуметтік қызметтер порталы арқылы кепілдік берілген әлеуметтік топтаманы сатып алған кезде жергілікті атқарушы органдардың оның құнын , бірақ осы баптың 2-тармағында көзделген кепілдік берілген соманың мөлшерінен аспайтын мөлшерде өтеуге құқығы бар.

Табысы аз отбасы әлеуметтік қызметтер порталы арқылы кепілдік берілген сомадан асатын баға бойынша кепілдік берілген әлеуметтік топтаманы сатып алған кезде кепілдік берілген сома мен кепілдік берілген әлеуметтік топтаманың нақты құны арасындағы айырманы табысы аз отбасы өз қаражаты есебінен дербес төлейді.

2. Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы сатып алынатын кепілдік берілген әлеуметтік топтаманың құнын өтеу ретінде ұсынылатын кепілдік берілген сома өнім берушіге орталық атқарушы орган бекітетін тәртіпке сәйкес орталық атқарушы орган есептейтін мөлшерде өтеледі.

4-2-бап. Әлеуметтік қызметтер порталы

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке тұлғалар, заңды тұлғалар және олардың филиалдары әлеуметтік қызметтер порталындағы тауарлардың және ( немесе) көрсетілетін қызметтердің өнім берушілері бола алады.

2. Әлеуметтік қызметтер порталында:

1) салық берешегі және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі жоқ;

2) банкроттық не тарату рәсіміне жатпайтын;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілмеген;

4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасында көзделген сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне және (немесе) Ұлттық әл-ауқат қорының сенімсіз әлеуметтік өнім берушілердің (өнім берушілердің) және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызын тікелей немесе жанама түрде Ұлттық әл-ауқат қоры иеленетін заңды тұлғалардың тізбесіне енгізілмеген;

5) міндетті сертификаттауға жататын тауарларды жеткізу кезінде сәйкестік сертификаты бар;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілдік берілген соманы өтеу шарттарында айқындаған көмектің көлемдері мен түрлеріне сәйкес кепілдік берілген әлеуметтік топтамамен қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді қабылдаған өнім берушілер тіркеле алады.

3. Өнім беруші мынадай:

- 1) әлеуметтік қызметтер порталында тіркеуден шығару туралы өтініш берген;
- 2) қызметін тоқтатқан немесе қайтыс болған;
- 3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген;
- 4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасында көзделген сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне және (немесе) Ұлттық әл-ауқат қорының сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызын тікелей немесе жанама түрде Ұлттық әл-ауқат қоры иеленетін заңды тұлғалардың тізбесіне енгізілген;
- 5) әлеуметтік қызметтер порталы арқылы өзіне алған міндеттемелерін орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған жағдайларда әлеуметтік қызметтер порталында тіркеуден шығарылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес әлеуметтік қызметтер порталында тіркеуден шығарған тіркеуден шығару күні өнім берушіні әлеуметтік қызметтер порталы арқылы өзіне алған міндеттемелерден босатпайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 5) тармақшасында көрсетілген жағдайда, алушы өнім берушінің өз міндеттемелерін бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік он төрт күннен кешіктірмей әлеуметтік қызметтер порталында тиісті ақпаратты орналастырады. Осы ақпаратты орналастыру күнінен бастап он жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы орган құратын комиссия қарайды, ол өнім беруші тарапынан бұзушылықтардың болғанын немесе болмағанын айқындайды.

Өнім беруші осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша әлеуметтік қызметтер порталында тіркеуден шығарылған жағдайда, оны кейіннен тіркеу ол туралы мәліметтер тиісті тізілімнен алынғаннан кейін мүмкін болады.

Өнім беруші осы тармақтың бірінші бөлігінің 5) тармақшасында көзделген негіз бойынша әлеуметтік қызметтер порталында тіркеуден шығарылған жағдайда, оны кейіннен әлеуметтік қызметтер порталында тіркеу тіркеуден шығарылған күннен бастап кемінде бір жыл өткен соң мүмкін болады.

4. Әлеуметтік қызметтер порталында өнім берушілерді тіркеу, сондай-ақ әлеуметтік қызметтер порталында тіркеуден шығару орталық атқарушы орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Кепілдендірілген әлеуметтік топтаманы сатып алуға, оның ішінде өнім берушінің қалыптастыру туралы міндеттемелерін қабылдауға байланысты табысы аз отбасы мен өнім берушілер арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен, сондай-ақ нысанын орталық атқарушы орган бекітетін әлеуметтік қызметтер порталында жасалатын шартпен реттеледі.

6. Әлеуметтік қызметтер порталын сүйемелдеуді және жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, еңбек нарығын реттеу және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру жөніндегі мемлекеттік саясатты ақпараттық және талдамалық қолдауды қамтамасыз ететін заңды тұлға жүзеге асырады.";

5) 5-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Учаскелік комиссиялар өз қызметін жергілікті өкілді органдар келіскен және облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары бекітетін учаскелік комиссиялар туралы ережелерге, сондай-ақ өтініш берушінің материалдық жағдайын зерттеп-қарау нәтижелері бойынша атаулы әлеуметтік көмекке мұқтаждықтың болмауының өлшемшарттарына сәйкес жүзеге асырады.

Учаскелік комиссиялар туралы үлгілік ережені, сондай-ақ өтініш берушінің материалдық жағдайын зерттеп-қарау нәтижелері бойынша атаулы әлеуметтік көмекке мұқтаждықтың болмауының өлшемшарттарын орталық атқарушы орган бекітеді.";

6) 6-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары заңнамаға сәйкес үй малын, құсты және жер учаскесін (жер үлесін) табыс бермейді деп айқындауға құқылы.";

7) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау мен төлеуді бақылау және оған әдіснамалық басшылық жасау

Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау мен төлеудің дұрыстығын бақылау тиісті бюджеттің атқарылуын бақылау шеңберінде жүзеге асырылады.

Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау мен төлеуге әдіснамалық басшылық жасауды орталық атқарушы орган жүзеге асырады."

27. "Теміржол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 23, 315-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 18, 110-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 13, 87-құжат; № 14, 89-құжат; № 16, 99-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-I, 100-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 8-I, 60-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 9, 17-құжат; № 11, 29-құжат; № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; 2019 ж., № 7, 37-құжат; № 8,

45-құжат; № 21-22, 91-құжат; № 24-I, 118-құжат; № 24-II, 123-құжат; 2020 жылғы 30 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ахуалды жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 17-1-баптың 1, 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Теміржол вокзалында билет кассалары, күтуге арналған үй-жайлар, санитариялық-тұрмыстық, оның ішінде мүгедектігі бар адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін арнайы жабдықталған үй-жайлар, ана мен бала бөлмесі, ақпараттық қызмет көрсету объектілері (оның ішінде жолаушыларды бірыңғай анықтамалық-ақпараттық орталықпен байланыстыратын объектілер), медициналық пункт, қоғамдық тәртіпті сақтау пункті болуға тиіс.

2. Теміржол вокзалында халық жолаушылар поездарының жөнелтілу және келу уақыттары, жолаушылардың жол жүру және багажды, жүк-багажды тасымалдау құны, поездарда бос орындардың болуы, шұғыл медициналық көмек, шағымдар мен ұсыныстар кітапшасының тұрған орны туралы, билет және багаж кассаларының жұмыс режимі, вокзал үй-жайларының орналасуы, сондай-ақ халыққа көрсетілетін қызметтер тізбесі туралы шынайы ақпаратпен қамтамасыз етіледі.

Ақпаратты беру тілдерді, мәтіндерді, Брайль қарпін, тактильдік қатынасты, ірі қаріпті, қолжетімді мультимедиялық құралдарды пайдалана отырып, мүгедектігі бар адамдар үшін де қамтамасыз етіледі.

3. Жолаушылар платформалары мен перрондарға өту және шығу мүгедектігі бар адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына қолжетімді болуға ( пандустармен, мамандандырылған лифтілермен жабдықталуға) тиіс.";

2) 17-2-тармақта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"17-2-бап. Теміржол көлігі саласындағы көрсетілетін қызметтердің мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімділігі";

1-тармақта:

бірінші, екінші және төртінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мүгедектігі бар адамдардың теміржол көлігі саласындағы көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуі үшін теміржол вокзалдарында және теміржол станцияларында:

1) арнайы жол белгілері орнатыла отырып, мүгедектігі бар адамдардың автокөлік құралдарын қоюға арналған орындардың бөлінуі;"

"3) көру және (немесе) есту қабілеттері бұзылған мүгедектігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қолжетімді ақпараттық сигналдық құрылғылармен және байланыс құралдарымен жабдықталуы;"

3) 67-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) бір толық жол жүру құжатына немесе баланың жол жүру құжатына салмағы отыз бес килограмнан аспайтын қол жүгін өзімен бірге ақысыз алып жүруге құқығы бар.

Салмағы бұдан асатын қол жүгі багаж вагонына тапсырылуға тиіс.

Мүгедектігі бар адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары арасынан шыққан жолаушылардың жеке пайдалануға арналған техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдарды және арнайы қозғалыс құралдарын өздерімен тегін алып жүруге қосымша құқығы бар;"

28. "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" 2002 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 5, 51-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 9, 49-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; 2010 ж., № 24, 143-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 118-құжат; № 23, 138-құжат; 2015 ж., № 22-II, 148-құжат; № 22-V, 154-құжат; 2017 ж., № 12, 37-құжат; № 14, 51-құжат; № 16, 56-құжат; 2019 ж., № 21-22, 91-құжат):

1) 25-баптың 10-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Дипломатиялық қызметтің қызметкеріне немесе жұмыскеріне шет елде қызметтік міндеттерін орындау кезінде алған жарақат, жаралану (контузия), мертігу, ауру салдарынан болған мүгедектік белгіленген кезде, оған оның Сыртқы істер министрлігінде атқарған соңғы лауазымы бойынша лауазымдық айлықақысымен есептелген мөлшерде:

1) I топтағы мүгедектігі бар адамға – отыз айлық ақшалай қаражат;

2) II топтағы мүгедектігі бар адамға – он сегіз айлық ақшалай қаражат;

3) III топтағы мүгедектігі бар адамға – алты айлық ақшалай қаражат мөлшерінде біржолғы өтем төленеді.";

29. "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 16, 152-құжат; 2004 ж., № 23, 142; 2007 ж., № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 14, 92-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; 2015 ж., № 23-II, 170-құжат; 2018 ж., № 14, 42-құжат; 2019 ж., № 24-II, 122-құжат):

1) 8-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мүгедектігі бар адамдар қатарындағы кемтар балаларға үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі туралы ережені әзірлейді, үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелерін құрады;"

2) 9-баптың 6-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы заңдарында белгіленген тәртіппен әлеуметтік көмек көрсету;"

3) 11-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жалпы білім беретін арнаулы білім беру ұйымдары ымдау тілін, Брайль әліпбиін, басқа да балама қаріптерді және қарым-қатынас әдістерін пайдалана отырып, тірек-қимыл аппараты бұзылған, көру және (немесе) есту және (немесе) сөйлеу қабілеттері бұзылған балалардың білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасайды.

Арнаулы білім беру ұйымдары педагогтерді, оның ішінде ымдау тілін, Брайль әліпбиін, басқа да балама қаріптерді және қарым-қатынас әдістерін меңгерген мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа тартады.";

4) 15-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Білім беру гранттарын алуға арналған конкурсқа қатысу кезінде көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімдерінің қорытындысына сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуға қарсы көрсетілмейтін I және II топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар басым құқыққа ие болады.";

5) 16-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) мүгедектігі бар адамдар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын жергілікті өкілді органдардың шешімімен айқындалатын тәртіппен және мөлшерлерде өндіріп алуға құқығы бар."

30. "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 17, 154-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 72-құжат; № 17, 81-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 17, 136-құжат; № 21, 173-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 13, 62-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 77-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 21-құжат; № 11, 65-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 94-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-I, 140-құжат; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 8-II, 67-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 15, 46-құжат; 2019 ж., № 7, 36-құжат; 2020 жылғы 8 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-баптың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"12) мүгедектігі бар бала – тіршілік етуінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан,

кемістіктерден организмнің функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығына зақым келген он сегіз жасқа дейінгі адам;"

2) 30-баптың 1-тармағының алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Медициналық-әлеуметтік мекемеге (ұйымға) төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі күтіп-бағуға, медициналық, тұрмыстық қызмет көрсетуге және әлеуметтік-еңбекке бейімдеуге мұқтаж мүгедектігі бар балалар қабылданады.";

3) 6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Мүгедектігі бар баланың құқықтары";

4) 31, 32 және 33-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"31-бап. Мүгедектігі бар баланың толымды өмірге құқықтары

1. Мүгедектігі бар баланың қоғам өміріне белсене араласуына ықпал ететін өз қадір-қасиетін қамтамасыз ету жағдайындағы толымды өмірге дені сау балалармен бірдей құқығы бар.

2. Мүгедектігі бар бала өзінің дене бітіміне, ақыл-ес қабілетіне және тілегіне сай білім алуға, қызмет түрі мен кәсіпті таңдауға, шығармашылық және қоғамдық қызметтерге қатысуға құқылы.

3. Ақыл-есінің немесе дене бітімінің дамуында кемістігі бар балаларды қоса алғанда, мүгедектігі бар балалар мамандандырылған балалар ұйымдарында медициналық-әлеуметтік көмек алуға құқылы.

32-бап. Мүгедектігі бар баланы жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік кепілдіктер

1. Мемлекеттік органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүгедектігі бар баланың денсаулық жағдайын, қажеттері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оны оқыту, кәсіптік даярлау, лайықты жұмыс тауып беру және жұмысқа орналастыру үшін қажетті жағдайлар жасауға міндетті.

2. Мүгедектігі бар балалардың жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету, оларды кәсіби даярлау мен қайта даярлауды ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен жеңілдіктер белгіленуі мүмкін.

33-бап. Мүгедектігі бар балаларға мемлекеттік көмек

1. Мемлекет мүгедектігі бар балаларды қолдауға бағытталған медициналық, құқықтық, әлеуметтік-экономикалық шаралар кешенін жүзеге асырады.

2. Мүгедектігі бар балаларға көрсетілетін мемлекеттік көмек Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

3. Мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеуші және оларды күтіп-бағуды жүзеге асырушы ата-аналардың және басқа да заңды өкілдердің мемлекеттік көмек алуға құқығы бар."

31. "Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан

Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 25-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 8-I, 65-құжат; 2017 ж., № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 7, 37-құжат; № 15-16, 67-құжат; № 21-22, 90-құжат):

20-баптың 1-тармағының сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мүгедектігі бар балаға – 5 000;"

32. "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 25-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 8-I, 65-құжат; 2017 ж., № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 7, 37-құжат; № 15-16, 67-құжат; № 21-22, 90-құжат; № 24-I, 119-құжат; 2020 жылғы 7 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік камсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 20-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Көлік құралдарының иелері – Ұлы Отан соғысының қатысушылары және жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдар, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, I және II топтағы мүгедектігі бар адамдар, зейнеткерлер стандартты шарт жасасқан кезде осы Заңның 19-бабына сәйкес есептелген, төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының елу пайызы мөлшерінде сақтандыру сыйлықақыларын төлейді.";

2) 24-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мүгедектігі бар балаға – 1 000;"

33. "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 15, 134-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 23, 114-



құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 87-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 19-I, 100, 101-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 8-I, 65-құжат; 2017 ж., № 9, 17-құжат; № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 8, 45-құжат; № 21-22, 91-құжат; 2020 жылғы 7 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 29 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына халықаралық автомобиль тасымалдарын қадағалап отыру мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 26 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 13-баптың 23) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"23) Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидасын бекітеді;"

2) 26-баптың 2-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) отыз және одан да көп такси болған кезде әрбір отыз таксиге шаққанда арнайы жүріп-тұру құралдарын пайдаланатын мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау үшін ыңғайластырылған кем дегенде бір таксиінің болуына;"

3) 27-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"27-бап. Жалпы пайдаланудағы көлікпен тасымалдау кезінде жолаушылардың жекелеген санаттарына арналған басымдықтар

1. Жолаушылардың жекелеген санаттары мынадай басымдықтарға ие:

1) автобуска, троллейбуска, таксиге кезектен тыс отыру құқығы;

2) автобустың, троллейбустың алдыңғы бөлігінде арнайы орындар бөлу.

Аталған басымдықтарды мүгедектігі бар адамдар, зейнеткерлер, жүкті әйелдер, мектеп жасына дейінгі балалары бар жолаушылар пайдаланады;

3) кезексіз билеттер сатып алу құқығы бар.

Аталған артықшылықты Ұлы Отан соғысының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер және басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері пайдаланады.

2. Автовокзалдарда:

1) 5 жасқа дейінгі балалары бар жолаушыларға және жүкті әйелдерге қосымша қызмет көрсетуге арналған ана мен бала бөлмесі;

2) мүгедектігі бар жолаушыларды отырғызуға және түсіруге арналған қондырғылар жасалады.

3. Жалпы пайдаланудағы көлік мүгедектігі бар жолаушылардың мініп-түсуіне арналған құрылғылармен жабдықталады.

Мемлекеттік органдар жолаушыларды тасымалдау бағыттарына қызмет көрсету құқығына конкурстар өткізген кезде, мүгедектігі бар адамдардың пайдалануына бейімделген көлік құралдары бар жеке және заңды тұлғалар артықшылыққа ие болады."

4) 27-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"27-1-бап. Автомобиль көлігі саласында көрсетілетін қызметтердің мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімділігі

1. Автовокзалдар мен автостанцияларда автомобиль көлігі саласында көрсетілетін қызметтерге мүгедектігі бар адамдардың қол жеткізуі үшін:

1) мүгедектігі бар адамдардың автокөлік құралдарын қою үшін арнайы жол белгілері орнатылған орындардың бөлінуі;

2) ғимараттардың, ғимараттарға кіреберіс жолдардың (ғимаратқа кірер жолдардың, баспалдақтардың), ғимарат ішіндегі қозғалыс жолдарының халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін ыңғайластырылуы;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес есту және көру қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді ақпараттық сигналдық құрылғылармен және байланыс құралдарымен жабдықтау;

4) тірек-қозғалыс аппараты бұзылған мүгедектігі бар адамдарға және халықтың жүріп-тұруы шектеулі басқа да топтарына қызмет көрсету үшін мүгедектігі бар адамдарға арналған кезекші кресло-арбаның болуы;

5) күту залдарында мүгедектігі бар адамдарға арналған кресло-арбалармен жүріп-тұратын адамдардың қажеттіліктерін ескере отырып жабдықталуға тиіс мүгедектігі бар адамдарға арналған арнайы орындар бөлу;

6) қоғамдық дәретханаларды мүгедектігі бар адамдарға арналған кресло-арбалармен жүріп-тұратын адамдарға арналған кабиналармен жабдықтау;

7) мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету үшін арнайы бейімделген билет кассаларымен жабдықтау;

8) мүгедектігі бар адамдардың кресло-арбаларымен жүріп-тұратын адамдарға арналған арнайы таксофондардың орнатылуы қамтамасыз етілуге тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағы 2) тармақшасының күші жолаушыларға қызмет көрсету пункттеріне қатысты қолданылады.

3. Әуежайларда, вокзалдарда, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, бос уақытты өткізу және демалыс объектілерінде,

сондай-ақ алаңдарда, даңғылдарда, көшелерде, орамдарда мүгедектігі бар адамдардың арнайы автокөлік құралдарын қоюға арналған тегін тұрақ орындары бөлінеді, оларға өзге автокөлік құралдары қойылмауға тиіс.

Егер тұрақ орындарының саны:

1) қоса алғанда онға дейін болса – мүгедектігі бар адамдардың арнайы автокөлік құралын қою үшін бір орын;

2) оннан астам болса, мүгедектігі бар адамдардың арнайы автокөлік құралын қою үшін тұрақ орындарының жалпы санының кемінде он пайызы бөлінеді.

Бұл ретте егер есептеу қорытындылары бойынша тұрақ орындарының саны 0,5-тен бастап және жоғары бөлшек мәнді құраса, мұндай мән бүтін бірліктерге дейін дөңгелектеуге жатады."

34. "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 15, 88-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 23, 141-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 8-I, 65-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 17-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; 2019 ж., № 8, 45-құжат; 2020 жылғы 30 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы:

1) 46-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Порт айлақтарының иелері кемелер үшін қауіпсіз кіреберістерді, кемелердің мұндай айлақтардағы қауіпсіз тұрағын қамтамасыз етуге міндетті, олардың қоймалары, жүк массасын анықтауға арналған, жүк тиеу-жүк түсіру құралдары, жолаушыларды, оның ішінде мүгедектігі бар адамдарды кемеге отырғызуға, түсіруге және олардың кемеңің келуін күтуге арналған құрылғылары мен қондырғылары, ал қажет болған жағдайларда портқа вагондарды әкелуге арналған теміржолдың кірме жолдары болуға тиіс.

Жүк массасын анықтауға арналған құралдар белгіленген тәртіппен мемлекеттік метрологиялық бақылануға тиіс.";

2) 51-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"51-2-бап. Ішкі су көлігі саласындағы көрсетілетін қызметтердің мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімділігі

1. Ішкі су көлігі саласындағы көрсетілетін қызметтерге мүгедектігі бар адамдардың қол жеткізуі үшін портта:

1) арнайы жол белгілері орнатыла отырып, мүгедектігі бар адамдардың автокөлік құралдарын қоюға арналған орындардың бөлінуі;

2) ғимараттардың, ғимараттарға кіреберіс жолдардың (ғимаратқа кірер жолдардың, баспалдақтардың), ғимарат ішіндегі қозғалыс жолдарының халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін ыңғайластырылуы;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес көру және (немесе) есту қабілеттері бұзылған мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді ақпараттық сигналдық құрылғылармен және байланыс құралдарымен жабдықталуы;

4) тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар адамдарға және халықтың жүріп-тұруы шектеулі басқа да топтарына қызмет көрсету үшін мүгедектігі бар адамдарға арналған кезекші кресло-арбаның болуы;

5) күту залдарында халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарының қажеттіліктері ескеріле отырып жабдықталуға тиісті, мүгедектігі бар адамдарға арналған арнайы орындардың бөлінуі;

6) қоғамдық дәретханалардың мүгедектігі бар адамдардың кресло-арбаларымен жүріп-тұратын адамдарға арналған кабиналармен жабдықталуы;

7) мүгедектігі бар адамдардың кресло-арбаларымен жүріп-тұратын адамдарға арналған арнайы таксофондардың орнатылуы;

8) мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсетуге арналған арнайы билет кассаларының жабдықталуы қамтамасыз етілуге тиіс."

1) 52-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) өзімен бірге жалпы салмағы отыз алты килограмнан аспайтын, ал жүрдек кемелерде жиырма килограмнан аспайтын қолжүгін

(алып жүруге жеңіл, басқа жолаушылардың орнын тарылтпайтын ұзындығы

1,8 метрден аспайтын немесе периметрі бойынша жалпы ұзындығы

2,6 метрден аспайтын заттарды) ақысыз алып жүруге құқылы. Қолжүгін сақтау жауапкершілігі оның иесіне жүктеледі;

Мүгедектігі бар адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары арасынан шыққан жолаушылардың жеке пайдалануға арналған техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдарды және арнайы қозғалыс құралдарын өздерімен тегін алып жүруге қосымша құқығы бар;"

35. "Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 16, 94-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж.,

№ 9, 44-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; 2019 ж., № 15-16, 67-құжат):

18-баптың 2-тармағы 2) тармақшасының бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мүгедектігі бар балаға – 500;".

36. "Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 21, 124-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 92-құжат; № 24, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 60-құжат; 2009 ж., № 17, 80-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 5, 41-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 81-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 53-құжат; 2017 ж., № 11, 29-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 7 (2782), 39-құжат):

18-баптың 6-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) азаматтардың жекелеген санаттарын (кәмелетке толмағандарды, жүкті әйелдерді, бала емізетін аналарды, мүгедектігі бар адамдарды) қорғауды қамтамасыз ететін;".

37. "Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" 2005 жылғы 7 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 3-4, 2-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 22-V, 152-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; 2019 ж., № 15-16, 67-құжат; 2020 жылғы 30 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

24-баптың 2-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қызметкерді жазатайым оқиға немесе кәсіптік ауру салдарынан еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін айқындауға куәландыру, сондай-ақ қосымша көмек пен күтім түрлеріне мұқтаждықты айқындау Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу арқылы жүзеге асырылады."

38. "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы

Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 7-8, 18-құжат; 2006 ж., № 15, 92-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-I, 140-құжат; № 22-V, 152-құжаттар, 158; № 23-II, 170-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 14, 42-құжат; № 19, 62-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 23, 99, 106-құжаттар; 2020 жылғы 30 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ахуалды жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы";

2) кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Заң Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етудің, олардың тіршілік-тынысы мен қоғамға интеграциялануы үшін тең мүмкіндіктер жасаудың құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шарттарын айқындайды.";

3) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) мүгедектігі бар адамдарды абилитациялау – мүгедектігі бар адамдардың болмаған тұрмыстық, қоғамдық және кәсіби қызметке қабілетін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған шаралар кешені;

2) арнаулы жүріп-тұру құралдары – мүгедектігі бар адамдардың белсенді және баяу жүріп-тұруына арналған техникалық көмек түрі;

3) жеке көмекші – жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға ілесіп жүру бойынша әлеуметтік қызметтерді көрсететін адам;

4) инвотакси – мүгедектігі бар адамдарды автомобиль көлігімен тасымалдау бойынша әлеуметтік қызмет;

5) кәсіптік бағдарлау – мүгедектігі бар адамның еңбек қызметі түрлерін таңдауына көмек көрсетуге бағытталған шаралар жүйесі;

6) медициналық-әлеуметтік сараптама – организм функциясының тұрақты бұзылуынан туындаған шектеулі тіршілік-тынысты мүгедектік және/немесе еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу мәніне бағалау, сондай-ақ әлеуметтік қорғау шараларына қажеттілікті айқындау;

7) медициналық-әлеуметтік мекеме (ұйым) – көмек пен күтімге, медициналық қызмет көрсетуге мұқтаж қарттардың, мүгедектігі бар адамдардың, оның ішінде

психоневрологиялық науқастар қатарындағы мүгедектігі бар адамдардың, мүгедектігі бар балалардың стационар, жартылай стационар немесе күндіз болу жағдайында тұрақты немесе уақытша тұруына арналған ұйым;

8) медициналық оңалту – организмнің бұзылған және (немесе) жоғалтылған функцияларын сақтауға, ішінара немесе толық қалпына келтіруге бағытталған медициналық қызметтер кешені;

9) мүгедектік – организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулықтың бұзылуы салдарынан адамның тіршілік-тынысының шектелу дәрежесі;

10) мүгедектігі бар адам – тіршілік-тынысының шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған адам;

11) мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау – мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік көмек көрсету, оңалту, сондай-ақ олардың қоғамға интеграциялануы жөніндегі шаралар кешені;

12) мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік оңалту – мүгедектігі бар адамдардың тіршілік-тынысының шектелуін жеңіп шығуы үшін жағдай туғызуға, олардың әлеуметтік мәртебесін қалпына келтіруге, әлеуметтік-тұрмыстық және ортаға бейімделуіне бағытталған шаралар кешені;

13) мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік-тұрмыстық және ортаға бейімделуі – мүгедектігі бар адамдардың өзіне-өзі қызмет көрсету, өз бетімен өмір сүру мүмкіндігіне қол жеткізу немесе олардың отбасылық және қоғамдық өмірдің үйреншікті жағдайларына қайта оралу процесі;

14) мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыруға арналған арнайы жұмыс орындары – мүгедектігі бар адамдардың жеке мүмкіндіктері ескеріле отырып жабдықталған жұмыс орындары;

15) мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу операторы (бұдан әрі – оператор) – асыраушысынан айырылған жағдайда асырауындағы отбасы мүшелерін қоса алғанда, өздеріне қатысты әлеуметтік қатер жағдайы орын алған міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға осы Заңда көзделген әлеуметтік аударымдарды шоғырландыруды, әлеуметтік төлемдер тағайындауды және жүзеге асыруды жүргізетін заңды тұлға;

16) мүгедектігі бар адамдарды кәсіптік оңалту – мүгедектігі бар адамдардың бұзылған не жоғалтқан кәсіптік дағдыларын, білімі мен машықтарын алуына немесе қалпына келтіруіне және оларды бейімдеу мен жұмысқа орналастыруға бағытталған шаралар кешені;

17) мүгедектігі бар адамды оңалту мен абилитациялаудың жеке бағдарламасы – мүгедектігі бар адамды оңалтудан өткізудің нақты көлемін, түрлері мен мерзімдерін белгілейтін құжат;

18) мүгедектігі бар адамдардың мамандандырылған ұйымдары – мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері, сондай-ақ ондағы қатысу үлестерінің жүз пайызы мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктеріне тиесілі ұйымдар мына талаптарға сай келсе:

мүгедектігі бар адамдардың орташа жылдық саны қызметкерлердің жалпы санының кемінде 51 пайызын құраса;

бір жылда мүгедектігі бар адамдардың еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар еңбекке ақы төлеу жөніндегі жалпы шығыстардың кемінде 35 пайызын құраса, осындай бірлестіктер мен ұйымдар;

19) мүгедектігі бар бала – тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған он сегіз жасқа дейінгі адам;

20) міндетті гигиеналық құралдар – табиғи физиологиялық мұқтаждықтарды және қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған құралдар;

21) қайта жасау хирургиясы – организмнің бұзылған функцияларын қалпына келтіруге немесе олардың орнын толтыруға бағытталған хирургиялық емдеу әдісі;

22) оналту – мүгедектігі бар адамдардың тұрмыстық, қоғамдық және кәсіби және өзге де қызметке қабілетін толық немесе ішінара қалпына келтіруге бағытталған шаралар кешені;

23) протездік-ортопедиялық көмек – мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық құралдармен қамтамасыз ету жөніндегі медициналық-техникалық көмектің мамандандырылған түрі және оларды пайдалануды үйрету;

24) протездік-ортопедиялық құралдар – кем аяқ-қолды немесе дененің басқа да мүшелерін алмастыратын, аурудың немесе денсаулыққа зақым келудің салдарынан организмнің бұзылған немесе жоғалтылған функцияларының орнын толтыратын құралдар;

25) сурдоаударма – қандай да бір тілден дактильді әліпби және (немесе) ымдау тілі көмегімен аудару;

26) сурдотехникалық құралдар – есту кемістіктерін түзеуге және олардың орнын толтыруға арналған, оның ішінде байланыс құралдары мен ақпарат беруді күшейтетін техникалық құралдар;

27) техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар - протездік-ортопедиялық және сурдо-тифлотехникалық құралдар мен міндетті гигиеналық құралдар;



28) тифлотехникалық құралдар - мүгедектігі бар адамдардың көру кемістігі салдарынан жоғалтқан мүмкіндіктерін түзеуге және олардың орнын толтыруға бағытталған құралдар;

29) тіршілік-тынысының шектелуі – адамның өзіне-өзі қызмет көрсету, өздігінен жүріп-тұру, бағдарлай алу, қарым-қатынас жасау, өзінің мінез-құлқын бақылау, оқу және еңбекпен айналысу қабілетінен немесе мүмкіндігінен толық немесе ішінара айрылуы;

30) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттары – мүгедектігі бар адамдарға және мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету сапасын, көлемін және шарттарын белгілейтін нормативтік құқықтық актілер;

31) ымдау тілі маманы – мүгедектігі бар адамдарға еститін және естімейтін адамдар арасында делдалдық қызмет көрсетумен байланысты әлеуметтік қызмет көрсететін маман.":

4) 2-бапта тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бап. Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы заңнамасы"

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады .";

5) 3-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекеттік органдар мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы қатынастардың субъектілері болып табылады.";

6) 2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғауды мемлекеттік реттеу"

7) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясаты

Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясаты:

1) мүгедектіктің профилактикасына;

2) мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғауға, оның ішінде оңалтуға;

3) мүгедектігі бар адамдардың қоғамға интеграциялануына бағытталған.";

8) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау принциптері

Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясаты:

1) заңдылық, ізгілік, адам құқықтарының сақталуы;

2) әлеуметтік қорғауға кепілдік берілу, медициналық, әлеуметтік және кәсіптік оналтуға қолжетімділікті қамтамасыз ету;

3) мүгедектігі бар адамдардың денсаулық сақтауға, білім алуға және қызмет түрін, оның ішінде еңбек қызметі түрін еркін таңдауға басқа азаматтармен қатар қол жеткізуі мен тең құқылы болуы;

4) мемлекеттік органдардың мүгедектігі бар адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктермен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауы;

5) мүгедектік белгісі бойынша кемсітуге тыйым салу принциптері негізінде жүргізіледі.";

9) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;

2) Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі ұлттық жоспарды бекітеді;

3) мемлекеттік тапсырыс немесе грант бойынша оқитын мүгедектігі бар адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стипендиялар тағайындау және төлеу тәртібін бекітеді;

4) мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы үйлестіру кеңесін құрады;

5) мүгедектігі бар адамдарға ұсынылатын техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарының тізбесін бекітеді;

6) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.";

10) 7-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы, сондай-ақ медициналық-әлеуметтік сараптама саласындағы нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді және бекітеді;

2) мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы әдістемелік ұсынымдарды әзірлейді және бекітеді;

- 3) медициналық-әлеуметтік сараптаманы және мүгедектігі бар адамдарды оңалтуды ұйымдастыру мен жүзеге асырудың жалпы принциптерін белгілейді;
- 4) медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 5) медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу кезінде қалыптастырылатын құжаттардың нысандарын әзірлейді және бекітеді;
- 6) мүгедектігі бар адамдарды есепке алу жүйесінің орталықтандырылған деректер банкіні қалыптастырады, мүгедектік себептерінің, құрылымының және жай-күйінің мониторингін жүргізеді;
- 7) мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 8) мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қызметтер порталы арқылы өткізу кезінде тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің құнын мемлекеттік бюджет қаражатынан өтеу қағидаларын бекітеді;
- 9) оңалту мен абилитациялаудың жеке бағдарламасына сәйкес жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға жеке көмекшінің қызметтерін ұсыну қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 10) медициналық-әлеуметтік көрсеткіштердің негізінде қажеттілік дәрежесін ескере отырып жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға жеке көмекшінің қызметтерін ұсыну уақытын айқындау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 11) оңалту мен абилитациялаудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарға ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 12) оңалту мен абилитациялаудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарға санаторий-курорттық емдеуді ұсыну қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 13) оңалту мен абилитациялаудың жеке бағдарламасына сәйкес естуі бойынша мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен және техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 14) оңалту және абилитациялаудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 15) мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру сақталмағандығы үшін өтемақы төлемдерінің мөлшерін анықтау қағидаларын, сондай-ақ жұмыс берушінің оны төлеу тәртібін әзірлейді;
- 16) оператордың мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамту шараларын жүзеге асыруы қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 17) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.";

2-тармақтың 3), 5) және 7) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мүгедектігі бар адамдарды оңалту мен абилитациялаудың жеке бағдарламасының әлеуметтік және кәсіптік бөліктерін әзірлеу, өзінің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауына байланысты мерткікен немесе өзге де денсаулық зақымын алған жұмыскердің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген көмек пен күтімнің қосымша түрлеріне мұқтаждығын айқындау;"

"5) мүгедектігі бар адамдарды оңалту мен абилитациялаудың жеке бағдарламаларының іске асырылуын бақылау және мониторингтеу;"

"7) өз құзыреті шегінде мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау.";

11) 8-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мүгедектігі бар науқасты/адамды оңалтудың жеке бағдарламасының медициналық бөлігін әзірлейді және оны орындауды жүзеге асырады;"

12) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Білім беру саласындағы уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бар адамдардың білім алуын қамтамасыз етеді;

2) мемлекеттік тапсырыс немесе грант бойынша оқып жүрген мүгедектігі бар адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стипендиялар тағайындау мен төлеудің тәртібін әзірлейді;

3) мүгедектігі бар адамдарды оқытуды жүзеге асыратын арнаулы білім беру ұйымдарының білім беру қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді және бекітеді;

4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.";

13) 10-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) мүгедектігі бар адамдарды оңалтуды жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарды құрады;

2) мүгедектігі бар адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша әлеуметтік қолдау шараларын ұсынады;

3) мүгедектігі бар адамдарды оңалтуды жүзеге асыратын ұйымдарды құруға ықпал етеді;

4) Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды кәсіптік оқытуды (қайта оқытуды) ұйымдастырады;

5) мүгедектігі бар адамдарды оңалту жөніндегі мамандарды, оның ішінде ымдау тілінің мамандарын, Брайльдің бедерлі-нүктелік қарпі бойынша оқу және жазу жөніндегі мамандарды даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

6) осы Заңға сәйкес тиісті аумақта медициналық, әлеуметтік, кәсіптік оңалтудың және абилитацияның орындалуын ұйымдастырады;

7) мүгедектігі бар адамды оңалту мен абилитациялаудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдардың санаторий-курорттық емделуін қамтамасыз етеді;

8) мүгедектігі бар адамды оңалту мен абилитациялаудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен және (немесе) арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

9) дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органмен және мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп мүгедектігі бар адамдар арасында сауықтыру және спорттық іс-шараларды өткізуді ұйымдастырады;

10) мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп мәдени-көпшілік және ағарту іс-шараларын ұйымдастырады;

11) мүгедектігі бар адамдарға қайырымдылық және әлеуметтік көмектің көрсетілуін үйлестіреді;

12) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.";

14) 11-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары:

1) мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастырады және қайырымдылық көмек көрсетуді үйлестіреді;

2) мүгедектігі бар адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша әлеуметтік қолдау шараларын ұсынады;

3) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады";

15) 3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары және оларды әлеуметтік қорғау";

16) 13-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Адамға мүгедектік белгіленген және (немесе) еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі белгіленген кезде әлеуметтік қорғау шараларының себептері, мерзімдері, қажеттіліктері айқындалады, сондай-ақ мүгедектігі бар адамды оңалту мен абилитациялаудың жеке бағдарламасының әлеуметтік және кәсіптік бөліктері әзірленеді.

4. Мүгедектік тобы жеті жастан бастап белгіленеді.";

17) 14-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары";

бірінші, екінші, алтыншы және оныншы абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдар:

1) әлеуметтік қорғауға, оның ішінде оңалтуға және абилитациялауға, қоғамға етене араласуға;"

"5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көмегін алуға;"

"9) мүгедектігі бар адамдардың шығармашылық қабілеттерін қолдауға арналған құқықтарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерімен бекітілген әлеуметтік-экономикалық және жеке басының құқықтары мен бостандықтарына толығымен ие болады.";

18) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау

Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау әлеуметтік, қайырымдылық көмекті, медициналық, әлеуметтік және кәсіптік оңалтуды және абилитацияны, білім алуға қолжетімділікті және мүгедектігі бар адамдардың қоғам өміріне басқа азаматтармен бірдей қатысуына мүмкіндіктер жасауға бағытталған өзге де шараларды ұсыну арқылы қамтамасыз етіледі.";

19) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Мүгедектігі бар адамдарға көрсетілетін әлеуметтік көмек

Мүгедектігі бар адамдарға көрсетілетін әлеуметтік көмек мемлекеттік жәрдемақылар, өтемақылар түріндегі төлемдерді және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де, оның ішінде қайырымдылық есебінен берілетін төлемдерді де қамтиды.

Әлеуметтік көмектің қосымша түрлерін жергілікті атқарушы органдар, жұмыс беруші және өзге де ұйымдар көрсетуге құқылы.";

20) 16-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-1-бап. Мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде тұратын психоневрологиялық аурулар қатарындағы мүгедектігі бар адамдарға және мүгедектігі бар балаларға әлеуметтік көмек

1. Мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде тұрып жатқан, сот шешімімен әрекетке қабілетсіз және қамқорлыққа мұқтаж деп танылған мүгедектігі бар адамдардың (бұдан әрі – қамқорлыққа алынғандар) зейнетақы төлемдері және мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылары "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік

әлеуметтік жәрдемақылар туралы" және "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен есепке жазылады.

2. Медициналық-әлеуметтік мекеменің әкімшілігі қамқорлыққа алынғандар алған жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің және мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларының пайдаланылуы туралы есепті облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органына тоқсан сайын ұсынуға міндетті.

3. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары қамқорлыққа алынғандардың жасына байланысты зейнетақы төлемдерін және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін және мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларын медициналық-әлеуметтік мекеме әкімшілігінің дұрыс жұмсауын бақылауды жүзеге асырады.";

21) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Мүгедектігі бар адамдарды оңалту және абилитациялау

"1. Мүгедектігі бар адамдарды оңалту және абилитациялау организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулықтың бұзылуынан тіршілік әрекетінің шектелуін жоюға немесе оның орнын мүмкіндігінше толықтай толтыруға, сондай-ақ қалыптастырылмаған функциялар мен дағдыларды алуға және дамытуға бағытталған медициналық, әлеуметтік және кәсіптік іс-шаралар кешенін қамтиды.

2. Мүгедектігі бар адамдарды оңалту және абилитациялау мүгедектігі бар адамды оңалту мен абилитациялаудың жеке бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.";

22) 19-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Мүгедектігі бар адамдарды оңалту мен абилитациялаудың жеке бағдарламасы

1. Оңалту мен абилитациялаудың жеке бағдарламасы организмнің бұзылған және жоғалтқан функцияларын қалпына келтіруге және (немесе) олардың орнын толтыруға, сондай-ақ қалыптастырылмаған функциялар мен дағдыларға ие болуға және дамытуға бағытталған медициналық, әлеуметтік, кәсіптік оңалту шараларын қамтитын оңалту іс-шараларының кешенін айқындайды.

2. Оңалту мен абилитациялаудың жеке бағдарламасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бар адамға тегін көрсетілетін оңалту мен абилитациялау іс-шараларын, сол сияқты ақысын төлеуге мүгедектігі бар адамның өзі немесе оның жұмыста мертігуіне немесе кәсіптік ауруға шалдығуына кінәлі жұмыс беруші қатысатын оңалту мен абилитациялау іс-шараларын да қамтиды.";

23) 20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап. Мүгедектігі бар адамдарды медициналық оңалту

1. Мүгедектігі бар адамдарды медициналық оңалту:

1) қалпына келтіру терапиясын (дәрі-дәрмекпен, физикалық, санаторийлік-курорттық емдеуді және организмнің бұзылған немесе жоғалтқан функциялары мен денсаулықты қалпына келтіруге бағытталған басқа да емдеу әдістерін);

2) қайта жасау хирургиясын;

3) протездік-ортопедиялық көмекті қамтиды.

2. Медициналық оңалту жөніндегі іс-шараларды денсаулық сақтау ұйымдары мен меншік нысанына қарамастан басқа да мамандандырылған ұйымдар жүргізеді.

Мүгедектігі бар адамдарды жеке оңалтудың бағдарламаларына сәйкес санаторийлік-курорттық емдеумен қамтамасыз ету осы Заңның 32-1-бабына сәйкес оның құнын жергілікті атқарушы органдардың толық немесе ішінара өтеуі жолымен жүзеге асырылады.

3. Осы баптың 5 және 6-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жұмыс берушінің кінәсінен еңбек үстінде мертліккен немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамға санаторийлік-курорттық емделуге жолдама Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс берушінің есебінен беріледі.

4. Жұмыс берушіге қатысты соттың оны банкрот деп тану туралы шешімі заңды күшіне енген жағдайда жұмыс берушінің кінәсінен еңбек үстінде мертліккен немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамға санаторийлік-курорттық емдеу осы баптың 3-тармағына сәйкес беріледі.

5. Жұмыс беруші - дара кәсіпкердің қызметі тоқтатылған немесе заңды тұлға таратылған жағдайда жұмыс берушінің кінәсінен еңбек үстінде мертліккен немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамға санаторийлік-курорттық емдеу осы баптың 3-тармағына сәйкес беріледі.";

24) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік оңалту және абилитациялау

1. Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік оңалту және абилитациялау:

1) мүгедектігі бар адамдарды жеке басы гигиенасының, өзін-өзі қарап-күтудің, жүріп-тұрудың, қарым-қатынастың негізгі әлеуметтік дағдыларына үйретуді;

2) мүгедектігі бар адамдарды техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен және арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуді;

3) басқа адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж мүгедектігі бар адамдарға, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға үйде көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынуды;

4) жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін оңалту мен абилитациялаудың жеке бағдарламасына сәйкес жеке көмекшінің көрсететін әлеуметтік қызметтерін ұсыну осы Заңның 32-1-бабына сәйкес олардың құнын жергілікті атқарушы органдардың толық өтеуі немесе ішінара өтеуі жолымен әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы ұсынуды қамтиды.



Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адам үшін оған күтімді жүзеге асыратын адамға "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабында көзделген тәртіппен арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындалған және төленген кезде жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтер көрсетуі ұсынылмайды.";

5) есту кемістігі бар мүгедектігі бар адамдар үшін оңалту мен абилитациялаудың жеке бағдарламасына сәйкес ымдау тілі маманының әлеуметтік көрсетілетін қызметтерін осы Заңның 32-1-бабына сәйкес олардың құнын жергілікті атқарушы органдардың толық немесе ішінара өтеуі жолымен жылына алпыс сағат ұсынуды;

6) медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынуды;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықтық көмек көрсетуді;

8) оңалту мен абилитациялаудың жеке бағдарламасына сәйкес әлеуметтік оңалту мен абилитацияның өзге де түрлерін қамтиды.

2. Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік оңалту мен абилитациялауды медициналық-әлеуметтік мекемелер (ұйымдар), әлеуметтік көмекті үйде көрсететін бөлімшелер, арнаулы білім беру ұйымдары (психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар, оңалту орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері), денсаулық сақтау ұйымдары және басқа да мамандандырылған ұйымдар жүзеге асырады.";

25) 22-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"22-бап. Мүгедектігі бар адамдарға техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарын беру

1. Оңалту мен абилитациялаудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдар протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етіледі.

Протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету осы Заңның 32-1-бабына сәйкес олардың құнын жергілікті атқарушы органдардың толық немесе ішінара өтеуі жолымен жүзеге асырылады.

2. Жұмыс берушінің кінәсінен еңбек үстінде мертліккен немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамдар оңалту мен абилитациялау жеке бағдарламасына сәйкес техникалық көмекші (компенсаторлық) және арнаулы жүріп-тұру құралдарымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс берушінің қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі.

3. Жұмыс беруші - дара кәсіпкердің қызметі тоқтатылған немесе заңды тұлға таратылған, сондай-ақ оған қатысты соттың банкрот деп тану туралы шешімі заңды күшіне енген жағдайда жұмыс берушінің кінәсінен еңбек үстінде мертліккен немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамға протездік-ортопедиялық көмек,

техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар, арнаулы жүріп-тұру құралдары осы баптың 1-тармағына сәйкес беріледі.

4. Техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар Қазақстан Республикасы мемлекеттік сертификаттау жүйесінің талаптарына сәйкес міндетті түрде сертификатталуға жатады.";

26) 23-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"23-бап. Үйде және аумақтық әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну

1. Өзінің негізгі өмірлік қажеттіліктерін өз бетінше қанағаттандыру мүмкіндігін, өзін-өзі қарап-күту және (немесе) жүріп-тұру қабілетін ішінара немесе толық жоғалтуына байланысты басқа адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж бірінші және екінші топтардағы жалғызбасты мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынуды халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарына сәйкес әлеуметтік көмекті үйде көрсететін бөлімшелер және қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қызмет көрсететін аумақтық орталықтар жүзеге асырады.

2. Өзінің негізгі өмірлік қажеттіліктерін өз бетінше қанағаттандыру мүмкіндігін, өзін-өзі қарап-күту және (немесе) жүріп-тұру қабілетін ішінара немесе толық жоғалтуына байланысты басқа адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынуды халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарына сәйкес әлеуметтік көмекті үйде көрсететін бөлімшелер және қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қызмет көрсететін аумақтық орталықтар жүзеге асырады.

3. Үйде және қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қызметтер көрсететін аумақтық орталықтарда арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсыну бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.";

27) 24-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Денсаулық жағдайына байланысты басқа адамның тұрақты күтіміне және медициналық қызмет көрсетуге мұқтаж бірінші және екінші топтардағы жалғызбасты мүгедектігі бар адамдарға, психоневрологиялық науқастар қатарындағы бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдарға, мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсыну мүгедектігі бар адамдардың жасына, денсаулық жағдайына сәйкес бейінделген қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған интернат-үйлерде жүзеге асырылады және тіршілік әрекеті жағдайларын жасауды, күтіммен қамтамасыз етуді, медициналық қызмет көрсетуді, оңалтуды, әлеуметтік-еңбектік бейімдеуді, демалыс пен бос уақытты ұйымдастыруды қамтиды.";

28) 25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"25-бап. Мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне кіріп-шығуын қамтамасыз ету

## 1. Жергілікті атқарушы органдар:

1) ұлттық стандарттарға сәйкес елді мекендерді жобалау, салу және оларда құрылыс жүргізу, тұрғын аудандарды қалыптастыру, жаңадан игерілетін және реконструкцияланатын аумақтар мен басқа да елді мекендерді абаттандыру кезінде мүгедектігі бар адамдардың тұрғын, қоғамдық және өндірістік ғимараттарға, құрылыстарға және үй-жайларға кіріп-шығуын;

2) тұрғын үй құрылыстары шегінде, сондай-ақ қызмет көрсету мекемелері мен еңбек ету объектілері жанында орналасатын жеңіл автомобильдерді уақытша сақтауға арналған ашық тұрақтарды жобалау және салу кезінде мүгедектігі бар адамдардың жеке автокөлік құралдарына арналған орындарды;

3) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерді ескере отырып, автомобильдерді қоса алғанда, арнаулы жүріп-тұру құралдарына арналған гараждар немесе тұрақтар салу үшін мүгедектігі бар адамдарға кезектен тыс орын беруді;

4) мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсетуге бағдарланған мекемелер орналасқан жерлерде, сондай-ақ халық көп жүретін жерлерде ілесе дыбыстайтын және жарық беретін арнаулы бағдаршамдар, жол белгілерін және көрсеткіштер орнатуды, дыбыстайтын және жарық түсіретін құрылғылармен жарақталған жаяу жүргіншілер өтетін жерлерді белгілеуді қамтамасыз етуге тиіс.

2. Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар салынып жатқан (салынуы болжанып отырған) объектілер мен кешендердің мониторингіне қатысуға мүгедектігі бар адамдар қоғамдық бірлестіктерінің өкілдерін тартуға тиіс.

3. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар, сондай-ақ заңды тұлғалар мүгедектігі бар адамдарға ортақ пайдаланылатын көлік құралдарына, тұрғын, қоғамдық және өндірістік ғимараттарға, құрылыстар мен үй-жайларға кедергісіз кіріп-шығуына, әуежайларда, теміржол вокзалдарында, автовокзалдарда, автостанцияларда, теңіз және өзен порттарында еркін бағдар ұстануы мен жүріп-тұруына ұлттық стандарттарға сәйкес жағдай жасауға міндетті.

Аталған объектілерді мүгедектігі бар адамдардың кіріп-шығуына бейімдеу мүмкін болмаған жағдайларда, тиісті жеке және заңды тұлғалар мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктерін барынша ескеретін қажетті шараларды әзірленуге және мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерінің бірімен келісуге және жүзеге асыруға тиіс.

Мемлекеттік органдар жолаушыларды тасымалдау бағыттарына қызмет көрсету құқығына конкурстар өткізген кезде мүгедектігі бар адамдардың пайдалануына бейімделген көлік құралдары бар тұлғалар артықшылыққа ие болады.

4. Лауазымды адамдардың, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың және заңды тұлғалардың мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік,

инженерлік және көлік инфрақұрылымына кедергісіз қол жеткізуі үшін жағдайларды қамтамасыз етпеуі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соғады.";

29) мынадай мазмұндағы 25-1-баппен толықтырылсын:

"25-1-бап. Автомобиль көлігімен тасымалдау бойынша қызметтер көрсету кезінде мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді көлік ортасын қамтамасыз ету

1. Автомобиль көлігімен тасымалдау бойынша қызметтер көрсету кезінде мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді көлік ортасын қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Мүгедектігі бар адамдарды инвентакси қызметтерін көрсетумен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы заңнамасына сәйкес немесе әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы осы Заңның 32-1-бабына сәйкес олардың құнын толық немесе ішінара өтеу арқылы жүзеге асырылады.";

30) 26-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"26-бап. Мүгедектігі бар адамдарды тұрғын үймен қамтамасыз ету

1. Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) тұрғын үйге мұқтаж мүгедектігі бар адамдарды есепке қояды және олардың пайдалануына тұрғынжай береді;

2) мүгедектігі бар адамдарға немесе құрамында мүгедектігі бар адамдар бар отбасыларға берілетін тұрғын үй-жайларды арнайы құралдармен және жабдықпен жабдықтауды қамтамасыз етеді.

2. Мүгедектігі бар адамдарға ғимараттың қабаты, тұрпаты, абаттандырылу дәрежесі және тұруға қажетті басқа да жағдайлар ескеріле отырып, тұрғын үй-жайды таңдау құқығы беріледі.";

31) 27-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"27-бап. Мүгедектігі бар адамдардың мәдени-ойын-сауық ұйымдарына және спорт ғимараттарына бара алуын қамтамасыз ету

Жергілікті атқарушы органдар мүгедектігі бар адамдарға мәдени-ойын-сауық іс-шараларына, сондай-ақ дене шынықтырумен және спортпен шұғылданду үшін спорт ғимараттарына бара алатын жағдайларды, арнаулы спорт жабдықтарын беруді қамтамасыз етеді.

Бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар мен он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар санамалап көрсетілген қызметтерді бюджет қаражаты есебінен, ал үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдар аталған көрсетілетін қызметтер құнының елу процентін төлеп пайдаланады.";

32) 28-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"28-бап. Мүгедектігі бар адамдардың ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету

1. Мемлекет мүгедектігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мерзімді, ғылыми, оқу-әдістемелік, анықтамалық-ақпараттық және көркем әдебиет, оның ішінде аудиотаспаларды, дискілерді, бедерлі-нүктелі Брайль қарпімен және сурдоаудармасы бар бейнетаспаларды шығару арқылы мүгедектігі бар адамдардың ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

2. Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасына сәйкес жаңалық сипатындағы кемінде бір телебағдарлама сурдоаудармамен немесе субтитрлер түріндегі аудармамен қамтамасыз етіледі.

3. Тұлғааралық қатынас құралы ретінде ымдау тілі пайдаланылады, ол есту қабілеті бұзылған балаларға арналған білім беру ұйымының оқу бағдарламаларында да қолданылады.";

33) 29-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"29-бап. Мүгедектігі бар адамдарға білім алуы және мектепке дейінгі тәрбие алуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету

1. Мүгедектігі бар адамдарға тегін бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алуға кепілдік беріледі.

2. Бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балалар үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға оқуға түсу кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мөлшерде қабылдау квотасы көзделеді.

3. Білім беру гранттарын алуға арналған конкурсқа қатысу кезінде көрсеткіштері бірдей болған жағдайда медициналық қорытындыға сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуға қарсы көрсетілімдері жоқ бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдардың, бала кезінен мүгедектігі бар адамдардың, мүгедектігі бар балалардың басым құқығы бар.

4. Мемлекеттік тапсырыс немесе грант бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын мүгедектігі бар адамдарға стипендиямен қамтамасыз ету жөніндегі жеңілдіктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес беріледі.

5. Жалпы үлгідегі мектепке дейінгі ұйымдарда және орта білім беру ұйымдарында болуына денсаулық жағдайы мүмкіндік бермейтін мүгедектігі бар балалар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен балалар бақшалары мен басқа да арнаулы түзеу ұйымдары құрылады.

6. Мүгедектігі бар балаларды жалпы немесе арнаулы мектепке дейінгі ұйымдарда және басқа оқу орындарында тәрбиелеу мен оқыту мүмкін болмаған жағдайда, оларды

тәрбиелеу мен оқыту ата-анасының немесе заңды өкілдерінің тілегі ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен үйде жүргізіледі.

7. Мемлекет мүгедектігі бар адамдардың, бала кезінен мүгедектігі бар адамдардың және мүгедектігі бар балалардың білім алуы кезеңінде оларды күтіп-бағуға жұмсалған шығыстарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен толық немесе ішінара көтереді.":

34) 30-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"30-бап. Мүгедектігі бар адамдарды кәсіптік оңалту

1. Мүгедектігі бар адамдарды кәсіптік оңалту:

- 1) кәсіптік бағдар беруді;
- 2) кәсіптік оқытуды (қайта оқытуды);
- 3) жұмысқа орналастыруды қамтиды.

2. Кәсіптік бағдар беруді білім беру, халықты әлеуметтік қорғау ұйымдары жүзеге асырады.

3. Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын ашатын жұмыс берушілер мүгедектігі бар адамдарды кәсіптік бағдарлауға қатысады.

4. Мүгедектігі бар адамдарды кәсіптік оқытуды (қайта оқытуды) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алынған лицензия негізінде білім беру қызметін жүргізетін ұйымдар жүзеге асырады.>";

35) 31-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"31-бап. Мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету

Жергілікті атқарушы органдар мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамтуды:

1) Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес ауыр жұмыстардағы, зиянды, қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстардағы жұмыс орындарын есепке алмай, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызына дейінгі мөлшерінде мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу;

2) дара кәсіпкерлікті, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту арқылы мүгедектігі бар адамдар үшін қосымша жұмыс орындарын құру;

3) мүгедектігі бар адамдарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмысқа орналастыру үшін арнайы, сондай-ақ әлеуметтік жұмыс орындарын құру;

4) мүгедектігі бар адамдарға кәсіптік оқуды ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етеді .";

36) 32-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"32-бап. Мүгедектігі бар адамдардың еңбек қатынастары саласындағы құқықтары

1. Бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар үшін аптасына отыз алты сағаттан аспайтын жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленеді,

ұзақтығы кемінде күнтізбелік алты күн болатын жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысы беріледі.

2. Түнгі уақыттағы жұмысқа мүгедектігі бар адамның келісімімен және егер оның мұндай жұмыс істеуіне денсаулық жағдайы бойынша тыйым салынбаған болса, рұқсат етіледі.

3. Медициналық қорытынды бойынша мүгедектігі бар адамның денсаулық жағдайы кәсіптік міндеттерін орындауға кедергі келтіретін не басқа адамдардың денсаулығына және еңбек қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жағдайларды қоспағанда, мүгедектік уәждері бойынша еңбек шартын жасасудан не қызмет бабында жоғарылатудан бас тартуға, жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан босатуға, мүгедектігі бар адамды оның келісімінсіз басқа жұмысқа ауыстыруға жол берілмейді.";

37) 32-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"32-1-бап. Құнын өтеу

1. Оңалту мен абилитациялаудың жеке бағдарламаларына сәйкес әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы санаторийлік-курорттық емдеуді, протездік-ортопедиялық көмекті, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдарды, арнаулы жүріп-тұру құралдарын, жеке көмекшінің және ымдау тілі маманының әлеуметтік көрсетілетін қызметтерін, сондай-ақ инвентакси қызметтерін көрсетуді сатып алу кезінде мүгедектігі бар адамның олардың құнын, бірақ осы баптың 2-тармағында көзделген кепілдік берілген сома мөлшерінен асырмай жергілікті атқарушы органдарға өтетуге құқығы бар.

Мүгедектігі бар адамдар оңалту мен абилитациялаудың жеке бағдарламаларына сәйкес әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы санаторийлік-курорттық емдеуді, протездік-ортопедиялық көмекті, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдарды, арнаулы жүріп-тұру құралдарын, жеке көмекшінің және ымдау тілі маманының әлеуметтік көрсетілетін қызметтерін, сондай-ақ инвентакси қызметтерін көрсетуді кепілдік берілген сомадан асатын бағамен сатып алған кезде кепілдік берілген сома мен сатып алынған тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің іс жүзіндегі құны арасындағы айырманы мүгедектігі бар адам меншікті қаражаты есебінен дербес өздері төлейді.

2. Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің құнын өтеу ретінде берілетін кепілдік берілген сома мынадай мөлшерде:

санаторийлік-курорттық емдеуге, протездік-ортопедиялық көмекке, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдарға, арнаулы жүріп-тұру құралдарына – халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган белгіленген мөлшерде төленеді.

Санаторийлік-курорттық емдеудің, протездік-ортопедиялық көмектің, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының құнын

өтеу ретінде берілетін кепілдік берілген соманың мөлшерін есептеу тәртібін халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайды;

жеке көмекшінің әлеуметтік көрсетілетін қызметтеріне – бір сағатқа, бірақ айына жүз жетпіс алты сағаттан аспайтын және күніне сегіз сағаттан аспайтын әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманның жалақысының мөлшерінің есебімен;

ымдау тілі маманының әлеуметтік көрсетілетін қызметтеріне – бір сағатқа, бірақ жылына алпыс сағаттан асырмай тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен жалақы мөлшерінің он бес проценті есебімен төленеді.";

38) 32-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"32-2-бап. Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы

1. Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы әлеуметтік-еңбек саласының ақпараттық жүйесі болып табылады және халықтың жекелеген санаттарына осы Заңға және "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың олардың құнын өтеу шарттарында тауарларды мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу мүмкіндігін беретін автоматтандырылған ақпараттық жүйені білдіреді.

Мүгедектігі бар адамдар әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында өнім берушіні таңдауды оған оналту мен абилитациялау жеке бағдарламасының іс-шараларын әлеуметтік қызметтер порталына жібергені туралы хабарлаған күнінен бастап екі ай ішінде жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар, сондай-ақ заңды тұлғалар мен олардың филиалдары әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтердің өнім берушілері бола алады.

Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында мынадай:

1) салықтық берешегі және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі жоқ;

2) банкроттық не тарату рәсіміне жатпайтын;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізілмеген;

4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасында көзделген сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімінде және (немесе) Ұлттық әл-ауқат қорының сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) және дауыс беру акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп процентін тікелей немесе жанама түрде Ұлттық әл-ауқат қоры иеленетін заңды тұлғалардың тізбесінде болмаған;

5) міндетті сертификаттауға жататын тауарларды беру кезінде сәйкестік сертификаты бар;



6) мемлекеттік тіркеуге және қайта тіркеуге жататын медициналық бұйымдарға жататын техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарын жеткізу кезіндегі тіркеу куәлігі бар;

7) инватакси қызметтерін көрсету кезінде такси тасымалдаушылары және (немесе) таксидің ақпараттық-диспетчерлік қызметтері болып табылатын;

8) тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді өткізу бағасын ұсынған;

9) санаторийлік-курорттық емдеуді және медициналық оңалтуды ұсыну кезінде медициналық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар;

10) ымдау тілі маманының қызметін көрсету кезінде біліктілігін растайтын құжаты бар өнім берушілер тіркеле алады.

Осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінің қолданысы жеке көмекшінің әлеуметтік көрсетілетін қызметтеріне қолданылмайды.

Жеке көмекшінің әлеуметтік көрсетілетін қызметтерінің өнім берушісі психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте тұрмайтын кез келген жеке тұлға бола алады.

Өнім беруші:

1) әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында тіркеуден шығару туралы өтініш берген;

2) қызметті тоқтатқан немесе қайтыс болған;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген;

4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасында көзделген сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне және (немесе) Ұлттық әл-ауқат қорының сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) және дауыс беру акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп процентін тікелей немесе жанама түрде Ұлттық әл-ауқат қоры иеленетін заңды тұлғалар тізбесіне енгізілген;

5) әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы өзіне алған міндеттемелерді орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған жағдайларда, әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында тіркеуден шығарылады.

Осы тармақтың бесінші бөлігінің 1), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында тіркеуден шығару өнім берушіні тіркеуден шығару күніне әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы оның өзіне алған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

Осы тармақтың бесінші бөлігінің 5) тармақшасында көрсетілген жағдайда, мүгедектігі бар адам өзіне өнім берушінің өзіне алған міндеттемелерді орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік он төрт күннен кешіктірмей, әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталына тиісті ақпаратты орналастырады. Осы ақпаратты жергілікті атқарушы орган құратын

комиссия орналастырылған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды, ол өнім беруші тарапынан бұзушылықтардың болғанын немесе болмағанын айқындайды.

Өнім беруші осы тармақтың бесінші бөлігінің 3) және 4) тармақшаларында көзделген негіз бойынша әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында тіркеуден шығарылған жағдайда, оның әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында кейінгі тіркелуі тиісті тізілімнен ол туралы мәліметтер алып тасталғаннан кейін мүмкін болады.

Өнім беруші осы тармақтың бесінші бөлігінің 5) тармақшасында көзделген негіз бойынша әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында тіркеуден шығарылған жағдайда, оның әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында кейінгі тіркелуі тіркеуден шығарылған күннен бастап бір жылдан кейін мүмкін болады.

Өнім берушілерді әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында тіркеу, сондай-ақ әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында тіркеуден шығару халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Мүгедектігі бар адамдар мен өнім берушілер арасындағы тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы сатып алуға байланысты қатынастар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен, сондай-ақ әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында жасалатын шартпен реттеледі.

#### 4. Өнім беруші тапсырысты қабылдаудан:

1) протездік-ортопедиялық көмекті, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдарды, арнаулы жүріп-тұру құралдарын сатып алуға мынадай жағдайларда:

қоймада тауар болмаған;

ол өнім берушілер тізілімінен (тіркелімінен) алып тастауға өтініш берген;

2) жеке көмекшінің, ымдау тілі маманының қызметтерін көрсетуге мынадай жағдайларда:

егер қызмет мүгедектігі бар адамның тұрғылықты жерінде көрсетілмесе;

қызмет (қызметтер) көрсететін маманның (мамандардың) толық жұмысбастылығы;

ол өнім берушілер тізілімінен алып тастауға өтініш берген;

егер бұрын мүгедектігі бар адамның қызмет көрсететін адамның/маманның ар-намысын қорлайтын әдепсіз мінез-құлқы себебінен оған қызмет көрсетуден бас тартылса;

3) санаторийлік-курорттық емдеу көрсетуге мынадай жағдайларда:

егер мүгедектігі бар адам санаторийлік-курорттық ұйымның контингентіне жатпаса;

бір төсек-орынға бірнеше тапсырыс бір мезгілде келіп түскен;

ол өнім берушілер тізілімінен алып тастауға өтініш берген жағдайларда бас тартады.

5. Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталын сүйемелдеуді және оған жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі

бойынша құрылған, еңбек нарығын реттеу және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру

бойынша мемлекеттік саясатты ақпараттық және талдамалық қолдауды қамтамасыз ететін заңды тұлға жүзеге асырады.";

39) 4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Жұмыс берушінің мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау ісіне қатысуы";

40) 33-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"33-бап. Жұмыс берушінің әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне кіре алуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеті

Жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамдардың өндірістік үйлерге, ғимараттарға, үй-жайларға кіре алуы үшін жұмыс беруші жұмыс орындары мен жұмыс үй-жайларын жобалау және бейімдеу арқылы жағдай жасайды, мүгедектігі бар адамды оңалтудың және абилитацияның жеке бағдарламасына сәйкес тұрғын үй-жайларды арнаулы құралдармен және көмекші құрылғылармен жабдықтайды.";

41) 34-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"34-бап. Жұмыс берушінің мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамту және кәсіптік оңалту саласындағы міндеті

1. Жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған және (немесе) кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс беруші кәсіптік оқытуды немесе қайта оқытуды, арнаулы жұмыс орындарын құруды осы Заңға сәйкес жеке қаражаты есебінен қамтамасыз етеді.

2. Жұмыс беруші мүгедектігі бар адамдар үшін жергілікті атқарушы органдар белгілеген жұмыс орындары квотасын орындауға міндетті.

3. Операторға мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру жөніндегі квотаны сақтамағаны үшін өтемақы төлемдері төленген жағдайда, жұмыс беруші мүгедектігі бар адамдар үшін белгіленген жұмыс орындары квотасын орындау міндетінен босатылады.";

42) 35-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"35-бап. Жұмыс берушінің мүгедектігі бар адамға келтірілген зиянды өтеу жөніндегі міндеті

Жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамдарға келтірілген зиянды өтеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.";

43) мынадай мазмұндағы 4-1-тараумен толықтырылсын:

"35-1-бап. Оператордың мәртебесі

Оператор мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру жөніндегі квотаны сақтамағаны үшін жұмыс берушілердің өтемақы төлемдерін шоғырландыру және осы

Занда көзделген мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын осы қаражат есебінен іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалған заңды тұлға болып табылады.

### 35-2 бап. Оператордың функциялары

#### 1. Оператор:

1) мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарының квотасын орындамағаны үшін жұмыс берушілер төлеген өтемақыны шоғырландырады;

2) мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мынадай шараларын жүзеге асырады:

мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құратын жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау;

мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін қажетті дағдыларға оқытуды ұйымдастыру;

әлеуетті жұмыс берушілерде мүгедектігі бар адамдардың ақы төленетін тағылымдамаларын ұйымдастыру;

3) осы баптың 2) тармақшасында көзделген мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын іске асыру туралы келісімдер жасасады;

4) жұмыс берушілердің мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындары квотасын орындауына, сондай-ақ жұмыс берушілердің мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру квотасын сақтамағаны үшін өтемақы төлемдерін есептеудің дұрыстығына, толықтығына және уақтылы төлеуіне мониторингті жүзеге асырады;

5) мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру бойынша квотаны сақтамағаны үшін жұмыс берушілердің өтемақы төлемдерін жүзеге асыратын жұмыс берушілердің есебін жүргізеді;

6) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүргізілетін мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру жөніндегі квотаны сақтамағаны үшін өтемақы төлемдерінің артық төленген сомаларын алдағы төлемдер есебіне қайтару және (немесе) есепке жатқызу;

7) жұмыс берушілер мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарының квотасын орындамағаны және (немесе) мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру жөніндегі квотаны сақтамағаны үшін өтемақы төлемдеріне ақы төлеген жағдайда, оларды әкімшілік жауаптылыққа тарту мақсатында бұл туралы мемлекеттік еңбек инспекциясы органдарын хабардар етеді.

2. Оператордың мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын жүзеге асыру тәртібін халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

35-3-бап. Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру жөніндегі квотаны сақтамағаны үшін жұмыс берушілердің өтемақы төлемдерін сақтау

1. Осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, оператор мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру жөніндегі квотаны сақтамағаны үшін жұмыс берушілердің өтемақы төлемдеріне билік етуге құқылы емес.

2. Оператор қызметін дамыту стратегиясын халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органмен келіседі.";

44) 5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері";

45) 36-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"36-бап. Мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерінің құқықтары және өкілеттіктері

1. Мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері үйлестіру кеңесінің жұмысына және мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғауға байланысты мәселелерді шешуге қатысады.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар мүгедектігі бар адамдардың мүдделерін қозғайтын шешімдерді әзірлеу мен қабылдау кезінде мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерімен және олардың өкілетті өкілдерімен өзара іс-қимыл жасайды.

3. Мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктеріне, сондай-ақ олардың ұйымдарына олардың меншігіндегі ғимараттар (құрылыстар, құрылысжайлар) салынған жер учаскелеріне меншік құқығын мемлекеттік меншіктен жеке меншікке беру Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

Мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері қызметін тоқтатқан немесе мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерінің, олардың ұйымдарының меншігіндегі жылжымайтын мүлікті иеліктен айырған жағдайда, олардың меншігіндегі жер учаскелері мемлекеттің меншігіне қайтарылуға тиіс.

4. Мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері:

1) орталық және жергілікті атқарушы органдарға мүгедектігі бар адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды камтамасыз ету жөнінде ұсыныстар енгізуге;

2) әлеуметтік қызметтердің тиісті түрлерін көрсетудің тиімділігін бағалауға қатысуға;

3) мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау мәселелері жөнінде әзірленіп жатқан Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне ұсыныстар енгізуге;

4) дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органмен немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға;

5) уәкілетті аумақтық мәдениет органдарымен бірлесіп ағарту және мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастыру арқылы мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысуға құқылы.";

46) 37-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"37-бап. Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау

Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырады.";

47) 39-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"39-бап. Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы заңнамасын бұзуға кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.";

39. "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" 2005 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 12, 44-құжат; 2007 ж., № 24, 178-құжат; 2009 ж., № 23, 111-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 6, 28-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж. № 6, 27-құжат; № 19-II, 106-құжат; № 22-II, 145-құжат; 2017 ж., № 12, 36-құжат; 2018 ж., № 14, 42-құжат; 2019 ж., № 7, 39-құжат; № 21-22, 90-құжат ; № 23, 106-құжат; 2020 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ана мен баланы қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 30 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-баптың 1-тармағының 1) тармақшасында:

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі – мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы);";

жетінші абзац алып тасталсын;

2) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Жәрдемақылар алу құқығы

1. Туған, асырап алған, сондай-ақ қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) алған балалары бар отбасылардың:

1) бала туғанда берілетін жәрдемақы;

2) мынадай жағдайларда:

бала күтімін жүзеге асыратын адам міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы болып табылмайтын;

2008 жылғы 1 қаңтарға дейін туған бала күтімін жүзеге асыратын адам міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы болып табылатын жағдайларда бала күтімі жөніндегі жәрдемақыны;

3) көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны;

4) мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы алуға құқығы бар.

2. "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған адамдардың көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақыны алуға құқығы бар.";

3) 5-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жәрдемақы тағайындау туралы өтініш тізбесін уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын құжаттармен қоса осы Заңның 4-бабында көзделген жәрдемақыларға құқығы бар отбасының (адамның) тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияға береді.

Адамдар жәрдемақы тағайындау үшін "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүгінуге құқылы.

Балаға мүгедектік алғаш рет белгіленген кезде өтініш беруші мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны тағайындау үшін тұрғылықты жері бойынша медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесіне өтініш жасауға құқылы.

Өтініш беруші жеке өзінің жүгіну мүмкіндігі болмаған жағдайда басқа адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен берілген сенімхат негізінде жәрдемақы тағайындау туралы өтінішпен жүгінуіне уәкілеттік беруге құқылы

Жәрдемақы тағайындау туралы өтінішті беру "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес оны проактивті көрсетілетін қызмет арқылы көрсеткен кезде талап етілмейді.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдар ақпараттық жүйелерде өтініш беруші туралы сұратылып отырған мәліметтердің жоқ екендігін растайтын электрондық құжаттарды ұсынған кезде сұрау салуды жүзеге асырған Мемлекеттік корпорация ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және мерзімдерде ақпараттық жүйелердегі өтініш беруші туралы мәліметтерді сәйкес келтіру үшін құжаттардың түпнұсқаларын ұсыну қажеттігі туралы өтініш берушіні хабардар етеді.

Ақпараттық жүйелер өтініш беруші туралы бұрын болмаған мәліметтердің бар екендігін белгіленген тәртіппен растаған кезде өтініш берушінің тиісті жәрдемақы тағайындау үшін Мемлекеттік корпорацияға өтініш жасаған күні бала туғанда берілетін жәрдемақы, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы, көпбалалы отбасыға берілетін жәрдемақы, көпбалалы анаға берілетін жәрдемақы тағайындалған күн деп есептеледі.";

4) 6-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Уәкілетті орган өтінішті қажетті құжаттармен, оның ішінде электрондық құжаттармен қоса Мемлекеттік корпорацияда тіркелген күнінен бастап, ал осы Заңның 5-бабының 4-тармағының бірінші бөлігінде көзделген жағдайда, мемлекеттік органдар мен (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелері өтініш беруші туралы мәліметтерді растаған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде қарайды.

Жәрдемақыларды проактивті қызмет арқылы тағайындаған кезде өтініш берушінің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес проактивті қызмет арқылы жәрдемақы тағайындауға келісімін алған күн қызметке өтініш білдіру күні мен Мемлекеттік корпорацияда тіркелу күні болып табылады.

Уәкілетті орган бес жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш берушіні жәрдемақылар тағайындау не тағайындаудан бас тарту (себептерін көрсетіп) туралы қабылданған шешімдер жөнінде жазбаша түрде не Мемлекеттік корпорация арқылы электрондық құжат жіберу арқылы, ал "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүгінген кезде электрондық нысанда бір жұмыс күні ішінде хабардар етеді.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегі балаларға жәрдемақылар тағайындалмайды.";

5) 8-1-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны төлеу барлық растайтын құжаттар болған кезде өтініш берген күннен бастап ағымдағы ай үшін және осы жәрдемақы тағайындалған шарттарды сақтау кезеңіне жүргізіледі. Алушы қайтыс болған жағдайда,



көпбалалы отбасына жәрдемақы алушы қайтыс болған айды қоса алғанда, ал жәрдемақы алушы Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен жағдайда – осы Заңның 11-1-бабына сәйкес жәрдемақы алушы өзгерген жағдайларды қоспағанда, кеткен айды қоса алғанда жәрдемақы төленеді.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Көпбалалы отбасына жәрдемақы тағайындау кезінде орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) балалар бірге тұру фактісіне қарамастан, отбасының құрамында есепке алынады.";

б) 9-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-1-бап. Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны тағайындау және төлеу

1. Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы өтініш жасалған күннен бастап бала мүгедектігінің барлық кезеңіне тағайындалады.

2. Отбасында екі және одан да көп мүгедектігі бар бала тұрған жағдайда жәрдемақы әр мүгедектігі бар балаға тағайындалады және төленеді.

3. Асырап алған, сондай-ақ қорғаншылыққа (қамқорлыққа) алған мүгедектігі бар балалары бар отбасыларға, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы бала асырап алу туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап немесе қорғаншылық (қамқоршылық) белгілеу туралы шешім қабылданған күннен бастап тағайындалады.";

7) 9-2-бап алып тасталсын;

8) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Жәрдемақы мөлшері

1. Осы Заңға сәйкес жәрдемақылар мынадай мөлшерде белгіленеді:

1) бала туғанда берілетін жәрдемақы:

бірінші, екінші, үшінші балаға – 38,0 айлық есептік көрсеткіш;

төртінші және одан кейінгі балаларға – 63,0 айлық есептік көрсеткіш;

2) бала күтімі жөніндегі жәрдемақы:

бірінші балаға – 5,76 айлық есептік көрсеткіш;

екінші балаға – 6,81 айлық есептік көрсеткіш;

үшінші балаға – 7,85 айлық есептік көрсеткіш;

төртінші және одан кейінгі балаларға – 8,90 айлық есептік көрсеткіш;

3) көпбалалы отбасыға берілетін жәрдемақы:

төрт балаға – 16,03 айлық есептік көрсеткіш;

бес балаға – 20,04 айлық есептік көрсеткіш;

алты балаға – 24,05 айлық есептік көрсеткіш;

жеті балаға – 28,06 айлық есептік көрсеткіш;

сегіз және одан көп балаға – әрбір балаға 4 айлық есептік көрсеткіш;

4) көпбалалы анаға жәрдемақы – 6,40 айлық есептік көрсеткіш;

5) мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы – 1,4 ең төмен күнкөріс деңгейі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген жәрдемақылар – айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің өзгеруі ескеріле отырып, ал осы тармақтың бірінші бөлігінің 5) тармақшасында көрсетілген жәрдемақылар ең төмен күнкөріс деңгейі шамасының өзгеруі ескеріле отырып төленеді, бұлар республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленеді.

2. Өтініш беруші он жұмыс күні ішінде жәрдемақының мөлшерін өзгерту немесе оны төлеуді тоқтату үшін негіз бола алатын мән-жайлар туралы Мемлекеттік корпорацияны хабардар етуге міндетті.

Өтініш беруші бала күтіміне байланысты жәрдемақының, көпбалалы отбасыға берілетін жәрдемақының, көпбалалы анаға берілетін жәрдемақының, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақының мөлшерлеріне әсер ететін мән-жайлар туралы уақтылы хабар бермеген жағдайда, жәрдемақылардың мөлшері көрсетілген мән-жайлар басталған күннен бастап, бірақ олар тағайындалған күннен ерте емес қайта қаралады."

9) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Жәрдемақы төлеуді тоқтату немесе тоқтата тұру

1. Осы Заңның 4-бабы 1-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген жәрдемақының төленуін тоқтатуға мыналар:

1) баланың қайтыс болуы;

2) осы Заңның 4-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген жәрдемақыны төлеу үшін кәмелеттік жасқа толғаннан кейін орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын баланың оқудан шығып қалуы;

3) баланы мемлекеттік толық қамтамасыз етуге беру;

4) өтініш берушінің жәрдемақыны (жәрдемақыларды) заңсыз тағайындауға алып келетін дәйексіз мәліметтер ұсынуы;

5) Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында белгіленген жағдайларда , ата-аналарды ата-ана құқықтарынан айыру немесе құқықтарын шектеу, бала асырап алуды жарамсыз деп тану немесе оның күшін жою, қорғаншыларды (қамқоршыларды) өз міндеттерін атқарудан босату немесе шеттету;

6) жәрдемақы алушыға қатысты хабар-ошарсыз жоғалуын немесе іздеуде болу фактісін анықтау;

7) жәрдемақы алушы шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның, қандастың жеке басын куәландыратын құжатының қолданылу мерзімінің өтуі;

8) жәрдемақы алушы көпбалалы ананы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградлары туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасынан айыру;

9) жәрдемақы алушыға қатысты шетелдіктің тұруға ықтиярхатын алғанға дейін Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалту немесе одан шығу фактісін анықтау негіз болып табылады.

2. Жәрдемақыны төлеу осы баптың 1-тармағында көрсетілген мән-жайлар басталған күннен бастап тоқтатылады.

Жәрдемақылардың артық төленген сомалары – ерікті түрде, ал бас тартқан жағдайда соттың шешімі негізінде сот тәртібімен қайтарылуға жатады.

3. Осы Заңның 4-бабы 1 және 2-тармақтарының 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген жәрдемақыны төлеу мынадай мән-жайлар басталған кезде тоқтатыла тұрады:

1) жәрдемақы алушы Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұрғылықты жерге кеткенде;

2) жәрдемақы алушының сот бас бостандығынан айыру түрінде тағайындаған қылмыстық жазаны өтеуі кезінде;

3) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету ақылы негізде ұсынылатын адамды қоспағанда, жәрдемақы алушының мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемеде (ұйымда) тұруы кезінде;

4) осы Заңның 4-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген жәрдемақы төлейтін бала кәмелетке толғанда тоқтатыла тұрады.

Жәрдемақыны төлеу жәрдемақының төленуін тоқтата тұруға себеп болған мән-жайлар өткен соң қайта басталады.

4. Бала (балалар) қайтыс болған жағдайда осы Заңның 4-бабы 1-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген жәрдемақыны төлеу бала (балалар) қайтыс болған ай өткен соң тоқтатылады.";

10) 11-1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Заңның 4-бабы 1-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген жәрдемақыны алушы қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған), ата-ана құқықтарынан айырылған немесе ата-ана құқықтары шектелген, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген жағдайларда, жәрдемақыларды төлеу баланы (балаларды) мемлекеттің толық қамтамасыз етуіне белгілеу жағдайларын қоспағанда, баланың (балалардың) заңды өкіліне төленеді."

40. "Мәдениет туралы" 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 24, 147-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 49-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 25-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 10, 50-құжат; № 19-II, 105-

құжат; № 22-І, 140-құжат; 2016 ж., № 2, 9-құжат; 2017 ж., № 9, 18-құжат; 2018 ж., № 14, 42-құжат; № 15, 46-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 1, 2, 4-құжаттар; № 7, 36-құжат; № 21-22, 36 91-құжат; № 23, 108-құжат):

1) 9-1-баптың 5-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) іс-шара өткізілетін күнге дейінгі күнтізбелік он күннен кешіктірмей – көрермендердің болжанатын саны туралы, күнтізбелік бір күн бұрын – сатылған билеттердің, берілген рұқсаттамалардың, оның ішінде көлік құралдарына рұқсаттамалардың, сондай-ақ ішкі істер және денсаулық сақтау органдарының арнаулы техникасына, мүгедектігі бар адамдардың көлік құралдарына арналған тұрақ орындарының саны туралы жергілікті атқарушы органдарға ақпарат беруге;"

2) 12-1-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

12. 1-бап. Мәдениет саласындағы ең төмен әлеуметтік стандарттар

"Мемлекеттік мәдениет ұйымдары көрсететін қызметтердің қолжетімді болуын қамтамасыз етудің ең төмен әлеуметтік стандарты және мемлекеттік мәдениет ұйымдары өткізетін мәдени ойын-сауық іс-шараларына мүгедектігі бар адамдардың қол жеткізуін қамтамасыз етудің ең төмен әлеуметтік стандарты "Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мәдениет саласындағы ең төмен әлеуметтік стандарттар болып табылады."

41. "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 20, 151-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 128-құжат; № 18, 142-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 4, 32-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 2, 7-құжат; № 7, 34-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 6-құжаттар; № 3, 21-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-І, 19-ІІ, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 10, 50-құжат; № 14, 72-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-І, 140-құжат; № 22-V, 156, 158-құжат; № 23-ІІ, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., № 8-ІІ, 67-құжат; № 23-құжат.119; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 9, 17, 18-құжаттар; № 13, 45-құжат; № 14, 50, 53-құжаттар; № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 9, 31-құжат; № 10, 32-құжат; № 14, 42-құжат; № 15, 47, 48-құжаттар; № 22, 83-құжат; 2019 ж., № 3-4, 16-құжат; № 7, 36-құжат; № 8, 46-құжат; № 19-20, 86-құжат; № 21-22, 90, 91-құжаттар; № 23, 106-құжат; № 24-І, 119-құжат; № 24-ІІ, 122-құжат; 2020 жылғы 7 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер

мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 11 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне соғыс жағдайы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 8 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 8-баптың 4-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) даму мүмкіндіктері шектеулі балалар, мүгедектігі бар және бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар;"

2) 26-бапта:

5-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастардың қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер, медициналық қорытындыға сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуға қарсы көрсетілімдері жоқ бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар және үздік белгімен білімі туралы құжаттары (куәліктері, аттестаттары, дипломдары) бар адамдар.";

8-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) I, II топтардағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар арасынан шыққан азаматтар;"

3) 28-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Оқу-тәрбие процесі білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтердің адамгершілік қадір-қасиетін өзара құрметтеу және мүгедектігі бар адамдардың құқықтарына білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде өзара құрметпен қарау негізінде жүзеге асырылады.";

4) 47-бапта:

3-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) білім беру ұйымдарында, оның ішінде мүгедектігі бар адамдар, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін қолжетімді нысанда ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен, оның ішінде мүгедектігі бар адамдар, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін дайындалған оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге;"

7-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Көзі көрмейтін мүгедектігі бар адамдардың және құлағы естімейтін мүгедектігі бар адамдардың, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және қорғаншылыққа (қамқорлыққа) алынған балалардың, сондай-ақ кезекті аралық аттестаттаудың нәтижелері бойынша "үздік" деген бағаға ғана оқитын студенттер мен магистранттардың мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын жоғары мемлекеттік стипендия алуға құқығы бар.";

17-1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) ата-анасының біреуі немесе екеуі де мүгедектігі бар болып табылатын адамдар, сондай-ақ бос орынды ұсынған елді мекенде тұрақты тұратын, қорғаншылар және қамқоршылар болып табылатын адамдар.";

17-2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) I және II топтағы мүгедектігі бар адамдар;".

42. "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 24, 127-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 21-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжат; 2015 ж., № 10, 50-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 12, 36-құжат; 2018 № 10, 32-құжат; № 14, 42-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 7, 36-құжат; "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде 2020 жылғы 14 мамырда жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

15-бап мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Осы Заңның 6-бабы 1-тармағының б) және 8) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдар (отбасылар) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерді таңдауды Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы жүзеге асырады.".

43. "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 7, 27-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 5, 43-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 144-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 19-II, 106-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 21-III, 136-

құжат; № 22-I, 143-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 16, 56-құжат; № 21, 98-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 47-құжат; № 16, 56-құжат; № 22, 83-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 15-16, 67-құжат; № 21-22, 91-құжат; № 23, 103-құжат, 106; № 24-I, 118-құжат; 2020 жылғы 8 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 61-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мүгедектігі бар адамдардың жүріп-тұруына арналған арнайы көлік құралдары, мүгедектігі бар адамдардың техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдары мен арнайы жүріп-тұру құралдары.";

2) 98-баптың 3) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мүгедектігі бар балаларға берілетін жәрдемақы түрінде борышкер алатын сомалардан;"

"5) бала тууға байланысты берілетін жәрдемақылардан, кәмелетке толмаған балаларды асырауға берілетін жәрдемақылардан, сондай-ақ зейнеткерлер мен I топтағы мүгедектігі бар адамдарға төленетін жәрдемақылардан;"

2) 99-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мүгедектігі бар болып табылатын борышкерлер үшін ай сайынғы төлемдер немесе алимент бойынша берешек олардың ай сайынғы жалақысынан және өзге де кірісінен, ал егер олар жұмыс істемейтін жағдайда, мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін ай сайынғы жәрдемақылардан және (немесе) әлеуметтік төлемдерден айқындалады."

44. "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" 2010 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 9, 43-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 128-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-VII, 161-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 70-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 36-құжат; № 19, 62-құжат; № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; 2020 жылғы 6 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне шетел валютасындағы ипотекалық қарыздар, төлем қызметтері нарығының субъектілерін реттеуді жетілдіру, жалпыға бірдей декларациялау және экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

42-3-баптың 8-тармағының 5) және 6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"5) бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға;

6) қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) тұратын қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға;"

45. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 17-18, 113-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-I, 100-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 23-II, 170-құжат, 172; 2016 ж., № 8-I, 65-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 9, 22-құжат; № 11,29-құжат; № 14, 51-құжат; № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; 2019 ж., № 8, 45-құжат; № 23, 103-құжат; 2020 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде 2020 жылғы 8 шілдеде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 65-1-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ішкі рейстерге қызмет көрсетуге арналған аэровокзалда авиакассалар, тіркеу үлдіріктері, тіркеу, күту, ұшу және ұшып келу залдары, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар, оның ішінде мүгедектігі бар адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектелген топтары үшін арнайы жабдықталған үй-жайлар, ана мен бала бөлмесі, ақпараттық қызмет көрсету объектілері, медициналық пункт, қоғамдық тәртіпті сақтау пункті, жоғалған заттарды табу бюросы болуға тиіс.

Авиациялық хабтардың аэровокзалдарында транзиттік жолаушылар мен олардың багажына қызмет көрсету үшін қажетті алаңдар, инфрақұрылым және жабдық болуға тиіс.";

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақпаратты ұсыну тілдерді, мәтіндерді, Брайль қарпін, тактильдік қатынасты, ірі қаріпті, қолжетімді мультимедиялық құралдарды пайдалана отырып, мүгедектігі бар адамдар үшін де қамтамасыз етіледі.";



4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Өтетін және шығатын жолдар мүгедектігі бар адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектелген топтары үшін қолжетімді болуға (пандустармен, арнайы бейімделген лифтілермен жабдықталуға) тиіс."

2) 65-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"65-2-бап. Мүгедектігі бар адамдар үшін азаматтық авиация саласындағы көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі

1. Мүгедектердің азаматтық авиация саласындағы көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуі үшін әуежайларда:

1) арнайы жол белгілері орнатыла отырып, мүгедектігі бар адамдардың автокөлік құралдарын қоюға арналған орындардың бөлінуі;

2) ғимараттардың, ғимараттарға кіреберіс жолдардың (ғимаратқа кірер жолдардың, баспалдақтардың), ғимарат ішіндегі қозғалыс жолдарының халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін ыңғайластырылуы;

3) тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдарға және халықтың басқа да жүріп-тұруы шектелген топтарына қызмет көрсетуге арналған кезекші мүгедектігі бар адамдарға арналған кресло-арбаның болуы

4) қоғамдық дәретханалардың кресло-арбаларымен жүріп-тұратын адамдарға арналған кабиналармен жабдықталуы қамтамасыз етілуге тиіс.";

3) 77-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мүгедектігі бар адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектелген топтары арасынан шыққан жолаушылардың жеке пайдалануға арналған зембілдерді және мүгедектігі бар адамдардың кресло-арбасын өздерімен жүк ретінде тегін алып жүруге қосымша құқығы бар."

46. "Құқық қорғау қызметі туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1, 4-құжат; № 19, 145-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 5, 41-құжат; № 8, 64-құжат; 2013 ж., № 7, 34, 36-құжаттар; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 8, 49-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-I, 111-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-II, 148-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 154-құжат; 2016 ж., № 7-I, 50-құжат; № 24, 123-құжат; 2017 ж., № 13, 45-құжат; № 14, 50-құжат; № 16, 56-құжат; 2018 ж., № 16, 56-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 21-22, 91-құжат; № 24-II, 120-құжат; 2020 жылғы 30 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 31-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мүгедектігі бар балалары, оның ішінде асырап алған балалары (қорғаншы болып табылатын) немесе асырауында қарт ата-анасы не олармен тұрақты бірге тұратын және 1 және 2-топтардағы мүгедектігі бар отбасы мүшелері бар лауазымды адамдар басқа жерге көшумен байланысты ротацияға жатпайды. Көрсетілген мән-жайлар құжат түрінде расталуға тиіс.";

2) 66-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қызметкерге қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарақаттануы, жаралануы (контузия алуы), мертігуі, ауруы салдарынан немесе қызметкер құқық қорғау қызметінен босатылған күнінен бір жыл өткенге дейін қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарақаттануы, жаралануы (контузия алуы), мертігуі, ауруы салдарынан туындаған мүгедектік белгіленген кезде, біржолғы өтемақы мөлшері бойынша төленеді:

1) I топтағы мүгедектігі бар адамға – отыз айлық ақшалай қаражат;

2) II топтағы мүгедектігі бар адамға – он сегіз айлық ақшалай қаражат;

3) III топтағы мүгедектігі бар адамға – алты айлық ақшалай қаражат мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.";

3) 69-баптың 5-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы тармақта көзделген біржолғы жәрдемақы мөлшерін айқындау кезінде жәрдемақыға құқығы бар отбасы мүшелерінің қатарына: жасына және еңбекке қабілеттігіне қарамастан әйелі (күйеуі); он сегіз жасқа толмаған немесе бұл жастан асқан балалар, егер оларға он сегіз жасқа толғанға дейін мүгедектік белгіленсе немесе асыраушысы қайтыс болған күні күндізгі оқу орындарының оқушысы болып табылса және жиырма үш жасқа толмаса; қайтыс болған адамның асырауында болып келген, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған не мүгедектігі бар адам болып табылатын ата-аналары енгізіледі.";

47. "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 17, 135-құжат; 2012 ж., № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 22-I, 140-құжат; 2016 ж., № 23, 118-құжат; 2020 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 30 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы.):

7-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнайы мекемелерде ұсталатын, жазаны орындайтын мекемелерде отырған, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған интернат-үйлерде әлеуметтік қызмет көрсетуден өтетін, стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының емделушілері болып табылатын адамдарға олардың немесе олардың туысқандарының тілегі бойынша салт жораларының қажеттілігі жағдайында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген діни бірлестіктердің діни қызметшілері шақырылады. Бұл ретте діни жораларды, рәсімдерді және (немесе) жиналыстарды өткізу аталған ұйымдардың қызметіне кедергі келтірмеуге, басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбауға тиіс."

48. "Ғарыш қызметі туралы" 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 1, 4-құжат; № 14, 92-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж. № 7-II, 56-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; 2019 ж., № 5-6 (2780-2781), 27-құжат):

1) 32-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ғарышкерлікке кандидатқа, ғарышкерге қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарақатының, мертігуінің, ауруының салдарынан мүгедектік белгіленген кезде бюджет қаражаты есебінен:

- 1) I топтағы мүгедектігі бар адамға – 3000 айлық есептік көрсеткіш;
- 2) II топтағы мүгедектігі бар адамға – 2000 айлық есептік көрсеткіш;
- 3) III топтағы мүгедектігі бар адамға – 1000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді."

49. "Телерадио хабарларын тарату туралы" 2012 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 3, 24-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2017 ж., № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 15, 46-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; 2020 жылғы 6 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне шетел валютасындағы ипотекалық қарыздар, төлем қызметтері нарығының субъектілерін реттеуді жетілдіру, жалпыға бірдей декларациялау және экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 30-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"30-бап. Телебағдарламаларды тарату кезінде мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғау".

50. "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" 2012 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 4, 31-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 8, 49-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 15, 78-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-II, 148-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 154-құжат; 2016 ж., № 7-I, 49-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 11, 29-құжат; № 13, 45-құжат; № 14, 50-құжат; № 16, 56-құжат; № 21, 98-құжат; 2018 ж., № 14, 42-құжат; 2019 ж., № 24-I, 119-құжат; 2020 жылғы 8 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған " Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 49-баптың 2-тармағының 2) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"тұрғылықты жері бойынша халықты әлеуметтік қорғау органының қорытындысына сәйкес, денсаулық жағдайы бойынша тұрақты күтімді (көмекті, қадағалауды) қажет ететін не бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адам немесе қартаюына байланысты зейнеткерлік жасқа жеткен немесе он сегіз жасқа толмаған адамдар болып табылатын әкесіне, анасына, әйеліне, күйеуіне, аға-інісіне, апа-сіңлісіне, қарындасына, атасына, әжесіне немесе асырап алушысына, заң бойынша аталған азаматтарды күтіп-бағуға міндетті басқа адамдар болмаған кезде тұрақты күтім жасау қажеттігі";

2) 77-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Курсантқа, тыңдаушыға арнаулы мемлекеттік органдарда қызметін өткеру кезеңінде алынған немесе арнаулы мемлекеттік органдарда қызметін өткерумен байланысты контузия алуы, зақымдануы, ауыруы нәтижесінде болған мүгедектік белгіленгенде қызметтен босатылғанына бір жыл өткенге дейін мынадай мөлшерлерде:

I топтағы мүгедектігі бар адамға – 250 айлық есептік көрсеткіш;

II топтағы мүгедектігі бар адамға – 150 айлық есептік көрсеткіш;

III топтағы мүгедектігі бар адамға – 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.";

3) 78-бапта:

9-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы тармақта көзделген біржолғы жәрдемақының мөлшерін айқындау кезінде жәрдемақыға құқығы бар отбасы мүшелері қатарына: жасына және еңбек қабілеттілігіне қарамастан, әйелі (күйеуі); он сегіз жасқа толмаған немесе, егер олар он сегіз жасқа толғанға дейін мүгедектігі бар адам деп танылған немесе асыраушысы

қайтыс болған күнге білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алып жатса және жиырма үш жасқа толмаған болса, осы жастан үлкен балалары; қайтыс болғанның асырауында болған, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткен не мүгедектігі бар адам болып табылатын ата-анасы кіреді."

;

10-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе. Осы бапта қызметкерлердің отбасы мүшелері деп түсінілетіндер: жұбайы (зайыбы), ерлі-зайыптылардың ортақ немесе бірінің кәмелетке толмаған (асырап алған, асырауындағы немесе қамқорлығындағы) балалары; білім беру ұйымдарының күндізгі бөлімінде оқитын 23 жасқа дейінгі (асырап алған, асырауындағы немесе қамқорлығындағы) балалары және жұбайының (зайыбының) балалары; 18 жасқа дейін мүгедектігі бар адам болған (асырап алған, асырауындағы немесе қамқорлығындағы) мүгедектігі бар балалары және жұбайының (зайыбының) мүгедектігі бар балалары; қызметкердің асырауындағы ата-анасы және жұбайының (зайыбының) ата-анасы."

4) 80-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қызметкер қызмет өткеру кезеңінде немесе қызмет өткерумен байланысты контузия, мертігу, ауыру салдарынан қызметтен шыққаннан кейін бір жыл өткенге дейін мүгедектік белгіленген жағдайда біржолғы өтемақы:

I топтағы мүгедектігі бар адамға – отыз айлық ақшалай қаражат;

II топтағы мүгедектігі бар адамға – он сегіз айлық ақшалай қаражат;

III топтағы мүгедектігі бар адамға – алты айлық ақшалай қаражат мөлшерінде төленеді."

51. "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 5, 40-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 10-құжат; № 3, 15-құжат; № 14, 72-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 8, 49-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 11, 56-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2017 ж., № 11, 29-құжат; № 13, 45-құжат; № 16, 56-құжат; № 21, 98-құжат; 2018 ж., № 14, 42-құжат; № 15, 47-құжат; 2019 ж., № 24-II, 120, 122-құжаттар; 2020 жылғы 5 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 7 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 11 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан

Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне соғыс жағдайы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 8 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 4-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Заңның әскери қызметшілерді әлеуметтік қамсыздандыру туралы жекелеген ережелері мен нормалары олардың отбасы мүшелеріне, әскери қызметтен шығарылған адамдарға, сондай-ақ әскери қызмет өткеру кезеңінде қаза тапқан, қайтыс болған, хабар-ошарсыз кеткен немесе әскери қызмет міндеттерін орындау нәтижесінде мүгедектігі бар адам деп танылған әскери қызметшілердің отбасы мүшелеріне қолданылады.";

2) 17-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Халықты әлеуметтік қорғау органдары жеті жұмыс күні ішінде аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті әскери басқару органдарына мүгедектігі бар адам деп танылған барлық әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылар туралы хабарлауға міндетті.";

3) 22-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мүгедектігі бар жұбайы (зайыбы), мүгедектігі бар балалары (қорғаншысы болып табылатын), оның ішінде асырап алынған балалары бар немесе асырауында қарт ата-аналары бар адамдар басқа жергілікті жерге көшуге байланысты ротацияға жатпайды. Көрсетілген мән-жайлар әскери қызмет өткеру қағидаларында айқындалған тәртіппен актімен расталуға тиіс.";

4) 26-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі 8) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"тұрғылықты жері бойынша медициналық ұйымның қорытындысына сәйкес денсаулық жағдайы бойынша тұрақты күтімге мұқтаж не бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар болып табылатын немесе жалпыға бірдей белгіленген зейнеткерлік жасқа толған немесе он сегіз жасқа толмаған адамдар болып табылатын әйеліне (күйеуіне), жақын туыстарына, заң бойынша аталған азаматтарды асырауға міндетті басқа адамдар болмаған кезде тұрақты күтім жасау қажеттілігі";

5) 35-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) басқа адамның көмегіне мұқтаж және толық мемлекеттік қамсыздандыруға алынбаған отбасы мүшелерін күтумен айналысатын, Қазақстан Республикасының аумағында онымен бірге немесе бөлек тұратын жақын туыстары немесе басқа да адамдар болмаған кезде заң бойынша аталған отбасы мүшелерін асырауға міндетті азаматтарға беріледі.

Басқа адамның көмегіне және күтіміне мұқтаж отбасы мүшелері:

әкесі, анасы, әйелі, сондай-ақ әскерге шақырылушының ата-анасы болмаған жағдайда, зейнеткер жасына толған немесе бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар болып табылатын атасы мен әжесі, егер олар оның асырауында болса;

ата-анасы болмаған жағдайда, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар болып табылатын немесе он сегіз жасқа толмаған аға-інілері, апа-сіңлілері;

әскерге шақырылушыдан басқа бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар болып табылатын немесе он сегіз жасқа толмаған бір және одан да көп балалары бар және оларды күйеусіз (әйелсіз) тәрбиелеп отырған анасы (әкесі);

өзінің асырауында жасы бойынша еңбекке қабілетсіз немесе бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар болып табылатын бір және одан да көп жалғызбасты туыстары (әкесі, анасы, аға-інілері, апа-қарындастары) бар және оларды күйеусіз (әйелсіз) асырап отырған анасы (әкесі);

бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар болып табылатын, екіншісін өзі асырайтын және әскерге шақырылушыдан басқа он сегіз жасқа дейінгі бір және одан да көп бала тәрбиелеп отырған ата-анасының бірі;

мүгедектігі бар отбасы мүшелерінің бірі және әскерге шақырылушы отбасында жалғыз ер бала болып табылады;"

б) 36-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) туыстарының бірі (әкесі, анасы, аға-інілері немесе апа-сіңлілері) әскери қызмет өткеру кезеңінде қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан, қайтыс болған немесе бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адам болып қалған;"

7) 51-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Келісімшарт бойынша әскери қызметшіге, ол әскери қызмет өткерген кезеңде немесе әскери қызмет міндеттерін орындау нәтижесінде мертігуден (жараланудан, жарақаттанудан, контузия алудан), ауырудан туындаған мүгедектік белгіленген кезде біржолғы өтемақы әскери қызметтен шығарылған күннен бастап бір жыл өткенге дейін:

1) I топтағы мүгедектігі бар адамға – отыз айлық ақшалай қаражат;

2) II топтағы мүгедектігі бар адамға – он сегіз айлық ақшалай қаражат;

3) III топтағы мүгедектігі бар адамға – алты айлық ақшалай қаражат мөлшерінде төленеді.

Келісімшарт бойынша әскери қызметшілер әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде мүгедектікке әкеп соқтырмаған ауыр мертігу (жаралану, жарақаттану, контузия алу) жағдайында оларға бір жарым айлық ақшалай қаражат; жеңіл мертіккенде – жарты айлық ақшалай қаражат мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

Мерзімді әскери қызмет қызметшілеріне, әскери оқу орындарының (әскери факультеттердің) стипендия алатын курсанттарына, әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттілерге осы тармақта көзделген жағдайларда:

- 1) I топтағы мүгедектігі бар адамға – 250 айлық есептік көрсеткіш;
- 2) II топтағы мүгедектігі бар адамға – 150 айлық есептік көрсеткіш;
- 3) III топтағы мүгедектігі бар адамға – 50 айлық есептік көрсеткіш;
- 4) ауыр мертiккенi үшiн – 12 айлық есептік көрсеткіш;

5) жеңіл мертiккенi үшiн – 4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерiнде бiржолғы өтемақылар төленедi.";

6-тармақтың үшiншi бөлiгi мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы тармақта көзделген бiржолғы жәрдемақы мөлшерiн айқындау кезiнде жәрдемақыға құқығы бар отбасы мүшелерiнiң қатарына: жасына және еңбекке қабiлеттiлiгiне қарамастан әйелi (күйеуi); он сегiз жасқа толмаған немесе бұл жастан асқан, егер олар он сегiз жасқа толғанға дейiн мүгедектігi бар адам болып қалған немесе асыраушысы қайтыс болған күнi күндiзгi оқу орындарының оқушылары болып табылған және жиырма үш жасқа толмаған балалары; қайтыс болған адамның асырап-бағуында болып келген, заңнамада белгiленген зейнеткерлік жасқа толған не мүгедектігi бар адам болып табылатын ата-аналары енгiзiледi."

52. "Мемлекеттік бiлiм беру жинақтау жүйесi туралы" 2013 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентiнiң Жаршысы, 2013 ж., № 2, 6-құжат; № 9, 51-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2017 ж., № 14, 53-құжат; 2018 ж., № 14, 44-құжат; 2019 ж., № 15-16, 67-құжат):

13-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) мүгедектігi бар адамдарға;"

53. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентiнiң Жаршысы, 2013 ж., № 10-11, 55-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 1-құжат; № 6, 28-құжат; № 8, 49-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 6, 27-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 50-құжат; № 15, 8-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж. № 7-1, 49-құжат; № 8-I, 65-құжат; 2017 ж., № 12, 36-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 42, 44-құжаттар; № 22, 83-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 15-16, 67-құжат; № 21-22, 90-құжат; № 23, 106-құжат; 2020 жылғы 7 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерiнде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбiр заңнамалық актiлерiне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерi бойынша өзгерiстер мен толықтырулар енгiзу туралы" 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 8 шiлдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерiнде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбiр заңнамалық актiлерiне денсаулық сақтау мәселелерi бойынша өзгерiстер мен толықтырулар енгiзу туралы" 2020 жылғы 7 шiлдедегi Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 4-баптың 2-тармағында:



үшінші абзацта:

4) және 9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар баланы бағып-күткен уақыт;"

"9) бөгденің көмегіне мұқтаж бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға, екінші топтағы жалғызбасты мүгедектігі бар адамға және жасына байланысты зейнеткерге, сондай-ақ сексен жасқа толған қарт адамдарға күтім жасаған уақыт;"

10) тармақшадағы "еңбек қызметінің кезеңдері" деген сөздерден кейін нүктелі үтір қойылып, мынадай мазмұндағы 11) және 12) тармақшалармен толықтырылсын:

"11) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен салықтар мен әлеуметтік төлемдер мөлшерлемелеріне, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналарына, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына, әлеуметтік аударымдарға "0" түзету коэффициенті белгіленген қызмет түрлерінің тізбелеріне қатысты еңбек қызметінің кезеңдері;

12) төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары қолданылған кезеңде қызметтің шектелуіне байланысты табысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлемді жүзеге асыру кезеңдері."

2) 13-баптың 1-тармағының 6), 7) және 11) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"6) бөгденің көмегіне мұқтаж бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға, екінші топтағы жалғызділікті мүгедектігі бар адамға және жасына байланысты зейнеткерге, сондай-ақ сексен жасқа толған қарт адамдарға күтім жасаған уақыт;

7) 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар баланы бағып-күткен уақыт;"

"11) жұмыс істемейтін Ұлы Отан соғысының салдарынан мүгедектігі бар адамдардың және оларға теңестірілген мүгедектігі бар адамдардың мүгедек күйде болған уақыты;"

3) 15-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыстағы үзілістерге қарамастан, қатарынан кез келген үш жыл ішіндегі орташа айлық кіріс негізге алына отырып жүзеге асырылады.

"Байқоңыр" кешенінің ресейлік ұйымдарында жұмыс істеген кезеңде алынған кірісті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен салықтар мен әлеуметтік төлемдер мөлшерлемелеріне, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналарына, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына, әлеуметтік аударымдарға "0" түзету коэффициенті белгіленген қызмет түрлерінің тізбелеріне қатысты еңбек қызметі кезеңінде алынған кірісті қоспағанда, орташа айлық кірістің мөлшері орталық атқарушы орган айқындайтын тәртіппен жинақтаушы зейнетақы қорларына немесе бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған кіріске сәйкес белгіленеді."

4) 16-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Зейнетақы төлемдерін есептеу үшін 3 жылдағы жұмыстан түскен табыс қатарынан күнтізбелік 36 айдағы жұмыстан түскен табыстың жалпы сомасын отыз алтыға бөлу арқылы айқындалады.

Өтініш берушінің қалауы бойынша Қазақстан Республикасында төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары қолданылған айлар орташа айлық кірісті айқындаған кезде алып тасталады және тікелей олардың алдындағы немесе олардан кейінгі басқа кезеңмен ауыстырылады."

5) 30-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"Осы Заңның 31-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында, 32-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында аталған адамдарда мерзімсіз белгіленген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі алынған жағдайда бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемдері мүгедектікті алу туралы мәліметтер алынған айдан кейінгі айдан бастап тоқтатылады.";

6) 31-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) егер мүгедектігі мерзімсіз белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдардың;"

7) 32-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) егер мүгедектігі мерзімсіз белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдардың;"

8) 33-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) мүгедектігі бар адамдар болып табылатын;"

9) 34-баптың 9-тармағының 4-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-1) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен зейнетақы төлемдерін есепке алу, аудару, қайтару, тоқтату мәселелері бойынша Мемлекеттік корпорациямен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;"

54. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 5-6, 29-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 21-I, 121-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-V, 154, 156-құжаттар; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 7-I, 50-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 36-құжат; 2019 ж., № 7, 37-құжат; № 21-22, 90-құжат; 2020 жылғы 26 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 25 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 5-баптың 2-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы жұмыскерлердің біліктілігін арттыруға, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларына үйретуге;"

2) 10-баптың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) мемлекеттік қызметтер көрсету, мүгедектігі бар адамдармен қарым-қатынас жасау саласындағы жұмыскерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді";

3) 11-баптың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) мемлекеттік қызметтер көрсету, мүгедектігі бар адамдармен қарым-қатынас жасау саласындағы жұмыскерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді";

55. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы туралы" 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 15, 80-құжат; 2014 ж., № 12, 82-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 22-V, 152-құжат; 2016 ж., № 7-I, 47-құжат; № 7-II, 55-құжат; 2017 ж., № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 36-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 8, 46-құжат; № 19-20, 86-құжат; "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде 2020 жылғы 5 мамырда жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

29-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Съездің шешімі бойынша есепті кезеңде мүгедектігі бар адамдардың саны қызметкерлерінің жалпы санының кемінде елу бір пайызын құрайтын ұйымдар міндетті мүшелік жарналарды төлеуден босатылуы мүмкін."

56. "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 8, 48-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 16, 79-құжат; № 21-I, 125-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 24, 129, 131-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 14, 50-құжат; 2018 ж., № 7-8, 22-құжат; № 10, 32-құжат; № 16, 56-құжат; № 23, 91-құжат; 2019 ж., № 5-6, 27-құжат; № 8, 45-құжат; № 21-22, 90, 91-құжат; № 24-II, 120-құжат; 2020 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

22-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Теріс себептер бойынша қызметтен шығарылғандарды қоспағанда, ішкі істер органдарының күнтізбемен есептегенде жиырма және одан да көп еңбек сіңірген жылдары бар қызметкерлерінің және қызметтен шығарылған және күнтізбемен

есептегенде жиырма және одан да көп еңбек сіңірген жылдары бар қызметкерлердің, сондай-ақ күнтізбемен есептегенде он және одан да көп еңбек сіңірген жылдары бар және мүгедектігі бар балаларды асырап-бағып отырған қызметкерлердің мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрып жатқан тұрғын үйді өтеусіз жекешелендіруге құқығы бар.";

4-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе. Осы тарауда ішкі істер органдары қызметкерлерлерінің отбасы мүшелері деп: жұбайы (зайыбы), екеуінің немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің кәмелетке толмаған балалары (асырап алған, асырап-бағуындағы немесе қамқоршылығындағы); балалар (асырап алған, асырап-бағуындағы немесе қамқоршылығындағы) және жұбайының (зайыбының) білім беру ұйымдарында күндізгі оқу бөлімінде оқитын жиырма үш жасқа дейінгі балалары; мүгедектігі бар балалар (асырап алған, асырап-бағуындағы немесе қамқоршылығындағы) және жұбайының (зайыбының) он сегіз жасқа дейін мүгедек болған мүгедектігі бар балалары; қызметкердің асырап-бағуындағы ата-аналары және жұбайының (зайыбының) ата-аналары түсініледі."

57. "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 7, 36-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-II, 103, 104-құжат; № 20-I, 111-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 23-i, 169-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 53, 56-құжат; 2017 ж., № 11, 29-құжат; № 23-V, 113-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 23, 91-құжат; № 24, 93, 94-құжат 2019 ж., № 5-6, 27-құжат; № 21-22, 90-құжат; № 23, 103-құжат; 2020 жылғы 26 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 8 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 9-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Азаматтық қорғау құралымдарына бірінші, екінші және үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды, жүкті әйелдерді, сегіз жасқа дейінгі жастағы балалары бар әйелдерді және соғыс уақытында – жұмылдыру нұсқаулары бар әскери міндеттілерді қоспағанда, еңбекке қабілетті еркектер мен әйелдер қабылданады.";

2) 68-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Ерікті өрт сөндірушіге қызметтік міндеттерін атқару кезінде мертігуі, жарақаттануы, жаралануы, контузия алуы, ауыруы салдарынан мүгедектік белгіленген кезде оған мынадай мөлшерлерде:

1) бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамға – жалақысының бес еселенген жылдық мөлшерінде;

2) үшінші топтағы мүгедектігі бар адамға – жалақысының екі еселенген жылдық мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді.";

3) 69-баптың 2-тармағының 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) ұлттық стандарттарға сәйкес лифтілерді, эскалаторларды, траволаторларды, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерді монтаждауды, оларға техникалық қызмет көрсетуді, оларды техникалық куәландыруды жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі.";

4) 72-баптың 1-тармағының б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) лифтілерді, эскалаторларды, траволаторларды, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерді монтаждауды, оларға техникалық қызмет көрсетуді, оларды техникалық диагностикалауды, техникалық куәландыруды және жөндеуді жүргізу құқығына аттестатталуға жатады.";

5) 103-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Құтқарушыға қызметтік міндетін атқару кезінде мертігуінің, жарақаттануының, жаралануының, контузия алуының, ауыруының салдарынан мүгедектік белгіленген кезде оған мынадай мөлшерлерде:

1) бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамға – жалақысының бес еселенген жылдық мөлшерінде;

2) үшінші топтағы мүгедектігі бар адамға – жалақысының екі еселенген жылдық мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді.".

58. "Жол жүрісі туралы" 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 8, 43-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 144-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2017 ж., № 11, 29-құжат; № 14, 49-құжат; № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 19, 62-құжат; № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 8, 45-құжат; № 21-22, 90-құжат; № 24-I, 119-құжат; 2020 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде 2020 жылғы 8 шілдеде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық

сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-баптың 6) және 10) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"6) велосипед – екі немесе одан көп дөңгелегі бар (мүгедектігі бар адамдарға арналған кресло-арбалардан басқа) және үстінде отырған адамдардың дене күшімен қозғалысқа келтірілетін көлік құралы;"

"10) жаяу жүргінші – жолда көлік құралынан тыс жерде тұрған және онда жұмыс жүргізіп жатпаған адам. Мүгедектігі бар адамдарға арналған кресло-арбалармен жүріп-тұратын, велосипедті, мопедті, мотоциклді жетелеп әкеле жатқан, шана, арба, балалар арбасын сүйретіп келе жатқан жеке адамдар жаяу жүргіншілерге теңестіріледі;"

2) 10-баптың 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"14) мүгедектігі бар адамдарға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында олардың қажеттіліктерін ескере отырып, жолдарды жобалауға, салуға, жөндеуге, күтіп-ұстауға және оларды басқаруға арналған нормативтік, жобалау және техникалық құжаттаманы жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде келіседі;"

3) 29-баптың 5-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) механикалық көлік құралдарының алпыс бес жасқа толған жүргізушілері және мүгедектігі бар жүргізушілер – әрбір екі жыл сайын."

4) 37-баптың 3-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) түрлі санаттағы мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктерін ескере отырып, қалаларда және жолдарда жол жүрісін ұйымдастыру және көліктік жоспарлау жөніндегі құжаттаманы, жолдарды жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарымен жабдықтауды; жолдарды, жол құрылыстарын салу, реконструкциялау жобаларын уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен;"

5) 44-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын және мүгедектігі бар адамдарға келуіне басқа азаматтармен тең жағдайлар жасайтын арнайы техникалық құралдармен, бейімдемелермен жабдықтауды ескере отырып, жол сервисі объектілерін жобалау нормаларына, салу жоспарларына және оларды орналастырудың бас схемаларына сәйкес жолдарды көрсетілген объектілермен жайластыруды қамтамасыз етеді;"

6) 58-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Егер "Тұрақ орны" деген ақпараттық-нұсқағыш жол белгісімен "Мүгедектігі бар адамдар" деген қосымша ақпарат жол белгісі (тақтайша) орнатылған жағдайда, "Тұрақ орны" деген жол белгісінің күші "Мүгедектігі бар адам" деген таным белгілері орнатылған мотоколяскалар мен автомобильдерге ғана қолданылады.

4. Егер тыйым салатын не нұсқайтын жол белгілерімен "Мүгедектігі бар адамдардан басқа" деген қосымша ақпарат жол белгісі (тақтайша) орнатылған жағдайда

, онда осы жол белгілерінің күші "Мүгедектігі бар адам" деген таным белгілері орнатылған мотоколяскалар мен автомобильдерге қолданылмайды.";

7) 59-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Мүгедектігі бар адам" деген таным белгілері бар көлік құралдарын басқаратын тірек-қимыл аппараты бұзылған жүргізушілердің:".

59. "Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 14, 85-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 10, 50-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-I, 140-құжат; 2016 ж., № 2, 9-құжат; 2017 ж., № 10, 23-құжат; № 16, 56-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 7, 36-құжат; № 23, 99-құжат):

1) 1-баптың 1-1), 3), 26), 27), 30), 52), 53) және 56) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1) арнайы спорттық мүкәммал – жаттығу және жарыс әрекетінің қажетті құрамдасын білдіретін, мүгедектігі бар спортшы организмнің бұзылған немесе жоғалтқан функцияларының орнын толтыратын спорттық мүкәммал;"

"3) бейімдік дене шынықтыру және спорт – мүгедектігі бар адамдарды оңалтуға және қалыпты әлеуметтік ортаға бейімдеуге, олардың толыққанды өмірді сезінуіне кедергі келтіретін психологиялық тосқауылдарды еңсеруіне, сондай-ақ қоғамның әлеуметтік дамуына өзінің жеке үлес қосуының қажеттігін сезінуіне бағытталған спорттық-сауықтыру сипатындағы шаралар кешені;"

"26) мүгедектігі бар спортшы – тыныс-тіршілігінің шектелуіне алып келетін аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организм функциялары үнемі бұзылып, денсаулығы нашарлаған және спорттың қолжетімді түрімен (қолжетімді түрлерімен) айналысатын жеке тұлға;"

"27) мүгедектігі бар спортшыларды сыныптау – мүгедектігі бар спортшыларға функционалдық мүмкіндіктер деңгейі өздеріне ұқсас басқа мүгедектігі бар спортшылармен жарысқа түсу мүмкіндігін жасау мақсатында сыныптаушының немесе сыныптаушылар тобының олардың дәрежесін (сыныптамалық санатын) айқындау процесі;"

"30) Паралимпиадалық ойындар – тірек-қозғалыс аппараты, көру органдары зақымданған және интеллектуалдық дамуы бұзылған мүгедектігі бар спортшылар арасында өткізілетін халықаралық қысқы және жазғы жарыстар;"

"52) Сурдлимпиадалық ойындар – есту органдары зақымданған мүгедектігі бар спортшылар арасында өткізілетін халықаралық қысқы және жазғы жарыстар;"

"53) сыныптаушы – мүгедектігі бар спортшыларды олардың функционалдық мүмкіндіктерінің деңгейіне қарай сыныптауды жүзеге асыратын, жарыстарды ұйымдастырушылар осыған уәкілеттік берген және тиісті құжатпен расталған арнайы даярлықтан өткен жеке тұлға;"

"56) Халықаралық арнаулы олимпиадалық ойындар – интеллектуалдық мүмкіндіктері шектеулі мүгедектігі бар спортшылар арасында өткізілетін халықаралық қысқы және жазғы жарыстар;"

2) 7-баптың 55) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"55) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мүгедектігі бар спортшыларға сыныптау жүргізудің тәртібі мен шарттарын бекітеді;"

3) 8-баптың 4-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органмен және мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп, мүгедектігі бар адамдар арасында сауықтыру және спорттық іс-шаралар өткізуді ұйымдастырады;"

4) 13-1-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ұлттық паралимпиадалық қозғалыс мақсаттары паралимпиадалық қозғалыс қағидаттарын насихаттау және енгізу, паралимпиадалық спорт түрлері бойынша мүгедектігі бар спортшылар арасында дене шынықтыру мен спортты дамытуға жәрдемдесу, халықаралық спорттық ынтымақтастықты нығайту, Паралимпиадалық ойындарға және Халықаралық паралимпиада комитетінің аясында өткізілетін басқа да халықаралық спорттық іс-шараларға қатысу болып табылатын халықаралық паралимпиадалық қозғалыстың құрамдас бөлігі болып табылады.";

3-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Паралимпиадалық ойындарға және Халықаралық паралимпиада комитеті аясында өткізілетін басқа да халықаралық спорттық іс-шараларға қатысу үшін Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар спортшыларының қажетті дайындық деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысады.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қазақстан Республикасы Ұлттық паралимпиада комитетінің паралимпиадалық жоғары жетістіктер спорты түрлері мен бұқаралық спортты дамыту, сондай-ақ Паралимпиадалық ойындарға және Халықаралық паралимпиада комитетінің аясында өткізілетін басқа да халықаралық спорттық іс-шараларға қатысу үшін Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар спортшыларының қажетті дайындық деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі өз өкілеттіктерін іске асыруы дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органмен және республикалық спорт федерацияларымен өзара іс-қимыл жасау арқылы жүзеге асырылады.";

5) 13-2-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ұлттық сурдлимпиадалық қозғалыс мақсаты сурдлимпиадалық қозғалыс қағидаттарын насихаттау және енгізу, сурдлимпиадалық спорт түрлері бойынша мүгедектігі бар спортшылар арасында дене шынықтыру мен спортты дамытуға жәрдемдесу, халықаралық спорттық ынтымақтастықты нығайту, Сурдлимпиадалық



ойындарға және Саңыраулардың халықаралық спорт комитетінің аясында өткізілетін басқа да халықаралық спорттық іс-шараларға қатысу болып табылатын халықаралық сурдлимпиадалық қозғалыстың құрамдас бөлігі болып табылады.";

3-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Сурдлимпиадалық ойындарға және Саңыраулардың халықаралық спорт комитеті аясында өткізілетін басқа да халықаралық спорттық іс-шараларға қатысу үшін Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар спортшыларының қажетті даярлық деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысады;"

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қазақстан Республикасы Ұлттық сурдлимпиада комитетінің сурдлимпиадалық жоғары жетістіктер спорты түрлері мен бұқаралық спортты дамыту, сондай-ақ Сурдлимпиадалық ойындарға және Саңыраулардың халықаралық спорт комитетінің аясында өткізілетін басқа да халықаралық спорттық іс-шараларға қатысу үшін Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар спортшыларының қажетті даярлық деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі өз өкілеттіктерін іске асыруы дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органмен) спорт федерацияларымен өзара іс-қимыл жасау арқылы жүзеге асырылады.";

6) 14-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Арнайы олимпиадалық қозғалыс мақсаты мүгедектігі бар адамдардың дене шынықтыруы мен спортын дамытуға жәрдемдесу, көрсетілген салада халықаралық ынтымақтастықты нығайту, халықаралық арнайы олимпиадалық ойындарға қатысу болып табылатын халықаралық арнайы олимпиадалық қозғалыстың бір бөлігі болып табылады.";

7) 19-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Бейімдік дене шынықтыру және спорт, мүгедектігі бар адамдардың дене бітімін оңалту және оларды әлеуметтік бейімдеу

1. Бейімдік дене шынықтыру мен спорт әдістерін пайдалана отырып, мүгедектігі бар адамдардың дене бітімін оңалту және әлеуметтік бейімдеу спорт клубтарында, мүгедектігі бар адамдар мектептері мен секцияларында, дене шынықтыру-спорт ұйымдарында жүзеге асырылады.

2. Мүгедектігі бар адамдарға арналған дене шынықтыру-спорт ұйымдарындағы оқу-жаттығу процесі, даярлық кезеңдерінің мазмұны тиісті паралимпиадалық, сурдлимпиадалық, арнайы олимпиадалық спорт түрлері бойынша қоғамдық бірлестіктер әзірлейтін және дене шынықтыру мен спорт саласындағы уәкілетті орган бекітетін спорт түрлері бойынша бағдарламалар негізінде жүзеге асырылады.

3. Мүгедектігі бар адамдардың дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануын ұйымдастыру, кадрлар даярлау, мүгедектігі бар адамдардың дене шынықтырумен және

спортпен шұғылдануын әдістемелік, медициналық қамтамасыз ету және дәрігерлік бақылау білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, дене шынықтыру және спорт органдарына жүктеледі.

4. Жергілікті атқарушы органдар мүгедектігі бар адамдар арасында спортты дамытуды, арнайы спорттық құрал-жабдық беруді қамтамасыз етеді және мүгедектігі бар адамдардың дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануына спорт құрылыстарының қолжетімді болуы үшін жағдай жасайды.

Мүгедектігінің санатына қарай, санамаланған көрсетілетін қызметтер бюджет қаражаты есебінен және "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеңілдікті шарттармен жүзеге асырылады.

5. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары дене шынықтыру-спорт ұйымдарымен бірлесе отырып, спорт клубтарының, мектептерінің, секцияларының ашылуын, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарды республикалық спорттық жарыстарға даярлауды және олардың қатысуын қамтамасыз етеді.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерімен бірлесе отырып, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан, облыстық маңызы бар қала деңгейінде спорттық іс-шаралар өткізуді ұйымдастырады.

6. Дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерімен бірлесе отырып, республикалық спорттық жарыстар өткізуді ұйымдастырады.

Дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган дене шынықтыру-спорт ұйымдарымен бірлесе отырып, мүгедектігі бар адамдар арасындағы спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларын (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командаларды) халықаралық спорттық жарыстарға, оның ішінде Паралимпиадалық, Сурдлимпиадалық ойындарға және Дүниежүзілік арнайы олимпиадалық ойындарға даярлауды және олардың қатысуын ұйымдастырады.";

8) 29-баптың 2-тармағының б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) кәсіпқой спорт ардагерлері мен мүгедектігі бар адамдарына көмек көрсетуге;"

9) 33-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"33-бап. Мүгедектігі бар спортшыларды сыныптау, паралимпиадалық, сурдлимпиадалық және арнайы олимпиадалық спорт түрлері бойынша сыныптаушылар мен спорт төрешілерін даярлау";

1, 2 және 3-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Паралимпиадалық спорт түрлері бойынша спорттық жарыстарда тең сайыс жағдайларын жасау мақсатында ұйымдастырушылар тиісті жарыстарға қатысуға өтініш берген мүгедектігі бар спортшыларға олардың функционалдық мүмкіндіктерінің деңгейі бойынша сыныптау жүргізуді, сыныптаушылардың шығыстарын жабуды қоса алғанда, қамтамасыз етуге міндетті.

2. Мүгедектігі бар спортшыларға сыныптауды жүргізу тәртібі мен шарттарын Халықаралық паралимпиада комитетінің және паралимпиадалық спорт түрлері бойынша тиісті халықаралық спорт ұйымдарының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық паралимпиада комитетімен келісу бойынша паралимпиадалық спорт түрлері бойынша аккредиттелген спорт федерациялары өзірлейді.";

"3-1. Мүгедектігі бар спортшыларға сыныптау жүргізген кезде ұйымдастырушылар Қазақстан Республикасынан немесе шет мемлекеттерден сыныптаушыларды тартады.";

10) 38-баптың 11-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырушылар іс-шара өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей – көрермендердің болжалды саны туралы, күнтізбелік бір күн бұрын – сатылған билеттердің, берілген рұқсаттамалардың, оның ішінде көлік құралдарына рұқсаттамалардың, сондай-ақ ішкі істер және денсаулық сақтау органдарының арнаулы техникасына, мүгедектігі бар адамдардың көлік құралдарына арналған тұрақ орындарының саны туралы жергілікті атқарушы органдарға ақпарат беруге міндетті.";

11) 39-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сабақтар мен спорттық жарыстарды өткізуге арналған спорт ғимараттары техникалық, санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге, спорт ғимараттарын пайдалану мен өрт қауіпсіздігі қағидаларына сай келуге және мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді болуға тиіс.";

12) 48-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"48-бап. Дене шынықтыру саласындағы жеңілдікпен көрсетілетін қызметтер

Мүгедектігі бар адамдарды қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін тегін немесе жеңілдікті шарттармен пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесін, сондай-ақ жеңілдіктер мөлшерін ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының және дене шынықтыру-спорт ұйымдары әкімшілігінің шешімдерімен дене шынықтыру мен спорт саласындағы уәкілетті орган белгілейді."

60. "Мемлекеттік жастар саясаты туралы" 2015 жылғы 9 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 3, 12-құжат; 2018 ж., № 11, 36-құжат; 2019 ж., № 9-10, 52-құжат; 2020 жылғы 8 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

25-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өмірлік қиын жағдайда жүрген, арнаулы білім беру ұйымдарынан және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарынан оралған, алкоголизмнен, нашақорлықтан, уытқұмарлықтан емдеуден өткен жастарға, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдар қатарындағы жастарға психологиялық-педагогикалық, медициналық-әлеуметтік, заң көмегін және консультация беруді жүзеге асыру;"

61. "Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы" 2015 жылғы 19 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 10, 49-құжат; № 15, 78-құжат; № 22-I, 143-құжат; № 22-V, 152-құжат; 2016 ж., № 8-II, 67-құжат; 2017 ж., № 12, 36-құжат; № 14, 53-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 15, 48-құжат; № 16, 53-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 83-құжат; № 23, 91-құжат; 2020 жылғы 8 шілдеде жарияланған "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. "Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдік берілген көлемі" ең төмен әлеуметтік стандарты

"Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдік берілген көлемі" ең төмен әлеуметтік стандарты психоневрологиялық патологиялары бар және тірек-қозғалу аппараты бұзылған мүгедектігі бар балалар, психоневрологиялық аурулары бар он сегіз жастан асқан мүгедектігі бар адамдар, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар, жасының егде тартуына байланысты өзіне-өзі күтім жасай алмайтын адамдар, белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар, өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдар (отбасылар) үшін ұсынылатын арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер нормативтерін қамтиды.";

2) 32-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) "Мемлекеттік мәдениет ұйымдары өткізетін мәдени-ойын-сауық іс-шараларына мүгедектігі бар адамдардың қол жеткізуін қамтамасыз ету" ең төмен әлеуметтік стандарты мәдениет саласындағы ең төмен әлеуметтік стандарттар болып табылады.";

3) 34-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"34-бап. Мемлекеттік мәдениет ұйымдары өткізетін мәдени-ойын-сауық іс-шараларына мүгедектігі бар адамдардың қол жеткізуін қамтамасыз ету" ең төмен әлеуметтік стандарты"

"Мемлекеттік мәдениет ұйымдары өткізетін мәдени-ойын-сауық іс-шараларына мүгедектігі бар адамдардың қол жеткізуін қамтамасыз ету" ең төмен әлеуметтік стандарты мемлекеттік мәдениет ұйымдары бюджет қаражаты есебінен өткізетін мәдени-ойын-сауық іс-шараларына мүгедектігі бар адамдардың қол жеткізуі нормаларын қамтиды.";

4) 36-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) мүгедектігі бар адамдардың мемлекеттік меншіктегі спорт ғимараттарын " Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес пайдалануы нормативтерін қамтиды."

62. "Қазақстан Республикасының бітімгершілік қызметі туралы" 2015 жылғы 15 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 11, 55-құжат; 2017 ж., № 16, 56-құжат):

17-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Азаматтық персонал қатарындағы адамға бітімгершілік операцияға қатысу кезеңінде немесе бітімгершілік операцияға қатысу нәтижесінде мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузия алуы), ауыруы салдарынан болған мүгедектік белгіленген кезде біржолғы өтемақы адамның бітімгершілік операцияға қатысуы аяқталған күннен бастап бір жыл өткенге дейін соңғы жұмыс орны (атқарған лауазымы) бойынша:

1) I топтағы мүгедектігі бар адамға – отыз айлық жалақы;

2) II топтағы мүгедектігі бар адамға – он сегіз айлық жалақы;

3) III топтағы мүгедектігі бар адамға – алты айлық жалақы мөлшерінде төленеді."

63. "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 22-I, 142-құжат; 2016 ж., № 7-I, 49-құжат; № 23, 119-құжат; 2017 ж., № 13, 45-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 22, 83-құжат; № 23, 91-құжат; № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 7, 39-құжат; № 23, 106-құжат; 2020 жылғы 7 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 8 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

26-баптың 6, 6-1 және 12) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"6) мүгедектігі бар балаға күтім жасауды жүзеге асыратын жұмыс істемейтін адамдар;

6-1) бала кезінен бірінші топтағы мүгедектігі бар балаға күтім жасауды жүзеге асыратын жұмыс істемейтін адам;"

"12) мүгедектігі бар адамдар;"

64. "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 22-І, 138-құжат; 2016 ж., № 7-І, 50-құжат; № 24, 124-құжат; 2019 ж., № 21-22, 90-құжат; 2020 жылғы 30 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 9-баптың 2-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) ақпарат беру кезінде мүгедектігі бар адамдар үшін қажетті жағдайлар жасауға;"

2) 12-баптың 1-тармағының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мүгедектігі бар адамдардың оларға еркін қол жеткізуіне жағдайлар жасауға міндетті."

65. "Қайырымдылық туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 22-І, 139-құжат; 2017 ж., № 14, 51-құжат; 2018 ж., № 14, 42-құжат; 2020 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы.):

22-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануға, өмір сүру үшін қолайлы жағдайлар жасалуына мұқтаж мүгедектігі бар адамдар;"

66. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 22-V, 153-құжат; 2016 ж., № 7-І, 50-құжат; № 22, 116-құжат; № 24, 123-құжат; 2017 ж., № 14, 51-құжат; № 16, 56-құжат; 2018 ж., № 12, 39-құжат; 2019 ж., № 3-4, 16-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 45-құжат; № 15-16, 67-құжат; № 21-22, 91-құжат; № 24-І, 119-құжат; 2020 жылғы 6 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

41-баптың 2-тармағының төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметінің құқықтық негіздерін, сондай-ақ жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындайтын заңда өзгеше көзделмесе, мүгедектігі бар адам, жүкті болып табылатын, он төрт жасқа дейінгі баланы тәрбиелеп отырған, мүгедектігі бар балалары, оның ішінде асырап алған балалары бар (қорғаншы болып табылатын) жалғызбасты ата-ана болып табылатын немесе асырауында қарт ата-анасы бар мемлекеттік қызметшілерді басқа жерге көшумен байланысты ротациялауға осы мемлекеттік қызметшілердің келісімімен ғана жол беріледі."

67. "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 23-II, 171-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 72-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 18-құжат; № 14, 51-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 37-құжат; № 13, 41-құжат; № 22, 82-құжат; 2019 ж., № 5 -6, 27-құжат; № 8, 45-құжат; № 15-16, 67-құжат; № 19-20, 86-құжат; № 23, 106-құжат; 2020 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 30 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-климатты жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 39-баптың 3-тармағының 54) тармақшасы алып тасталсын;

2) 51-бапта:

2-тармақтың 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) оңалту мен абилитациялаудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарға арналған тауарлары қоспағанда, тауарлар өндіретін Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерінен және (немесе) Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардан тауарларды ағымдағы жылы осы тауарларды сатып алу үшін бөлінген жалпы қаражат көлемінің кемінде елу пайызы көлемінде;

3) жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерінен және (немесе) Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардан жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ағымдағы жылы осы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген жалпы қаражат көлемінің жүз пайызы көлемінде сатып алуды жүзеге асырады.";

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тауарларды өндіретін және (немесе) беретін, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерінен және (немесе) Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардан сатып алынатын жекелеген тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Тауарларды өндіретін және (немесе) тауарларды беретін, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері және (немесе) Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдар мемлекеттік сатып алудың электрондық көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынатын мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінде:

1) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 394-бабы бірінші бөлігінің 11) тармақшасында көзделген барлық шартқа;

2) Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктеріне немесе құрылтайшысы Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері болып табылатын ұйымдарға тиесілігіне сәйкестігі тұрғысынан тексеруден өткеннен кейін, осы баптың 2-тармағында көрсетілген мемлекеттік сатып алуға қатысуға жіберіледі.

Осы тармақтың екінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларына сәйкессіздігі анықталған жағдайда тауарларды өндіретін және (немесе) тауарларды беретін, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері және (немесе) Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдар осы бапта көзделген мемлекеттік сатып алуға қатысуға жіберілмейді.

4. Осы баптың 2-тармағында белгіленген ережелерді іске асыру үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы осы Заңда көзделген тәсілдермен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады, оған тауарларды өндіретін және (немесе) беретін, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері және (немесе) Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдар жіберіледі.

Жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерінің және (немесе) Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардың өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерлерді және қызметтер көрсету бойынша бірлесіп орындаушыларды тартуына жол берілмейді.



Осы баптың 2-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы хабарландыру мәтінінде мемлекеттік сатып алудың тек қана тауарларды өндіретін және (немесе) беретін, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері және (немесе) Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдар арасында жүзеге асырылатынын көрсетеді.

Тауарларды өндіретін және (немесе) тауарларды беретін, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері және (немесе) Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдар осы бапқа сәйкес жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алуға қатысуға арналған өтінімді қамтамасыз етуді енгізбейді."

68. "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 7-I, 48-құжат; 2017 ж., № 13, 45-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 7-8, 22-құжат; № 10, 32-құжат; № 15, 50-құжат; № 22, 83-құжат; 2019 ж., № 7, 39-құжат; № 15-16, 67-құжат; № 23, 106-құжат; 2020 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 26 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 25 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-баптың 1-тармағының 28) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"28) мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыруға арналған арнайы жұмыс орындары – мүгедектігі бар адамдардың жеке мүмкіндіктері ескеріле отырып жабдықталған жұмыс орындары;"

11) 3-баптың 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"14) халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатпен келісілген, жұмыс орындарын және мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруды ынталандыратын қаржы, салық және инвестиция саясатын жүргізу жолымен іске асырылады."

3) 7-баптың 7, 8 және 12) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"7) мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарын квоталау тәртібін әзірлейді және бекітеді;

8) мүгедектігі бар адамдардың жұмыс орнының стандарттарын әзірлейді және бекітеді;"

"12) мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құратын жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау тәртібі мен шарттарын әзірлейді және бекітеді;"

4) 9-баптың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу;"

5) 10-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;"

6) 12-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мүгедектігі бар адам үшін оның тұрмыс-тіршілігінің шектелу дәрежесін ескере отырып, оған қолжетімді болуы қамтамасыз етілген жағдайдағы жұмыс, ал жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын адамдар үшін икемді және толық емес жұмыс уақыты режиміндегі жұмыс лайықты деп есептеледі."

7) 17-бапта:

2-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын ұйымдастыруды;"

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) еңбек қызметі үшін медициналық қарсы көрсетілімдері жоқ мүгедектігі бар адамдарға;"

8) 19-баптың 4-тармағының 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мүгедектігі бар адамдардың;

2) мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардың, асырап алушылардың, қорғаншылардың (қамқоршылардың);"

9) 20-баптың 2-тармағының 3) және 7) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мүгедектігі бар адамдар;"

"7) жеті жасқа дейінгі баланы, мүгедектігі бар баланы, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды бағып-күтуді жүзеге асыратын адамдар;"

10) 23-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) егер медициналық қорытынды бойынша олардың денсаулық жағдайы еңбек міндеттерін орындауға кедергі келтірмесе не олардың денсаулығына және (немесе) басқа адамдардың еңбек қауіпсіздігіне қауіп төндірмесе, мүгедектігі бар адамдардың;"

11) 25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"25-бап. Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын ұйымдастыру

1. Арнайы жұмыс орны мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру және олардың жұмыспен қамтылуын оны құрған кезден бастап кемінде күнтізбелік он екі ай мерзімге сақтау үшін құрылады.

2. Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орнын құруды жұмыс беруші халықты жұмыспен қамту орталығымен жасасқан шарт негізінде жүзеге асырады.";

12) 27-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектігі бар адамдарды;"

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктеріне, сондай-ақ, жұмыскерлердің орташа жылдық санының жиырма пайызынан астамын мүгедектігі бар адамдар құрайтын ұйымдарға квота белгіленбейді.";

13) 28-бапта:

1-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құру;"

2-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру бойынша квотаны сақтамағаны үшін өтемақы төлемдерін операторға төлеген жағдайда жұмыс беруші мүгедектігі бар адамдар үшін белгіленген жұмыс орындары квотасын орындаудан босатылады.";

3-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға субсидия алуға;"

69. "Пошта туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 8-І, 64-құжат; № 24, 124 , 126-құжаттар; 2017 ж., № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; 2019 ж., № 7, 39-құжат; № 15-16, 67-құжат; № 21-22, 90-құжат; 2020 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

24-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) почта операторларының почта желісін ұйымдастыруы және почта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыларға қызмет көрсетуі жөніндегі, оның ішінде мүгедектігі бар адамдардың почта байланысының көрсетілетін қызметтеріне кедергісіз қол жеткізуі жөніндегі;"

70. "Пробация туралы" 2016 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 24, 128-құжат; 2019 ж., № 24-ІІ, 120-құжат):

1) 13-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) мүгедектігі бар адамдар;"

2) 16-баптың 6-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) қарт адамдардың, мүгедектігі бар адамдардың және белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдардың әлеуметтік көрсетілетін қызметтер алуы үшін әлеуметтік қызметтермен өзара іс-қимылын орнатады."

71. "Волонтерлік қызмет туралы" 2016 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 24, 132-құжат; 2017 ж., № 16, 56-құжат):

6-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) қарттарға, мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қызмет көрсету, мүгедектігі бар адамдар үшін ортаның қолжетімділігін ұйымдастыру, жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік бейімдеу, интеграциялау және тәрбиелеу жөніндегі жұмысқа жәрдемдесу;"

72. "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" 2018 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2018 ж., № 16, 52-құжат; 2019 ж., № 3-4, 16-құжат; № 15-16, 67-құжат; 2020 жылғы 7 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы

13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 30 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік

рәсімдік-процестік заңнамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 19-баптың 2-тармағының 4) және 6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"4) бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдарға;"

"6) қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған жалпы типтегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) тұратын қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға;"

73. "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" 2019 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2019 ж., № 23, 105-құжат; 2020 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 30 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-баптың 25) және 27) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"25) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің субъектілері – төлеуші; міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы; алушы; Мемлекеттік корпорация; қор; Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі; орталық атқарушы орган; міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы бақылау жөніндегі уәкілетті орган; мемлекеттік кірістер органдары; халықты жұмыспен қамту орталығы;"

"27) орталық атқарушы орган – халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты, қордың қызметін реттеуді, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган;"

3) 10-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Орталық атқарушы органның құзыреті";

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Орталық атқарушы орган:"

4) 11-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте Мемлекеттік корпорация көрсететін қызметтердің бағаларын монополияға қарсы органмен және орталық атқарушы органмен келісу бойынша орталық мемлекеттік органдар арасынан Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын уәкілетті орган белгілейді.";

5) 12-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы, ал ол қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) жағдайда, оның асырауында болған отбасы мүшелері және алушы:

1) еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем тағайындау туралы өтінішті:

жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін алғаш рет белгілеу кезінде МӘС бөлімшесіне;

жүгінген сәтте жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі белгіленген кезде Мемлекеттік корпорация арқылы қорға беруге;

2) асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді тағайындау туралы өтінішті қорға Мемлекеттік корпорация арқылы беруге;

3) жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем тағайындау туралы өтінішті:

Мемлекеттік корпорация арқылы Қорға;

адамды жұмыссыз ретінде тіркеу кезінде халықты жұмыспен қамту орталығына;

жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы мәліметтер болған кезде "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беруге;

4) жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді тағайындау туралы өтінішті Мемлекеттік корпорация арқылы қорға беруге;

5) бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді тағайындау туралы өтінішті:

қорға Мемлекеттік корпорация арқылы;

электрондық үкімет "веб-порталы" арқылы беруге;

6) мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар алуға қарамастан, осы Заңда көзделген тәртіппен Қордан әлеуметтік төлемдер алуға құқылы;

7) төлеушіден, Мемлекеттік корпорациядан, қордан, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы әлеуметтік аударымдардың жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпаратты сұратуға және тегін алуға;

8) Мемлекеттік корпорациядан және Қордан әлеуметтік төлемдерді тағайындау және алу тәртібі туралы ақпаратты тегін сұратуға және алуға;

9) Қордың және осы тармақта көрсетілген өзге де мемлекеттік органдардың немесе ұйымдардың осы Заңда белгіленген құқықтарды шектеуге байланысты шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдануға құқылы. ";

6) 13-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) әлеуметтік аударымдардың және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдың артық (қате) төленген сомаларын орталық атқарушы орган айқындайтын тәртіппен қайтаруға. ";

7) 18-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Төлеуші артық (қате) төлеген әлеуметтік аударымдардың және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдың сомалары орталық атқарушы орган айқындайтын тәртіппен, Мемлекеттік корпорацияның қор қаражаты түскен күннен кейінгі бір операциялық күннен кешіктірмей төлеушіге кейіннен аударуы үшін төлеушінің өтініші қорға келіп түскен күннен бастап жеті күн ішінде Мемлекеттік корпорацияның банктік шотына аударылуға жатады.";

8) 19-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Әлеуметтік төлемдерді тағайындауға өтініш жасау осы Заңның 12-бабының 1-тармағында көзделген тиісті мемлекеттік органдарға немесе ұйымдарға өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжатпен қоса орталық атқарушы орган белгілеген нысан бойынша өтініш беру жолымен жүзеге асырылады. Өтінішке тізбесін орталық атқарушы орган айқындайтын құжаттар қоса беріледі.";

7-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Асыраушысынан айырылу жағдайына әлеуметтік төлемді тағайындауға өтініш жасау мерзімі, он сегіз жасқа толғанға дейін мүгедектігі бар адамдар болып қалған адамдарды қоспағанда, қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған балалардың, оның ішінде асырап алынған балалардың, аға-інілердің, апа-сіңлілердің (қарындастардың) және немерелердің әлеуметтік төлем тағайындауға өтініш жасаған күнгі жиырма үш жасқа толу мерзімінен аспауға тиіс.";

8-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер осы баптың 5-тармағында өзгеше көзделмесе, әлеуметтік төлемдерді тағайындау мерзімі өтініш барлық қажетті құжаттарымен мемлекеттік корпорацияда тіркелген күннен бастап немесе "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес проактивті қызмет арқылы әлеуметтік төлемдерді тағайындауға келісім алған күннен бастап сегіз жұмыс күнінен аспайды.";

9) 20-баптың 2 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Адамды куәландыру мен жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу "Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес МӘС бөлімдерінің медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуі жолымен жүзеге асырылады.";

"4. Еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда төленетін ай сайынғы әлеуметтік төлемнің мөлшері әлеуметтік төлемге құқық туындаған күнге республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жалақының ең төменгі мөлшерінің 55 пайызын шегере отырып, әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген кірістің орташа айлық мөлшерін табысты ауыстырудың, еңбек ету қабілетінен айрылудың және қатысу өтілінің тиісті коэффициенттеріне көбейту жолымен айқындалады.

Әлеуметтік аударымдар есептелетін объект ретінде есепке алынған кірістің орташа айлық мөлшері, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен салықтар мен әлеуметтік төлемдер мөлшерлемелеріне, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналарына, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына, әлеуметтік аударымдарға "0" түзету коэффициенті белгіленген қызмет түрлерінің тізбелеріне қатысты еңбек қызметі кезеңінде алынған кірісті қоспағанда, әлеуметтік төлемге құқық басталған айдың алдындағы соңғы күнтізбелік жиырма төрт ай ішінде (осы кезеңде әлеуметтік аударымдарда үзілістердің болу-болмауына қарамастан) әлеуметтік аударымдар жүргізілген кірістер сомасын жиырма төртке бөлу жолымен айқындалады.

Бұл ретте өтініш берушінің қалауы бойынша Қазақстан Республикасында төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары қолданылған айлар табыстың орташа айлық мөлшерін айқындау кезінде алып тасталады және тікелей олардың алдындағы немесе олардан кейінгі басқа айлармен ауыстырылады.

Осы тармақтың төртінші бөлігінде көзделген жағдайды қоспағанда, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалар үшін өзінен әлеуметтік аударымдар жүргізілген әрбір айдағы кіріс тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген бір ең төмен жалақы мөлшерінің деңгейінде қабылданады.

Сол бір кезең үшін жұмыс берушіден және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеуші болып табылатын жеке тұлғадан әлеуметтік аударымдар келіп түскен жағдайда, асыраушысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемді есептеу кезінде "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеуші болып табылатын жеке тұлғаның кірісі қорға әлеуметтік аударымдар жүргізілген кіріс деңгейінде қабылданады.

Бұл ретте кірісті ауыстыру коэффициенті 0,6 болады.

Еңбекке қабілеттіліктен айырылу коэффициенті 30 пайыздан 100 пайызға дейін белгіленген жалпы еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесіне сәйкес келеді.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы үшін қатысу өтілінің коэффициенті:

алты айдан кем болғанда – 0,1;

алты айдан он екі айға дейін – 0,7;

он екі айдан жиырма төрт айға дейін – 0,75;

жиырма төрт айдан отыз алты айға дейін – 0,85;

отыз алты айдан қырық сегіз айға дейін – 0,9;



қырық сегіз айдан алпыс айға дейін – 0,95;

алпыс айдан жетпіс екі айға дейін – 1,0 болады;

алпыс және одан да көп айға – міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтілінің әрбір он екі айы үшін 1,0-ге 0,02 қосылып отырады.

Бұл ретте өтіл коэффициентін айқындаған кезде төтенше жағдайдың, шектеу іс-шараларының қолданысы кезеңінде қызметтің шектелуіне байланысты кірістен айырылу жағдайына әлеуметтік төлем алу кезеңдері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен салықтар мен әлеуметтік төлемдер мөлшерлемелеріне, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналарына, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына, әлеуметтік аударымдарға "0" түзету коэффициенті белгіленген қызмет түрлерінің тізбелеріне қатысты еңбек қызметінің кезеңдері есепке жазылады.";

10) 21-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) он сегіз жасқа толмаған және егер он сегіз жасқа толғанға дейін мүгедектігі бар адам болып қалса, осы жастан асқан балаларының, оның ішінде асырап алған балаларының, аға-інілерінің, апа-сіңлілерінің (қарындастарының) және немерелерінің асыраушысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемдерді тағайындатуға және алуға құқығы бар.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бала кезінен бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік төлемдер мүгедектік белгіленген мерзімге тағайындалады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын

"7. Асыраушысынан айырылу жағдайына арналған ай сайынғы әлеуметтік төлемнің мөлшері әлеуметтік төлемге құқық туындаған күнге республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен жалақы мөлшерінің 55 пайызы шегерілген, әлеуметтік аударымдар есептелетін объект ретінде есепке алынған кірістің орташа айлық мөлшерін кірісті ауыстырудың, асырауындағылар санының және қатысу өтілінің тиісті коэффициенттеріне көбейту жолымен айқындалады.

Әлеуметтік аударымдар есептелетін объект ретінде есепке алынған кірістің орташа айлық мөлшері, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен салықтар мен әлеуметтік төлемдер мөлшерлемелеріне, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналарына, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына, әлеуметтік аударымдарға "0" түзету коэффициенті белгіленген қызмет түрлерінің тізбелеріне қатысты еңбек қызметі кезеңінде алынған кірісті қоспағанда, әлеуметтік төлемге құқық басталған айдың алдындағы соңғы күнтізбелік жиырма төрт ай ішінде (осы кезеңде әлеуметтік аударымдарда үзілістердің болу-болмауына қарамастан) әлеуметтік аударымдар жүргізілген кірістер сомасын жиырма төртке бөлу жолымен айқындалады.

Бұл ретте өтініш берушінің қалауы бойынша Қазақстан Республикасында төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары қолданылған айлар табыстың орташа айлық мөлшерін айқындау кезінде алып тасталады және тікелей олардың алдындағы немесе олардан кейінгі басқа айлармен ауыстырылады.

Осы тармақтың төртінші бөлігінде көзделген жағдайды қоспағанда, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалар үшін өзінен әлеуметтік аударымдар жүргізілген әрбір айдағы кіріс тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген бір ең төмен жалақы мөлшерінің деңгейінде қабылданады.

Сол бір кезең үшін жұмыс берушіден және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеуші болып табылатын жеке тұлғадан әлеуметтік аударымдар келіп түскен жағдайда, асыраушысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемді есептеу кезінде "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеуші болып табылатын жеке тұлғаның кірісі қорға әлеуметтік аударымдар жүргізілген кіріс деңгейінде қабылданады.

Асыраушысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемдер қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған отбасы мүшелеріне қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының отбасы мүшесінің (мүшелерінің) әлеуметтік төлемдерді алу құқығы сақталатын уақыт кезеңі бойына ай сайын төленіп тұрады.";

11) 22-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жұмысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемнің мөлшері әлеуметтік аударымдар есептелетін объект ретінде есепке алынған кірістің орташа айлық мөлшерін кірісті ауыстырудың және қатысу өтілінің тиісті коэффициенттеріне көбейту жолымен айқындалады.

Әлеуметтік аударымдар есептелетін объект ретінде есепке алынған кірістің орташа айлық мөлшері, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен салықтар мен әлеуметтік төлемдер мөлшерлемелеріне, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналарына, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына, әлеуметтік аударымдарға "0" түзету коэффициенті белгіленген қызмет түрлерінің тізбелеріне қатысты еңбек қызметі кезеңінде алынған кірісті қоспағанда, әлеуметтік төлемге құқық басталған айдың алдындағы соңғы күнтізбелік жиырма төрт ай ішінде (осы кезеңде әлеуметтік аударымдарда үзілістердің болу-болмауына қарамастан) әлеуметтік аударымдар жүргізілген кірістер сомасын жиырма төртке бөлу жолымен айқындалады.

Бұл ретте өтініш берушінің қалауы бойынша Қазақстан Республикасында төтенше жағдайдың, шектеу іс-шараларының қолданылу айлары табыстың орташа айлық мөлшерін айқындау кезінде алып тасталады және тікелей оның алдындағы немесе одан кейінгі басқа кезеңмен ауыстырылады.

Кірісті ауыстыру коэффициенті 0,4 құрайды, ал қатысу өтілінің коэффициенті осы Заңның 20-бабының 4-тармағына сәйкес айқындалады.";

12) 23-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайларына әлеуметтік төлемнің мөлшері әлеуметтік аударымдар есептелетін объект ретінде есепке алынған кірістің орташа айлық мөлшерін еңбекке қабілетсіздік күндері санының тиісті коэффициентіне көбейту жолымен айқындалады.

Әлеуметтік аударымдар есептелетін объект ретінде есепке алынған кірістің орташа айлық мөлшері, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен салықтар мен әлеуметтік төлемдер мөлшерлемелеріне, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналарына, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына, әлеуметтік аударымдарға "0" түзету коэффициенті белгіленген қызмет түрлерінің тізбелеріне қатысты еңбек қызметі кезеңінде алынған кірісті қоспағанда, әлеуметтік төлемге құқық басталған айдың алдындағы соңғы күнтізбелік жиырма төрт ай ішінде (осы кезеңде әлеуметтік аударымдарда үзілістердің болу-болмауына қарамастан) әлеуметтік аударымдар жүргізілген кірістер сомасын жиырма төртке бөлу жолымен айқындалады.

Бұл ретте өтініш берушінің қалауы бойынша Қазақстан Республикасында төтенше жағдайдың, шектеу іс-шараларының қолданылу айлары табыстың орташа айлық мөлшерін айқындау кезінде алып тасталады және тікелей оның алдындағы немесе одан кейінгі басқа кезеңмен ауыстырылады.

Осы тармақтың төртінші бөлігінде көзделген жағдайды қоспағанда, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалар үшін өзінен әлеуметтік аударымдар жүргізілген әрбір айдағы кіріс тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген бір ең төмен жалақы мөлшерінің деңгейінде қабылданады.

Сол бір кезең үшін жұмыс берушіден және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеуші болып табылатын жеке тұлғадан әлеуметтік аударымдар келіп түскен жағдайда, жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды)

асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайларына арналған әлеуметтік төлемді есептеу кезінде "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес

бірыңғай жиынтық төлемді төлеуші болып табылатын жеке тұлғаның кірісі қорға әлеуметтік аударымдар жүргізілген кіріс деңгейінде қабылданады.

Еңбекке қабілетсіздік күндері санының коэффициенті жүктілікке және босануға, сондай-ақ жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты еңбекке уақытша қабілетсіздік туралы парақ берілген күндер санын күнтізбелік отыз күнге бөлу жолымен айқындалады.";

13) 24-бапта:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайына арналған ай сайынғы әлеуметтік төлемдер әлеуметтік аударымдар есептелетін объект ретінде есепке алынған кірістің орташа айлық мөлшерін кірісті ауыстыру коэффициентіне көбейту жолымен айқындалады.

Әлеуметтік аударымдар есептелетін объект ретінде есепке алынған кірістің орташа айлық мөлшері, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен салықтар мен әлеуметтік төлемдер мөлшерлемелеріне, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналарына, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына, әлеуметтік аударымдарға "0" түзету коэффициенті белгіленген қызмет түрлерінің тізбелеріне қатысты еңбек қызметі кезеңінде алынған кірісті қоспағанда, әлеуметтік төлемге құқық басталған айдың алдындағы соңғы күнтізбелік жиырма төрт ай ішінде (осы кезеңде әлеуметтік аударымдарда үзілістердің болу-болмауына қарамастан) әлеуметтік аударымдар жүргізілген кірістер сомасын жиырма төртке бөлу жолымен айқындалады.

Бұл ретте өтініш берушінің қалауы бойынша Қазақстан Республикасында төтенше жағдайдың, шектеу іс-шараларының қолданылу айлары табыстың орташа айлық мөлшерін айқындау кезінде алып тасталады және тікелей оның алдындағы немесе одан кейінгі басқа кезеңмен ауыстырылады.

Осы тармақтың төртінші бөлігінде көзделген жағдайды қоспағанда, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалар үшін өзінен әлеуметтік аударымдар жүргізілген әрбір айдағы кіріс тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген бір ең төмен жалақы мөлшерінің деңгейінде қабылданады.

Сол бір кезең үшін жұмыс берушіден және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеуші болып табылатын жеке тұлғадан әлеуметтік аударымдар келіп түскен жағдайда, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемді есептеу кезінде "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"

Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеуші болып табылатын жеке тұлғаның кірісі қорға әлеуметтік аударымдар жүргізілген кіріс деңгейінде қабылданады.

Кірісті ауыстыру коэффициенті 0,4 болады.

Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемнің мөлшері осы Заңның 26-бабына сәйкес ұстап қалуға жататын міндетті зейнетақы жарналары қосымша есептеле отырып, "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес баланың туу кезектілігіне қарай белгіленген, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы мөлшерінен кем болмайды.

Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірістен айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемнің ең жоғары мөлшері әлеуметтік төлемге құқық туындаған күнге республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен жалақының 7 еселенген мөлшерінің 40 пайызынан аспауға тиіс.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайына әлеуметтік төлемге "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бала туудың кезектілігіне қарай белгіленген, осы Заңның 26-бабының 1-тармағына сәйкес ұстап қалуға жататын міндетті зейнетақы жарналарын қосымша есептей отырып, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы мөлшерінде кепілдік беріледі.";

14) 27-бапта:

1-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұруға рұқсат алғанға дейін алушының "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату фактілерінің анықталуы туралы, оның ішінде ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады.";

3-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған, бала кезінен бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар деп танылған адамдарға мүгедектік белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап қайта куәландырылғанға дейін;

15) 28-баптың 3-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған адам (он сегіз жасқа толғанға дейін

мүгедек болған адамдарды қоспағанда) – он сегіз жасқа, ал көрсетілген адам жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша оқып жатқан жағдайда жиырма үш жасқа толған күннен бастап;"

16) 33-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тізбесі мен лимиттерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын қаржы құралдарына орналастыру;"

17) 34-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған қаржы құралдарының тізбесіне және лимиттеріне сәйкес қордың активтерін орналастыруды жүзеге асырады.";

18) 39-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Осы Заңның 15-бабының 6-тармағы 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"6. Қорға әлеуметтік аударымдар:

1) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 319-бабы 2-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген кірістерді қоспағанда, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 319-бабының 2-тармағында белгіленген;

2) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 341-бабының 1-тармағының 9), 10), 12), 14) тармақшаларында, 22) тармақшасының алтыншы абзацында, 32) және 53) тармақшаларында көрсетілген кірістерді қоспағанда, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 341-бабының 1-тармағында белгіленген кірістерден төленбейді.

3) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 484-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында белгіленген кірістерден төленбейді."

74. "2020 – 2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" 2019 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2019 ж., № 23, 95-құжат, 2019 жылғы 5 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған):

11-баптың 12) және 14) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"12) Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға;"

"14) жұмыс берушінің мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға арналған шығындарын субсидиялауға;"

75. "Ардагерлер туралы" 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2020 ж., № 9, 30-құжат, 2020 жылғы 7 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған)

1) 4-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Ұлы Отан соғысының салдарынан мүгедектігі бар адамдар, атап айтқанда Ұлы Отан соғысы кезеңінде майданда, ұрыс қимылдары аудандарында, майдан маңындағы теміржол учаскелерінде, қорғаныс шептерінің, әскери-теңіз базалары мен әуеайлақтардың құрылысжайларында жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген майдандағы армия мен флоттың әскери қызметшілері, Ұлы Отан соғысының партизандары мен астыртын әрекет етушілері, сондай-ақ жұмысшылар мен қызметшілер.";

2) 6-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының салдарынан мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген адамдар, атап айтқанда:

бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа кезеңдерде атқару кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметін өткеру кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілер;

қызметтік міндеттерін атқару кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан не майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде қызметтік міндеттерін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары;

басқа елдердегі майдандағы әскери контингенттерге қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі не ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген тиісті санаттардағы жұмысшылар мен қызметшілер;

1944 жылғы 1 қаңтар мен 1951 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде Украина КСР, Беларусь КСР, Литва КСР, Латвия КСР, Эстония КСР аумағында болған халықты қорғаушы жойғыш батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарындағы, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызметтік міндеттерін атқару кезінде жаралануы, контузия алуы немесе мертігуі салдарынан мүгедектік белгіленген адамдар;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық

сынақтардың салдарынан мүгедектік белгіленген адамдар және мүгедектігі ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуымен генетикалық байланысты олардың балалары.";

3) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Еңбек ардагерлері

Еңбек ардагерлеріне мыналар:

1) Социалистік Еңбек Ерлері, үш дәрежелі Еңбек Даңқы ордендерінің иегерлері;

2) "Қазақстанның Еңбек Ері", "Халық қаһарманы" атағына ие болған адамдар;

3) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар;

4) 1941 жылғы 22 маусым мен 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар;

5) жасына байланысты немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушы болып табылатын және КСРО-ның немесе Қазақстан Республикасының ордендерімен немесе медальдарымен наградталған, не КСРО-ның немесе Қазақстан Республикасының құрметті атақтарына ие болған, не Қазақстан Республикасының құрмет грамотасымен наградталған, не Қазақстан Республикасының ведомстволық наградаларымен наградталған адамдар жатады.

Осы баптың 5) тармақшасында көрсетілген адамдарға осы Заңның 12-бабында көзделген әлеуметтік қолдау шаралары қолданылмайды.";

4) 8-бапта:

1) тармақшаның сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың салдарынан сәуле ауруына шалдығып қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектігі бар адамдардың, сондай-ақ қайтыс болуы белгіленген тәртіппен солардың әсеріне байланысты болған азаматтардың отбасылары;"

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Ұлы Отан соғысы салдарынан мүгедектігі бар, қайтыс болған адамның немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы салдарынан мүгедектігі бар адамға теңестірілген адамның екінші рет некеге тұрмаған зайыбы (жұбайы), сондай-ақ Ұлы Отан соғысының қайтыс болған қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград



тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығу, жұмыста мертігу және басқа да себептер (құқыққа қайшы келетіндерді қоспағанда) салдарынан мүгедектігі бар адамдар деп танылған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған зайыбы (жұбайы);";

5) 10-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ұлы Отан соғысы салдарынан мүгедектігі бар адамдарға мүгедектігі бар адамдарды оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қосымша әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылады.";

6) 11-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы Заңның 6-бабының 2) тармақшасында көрсетілген ардагерлерге мүгедектігі бар адамдарды оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қосымша әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылады.".

2-бап.

1. Осы Заңның 1-бабының 40-тармағы 37) тармақшасының екінші, үшінші және төртінші абзацтары, 71-тармағы 1) тармақшасының бірінші абзацы, 78-тармағы 16) тармақшасының үшінші абзацы 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы абзацтар мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"32-1-бап. Құнын өтеу

1. Оңалту мен абилитациялаудың жеке бағдарламаларына сәйкес әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы санаторийлік-курорттық емдеуді, протездік-ортопедиялық көмекті, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдарды, арнаулы жүріп-тұру құралдарын, жеке көмекшінің және ымдау тілі маманының әлеуметтік көрсетілетін қызметтерін сатып алу кезінде мүгедектігі бар адамның олардың құнын осы баптың 2-тармағында көзделген кепілдік берілген сома мөлшерінен асырмай жергілікті атқарушы органдарға өтетуге құқығы бар.

Мүгедектігі бар адамдар оңалту мен абилитациялаудың жеке бағдарламаларына сәйкес әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы санаторийлік-курорттық емдеуді, протездік-ортопедиялық көмекті, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдарды, арнаулы жүріп-тұру құралдарын кепілдік берілген сомадан асатын бағамен сатып алған кезде кепілдік берілген сома мен сатып алынған тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің іс жүзіндегі құны арасындағы айырманы мүгедектігі бар адам меншікті қаражаты есебінен дербес өздері төлейді.";

"54) Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдарының қоғамдық бірлестіктерінен және (немесе) Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдарының қоғамдық бірлестіктері құратын ұйымдардан инватакси қызметтерін сатып алу.";

2. Осы Заңның 1-бабының 27-тармағы 4) тармақшасының жиырма алтыншы абзацы , 40-тармағының 38) тармақшасының қырық төртінші абзацы 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады деп белгіленсін.

3. Жергілікті атқарушы органдарда Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін өздері сатып алған өткізілмеген протездік-ортопедиялық, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар , арнаулы жүріп-тұру құралдары болған жағдайда, мүгедектігі бар адамдардың халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейтін тәртіпке сәйкес тиісті жергілікті атқарушы органда қолда бар құралдар қатарынан протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етілуге құқығы бар."

3-бап.

Осы Заң 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 1-бабының 38-тармағы 3) тармақшасының он сегізінші абзацын, 10) тармақшасының он сегізінші және он тоғызыншы абзацтарын, 29) тармақшасының бірінші, екінші, үшінші және төртінші абзацтарын, 41) тармақшасының бесінші абзацын, 43) тармақшасының бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы абзацтарын, 68-тармағы 13) тармақшасының бесінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК